

«Астана медицина университеті» КеАҚ

ӘОЖ 614.876:616-006 (=1.574)

Қолжазба құқығында

**ІЛБЕКОВА ҚҰРАЛАЙ БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ**

**Радиоактивті қалдық қоймалары жақын орналасқан елді мекендердегі  
халықтың қатерлі ісік аурушандық қаупін бағалау және оны төмендетудің  
тиімді әдістерін жетілдіру**

8D10102 -Медицина

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:  
медицина ғылымдарының докторы,  
профессор  
Казымбет П.К.

медицина ғылымдарының докторы,  
профессор  
Бекенова Ф.К.

Шет елдік ғылыми кеңесші:  
медицина ғылымдарының докторы,  
профессор  
Тахауов Р.М.

Қазақстан Республикасы  
Астана 2026

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>4</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР .....</b>	<b>6</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>8</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>10</b>
<b>1 РАДИАЦИЯЛЫҚ КАНЦЕРОГЕНЕЗДІҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ (ӘДЕБИ ШОЛУ) .....</b>	<b>18</b>
1.1 Қоршаған ортаның канцерогендік факторлары және иондаушы радиацияның орны .....	18
1.2 Қатерлі ісікке әкелетін қауіп факторлары .....	21
1.2.1 Денсаулықты қалыптастырудағы радиациялық фактордың рөлі .....	25
1.3 Иондаушы сәулеленудің әсерінен туындайтын канцерогендік әсерлер..	29
1.3.1 Иондаушы радиацияның онкогендік қаупінің эксперименттік дәлелдері .....	30
1.3.2 Иондаушы сәулелену арқылы қатерлі ісік тудыратын негізгі механизмдер .....	34
1.4 Сәулеленудің төмен деңгейінде табиғи радиациялық фонның канцерогендік әсері .....	35
1.4.1 Кәсіби иондаушы сәулелену.....	38
1.5 Қатерлі ісіктердің жеке локализациясының эпидемиологиялық сипаттамасы.....	39
1.6 Қазақстандағы және әлемдегі қатерлі ісік аурушаңдығының жағдайы...	44
1.7 Қазақстанның солтүстік аймақтарының радиоэкологиялық жағдайы және халықтың денсаулығына әсерін зерттеу мәселелері .....	46
<b>2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>53</b>
2.1 Зерттеудің жоспары.....	53
2.2 Зерттеудің дизайны.....	54
2.3 Зерттеудің объектісі. Зерттелетін популяция.....	55
2.4 Қоршаған ортаны радиациялық бақылау әдістері.....	56
2.4.1 Елді мекендер аумақтарының радиациялық жағдайын кешенді бағалау .....	56
2.4.2 Радиациялық ластанған аумақтарда тұратын тұрғындардың сәулелену дозаларын бағалау.....	58
2.5 Зерттеудің эпидемиологиялық және статистикалық әдістері.....	61
2.6 Зәрдегі уран мен креатинин құрамын анықтау.....	69
2.6.1 Зәр сынамаларын іріктеу және дайындау.....	72
2.6.2 Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрде өлшеу.....	75
2.7 Зәрдегі креатинин концентрациясын анықтау.....	77
<b>3 СТКХ ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫ МЕН ОҒАН ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА КЕШЕНДІ БАҒА БЕРУ.....</b>	<b>80</b>
3.1 Уран өнеркәсібі кәсіпорындарының санитариялық - қорғаныш аймағынан тыс аумақтар мен іргелес елді мекендердегі радиациялық жағдайды бағалау.....	80

3.1.1	СТКХ қалдық қоймасының экологиялық мониторингі бойынша деректерін талдау.....	80
3.2	Радиоактивті қалдықтарды қоймасына жақын орналасқан елді мекендер аумақтарының радиациялық жағдайын бағалау.....	82
3.3	СТХК қалдық сақтау қоймасы маңында тұратын тұрғындардың әртүрлі жас топтары үшін ішкі сәулеленудің тиімді дозасын есептеу.....	87
<b>4</b>	<b>РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫ МАҢЫНДА ТҰРАТЫН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАТЕРЛІ ІСІК АУРУШАҢДЫҒЫНА ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>	<b>91</b>
4.1	Зерттелетін топтардың жалпы сипаттамасы.....	91
4.2	Зерттелген топтардағы қатерлі ісіктердің аурушаңдығы.....	92
4.2.1	Жас және жыныс бойынша аурушаңдық.....	97
4.3	Қатерлі ісік ауруларының локализациясы бойынша таралуы.....	102
4.4	Аурушаңдықтың стандартталған көрсеткіштері (SIR).....	111
4.5	Өміршеңдік деңгейінің талдауы.....	115
4.6	Онкологиялық аурушаңдықты болжау.....	121
4.7	Өмір бойғы қауіп (Lifetime Risk).....	128
<b>5</b>	<b>РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАР ҚОЙМАСЫ МАҢЫНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЗӘРІНДЕГІ УРАН МЕН КРЕАТИНИН ҚҰРАМЫН КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....</b>	<b>134</b>
5.1	Зерттелген топтар тұрғындарының зәріндегі креатинин концентрациясын өлшеу нәтижелері.....	134
5.2	Зерттелген топтар тұрғындарының зәріндегі уран концентрациясын өлшеу нәтижелері.....	135
5.3	Онкологиялық науқастар мен сау адамдардың зәріндегі уран концентрациясының креатининге нормализацияланған көрсеткіштері.....	138
5.4	Уранның нормаланған концентрацияларының корреляциялық талдауы.....	140
<b>6</b>	<b>РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУШАҢДЫҚТЫ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ.....</b>	<b>143</b>
6.1	Радиациялық қауіп-қатерлерді азайтуға арналған қолданыстағы әдістерді талдау және жаңа тәсілдерді әзірлеу.....	143
6.2	Онкологиялық ауруларды ерте анықтау және урандық жүктемені мониторингтеу алгоритмдері .....	146
6.3	Радиациялық қауіптер туралы тұрғындарды ақпараттандыруға бағытталған кешенді санитарлық-ағарту жұмыстарын әзірлеу және енгізу.	150
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>154</b>
	<b>ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫМДАР .....</b>	<b>156</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>158</b>
	<b>ҚОСЫМШАЛАР (А, Б, В) .....</b>	<b>172</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі.

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.

Программа развития онкологической помощи в Республике Казахстан на 2012-2016 годы Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 марта 2012 года, №366.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.

«Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №260 бұйрығы.

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы №261 бұйрығы.

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы.

Еуразия экономикалық одағына мүше елдердің Уран өндірісі кәсіпорындарының әсеріне ұшыраған территорияларды рекультивациялау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 маусымындағы №465 қаулысы.

Қазақстан Республикасындағы иондаушы сәулелер мен ядролық материалдарды бақылау және есепке алудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қаңтарындағы №1520 қаулысы.

МЕСТ 7.32-2001. Мемлекетаралық стандарт. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және ресімдеу ережелері. (№367-ст Мемстандарт қаулысымен 04.09.2001 ж. енгізілген №1 өзгеріс) (07.09.2005 ж. редакциясы).

МЕСТ 15.101-98. Мемлекетаралық стандарт. Өнімді әзірлеу және өндіріске енгізу жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау тәртібі.

МЕСТ 7.1-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері.

МЕСТ 7.9-95 (ИСО 214-76). Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Реферат және аннотация. Жалпы талаптар.

МЕСТ 7.12-93. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі сөздердің қысқартылуы. Жалпы талаптар мен ережелер.

МЕСТ 7.54-88. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Заттар мен материалдардың қасиеттері туралы сандық деректерді ғылыми-техникалық құжаттарда ұсыну. Жалпы талаптар.

МЕСТ 7.32-2017. Мемлекетаралық стандарт. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және ресімдеу ережелері.

МЕСТ 2.601-2013. ҚР құжаттамасының бірыңғай жүйесі -конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі.

МЕСТ 7.32-2001. Мемлекетаралық стандарт. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және ресімдеу ережелері.

МЕСТ 7.9-95 (ИСО 214-76). Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттары жүйесі. Реферат және аннотация. Жалпы талаптар.

УС-АМУ-04. Университет стандарты. Терминдер мен анықтамалар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы: 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрық (өзгерістер мен толықтырулармен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 шілдедегі №352 бұйрығының редакциясында).

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Аурушандық** - физиологиялық және психологиялық денсаулық жағдайынан кез келген субъективті немесе объективті ауытқу; осы тұрғыда ауру мен әлсіздік аурушандықтың синонимі ретінде қарастырылады.

**Атрибутивтік қауіп** - белгілі бір қауіп факторының (мысалы, радиациялық әсердің) аурудың дамуына қосқан үлесін сипаттайтын эпидемиологиялық көрсеткіш.

**Ерте диагностикалау алгоритмі** - қатерлі ісіктерді бастапқы кезеңдерінде анықтауға бағытталған диагностикалық іс-шаралардың кезең-кезеңімен орындалу жүйесі.

**Зәрдегі уран мөлшері** - ағзаның ішкі сәулеленуін сипаттайтын биомониторингтік көрсеткіш, зәр үлгісінде анықталатын уран мөлшері арқылы бағаланады.

**Иондаушы сәуле** - заттармен әрекеттесу кезінде иондар түзуге қабілетті сәулелену түрі, ол биологиялық тіндерге зақымдаушы әсер етеді.

**Канцероген (канцерогенді фактор)** - әсері адам және/немесе жануарлар популяцияларында ісіктердің (қатерлі және/немесе қатерлі емес) пайда болу жиілігін сенімді арттыратын фактор.

**Канцерогенез** - канцерогенді факторлардың әсері нәтижесінде адам және/немесе жануарлар популяцияларында ісіктердің пайда болу үдерісі.

**Канцерогенді қауіп** - белгілі бір канцерогенді факторлардың өндірістік немесе тұрмыстық әсеріне ұшыраған адамдарда ісіктердің пайда болу ықтималдығының елеулі артуы, ол өмір сүру ерекшеліктерімен, эндогенді факторлармен және қоршаған ортаның ластануымен байланысты түзетілуі мүмкін.

**Креатинин** - бұлшықет метаболизмінің соңғы өнімі, зәрдегі уран концентрациясын түзету (нормализациялау) үшін қолданылатын биохимиялық көрсеткіш.

**Критикалық топ** - белгілі бір радиациялық әсер ету жағдайында барынша жоғары сәуле дозасын алатын, бір немесе бірнеше ортақ белгілері (жынысы, жасы, өмір салты, кәсібі, тұратын жері, тағам үлесі) бойынша біртекті халық тобы (әдетте кемінде 10 адам).

**Математикалық модельдеу** - онкологиялық аурушандықтың, радиациялық әсердің және қауіптің сандық заңдылықтарын сипаттау және болжау үшін қолданылатын есептеу әдістері жиынтығы.

**Өмір бойғы қауіп (lifetime risk)** - адамның бүкіл өмірі барысында белгілі бір ауруға, соның ішінде қатерлі ісікке шалдығу ықтималдығы.

**Өміршеңдік деңгейі (survival)** - белгілі бір уақыт аралығында диагноз қойылған науқастардың тірі қалу үлесін сипаттайтын көрсеткіш.

**Радиоактивті қалдықтар қоймасы** - құрамында радионуклидтер бар қалдықтарды ұзақ мерзімге сақтау немесе оқшаулау үшін арналған нысан.

**Ретроспективті зерттеу** - өткен кезеңдердегі деректерді пайдалана отырып, этиологиялық гипотезаларды тексеруге бағытталған зерттеу түрі.

**Сенімгерлік межелемесі** - айнымалының (мысалы, орташа мәннің немесе үлестің) шынайы мәні белгілі бір ықтималдықпен (мысалы, 95%) орналасатын интервал.

**Стандартталған көрсеткіш** - жас, жыныс немесе басқа құрылымдық айырмашылықтарды ескере отырып есептелетін салыстырмалы эпидемиологиялық көрсеткіш.

**Уран** - табиғи радионуклид, ядролық отын ретінде қолданылатын және ішкі сәулелену көзі болып табылатын химиялық элемент.

**Уақыт қатары** - көрсеткіштердің уақыттың әртүрлі кезеңдерінде алынған мәндерінен тұратын деректер құрылымы, ол динамиканы және үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

**Қатерлі ісік** - бақылаусыз өсумен, инвазия және метастаз беру қабілетімен сипатталатын патологиялық ісік.

**Қоршаған орта** - адамды қоршайтын физикалық, биологиялық, әлеуметтік, мәдени және басқа да факторлардың жиынтығы, олардың барлығы халық денсаулығына әсер етеді.

**Эпидемиология** - белгілі бір популяцияларда аурулардың таралуын, олардың детерминанталарын зерттейтін және алынған нәтижелерді денсаулық сақтау саласында қолданатын ғылым.

**Эпидемиологиялық талдау** - адам популяцияларында патологиялық жағдайлардың пайда болуы мен таралу заңдылықтарын зерттеуге арналған әдістер жиынтығы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АС	-Абсолютті сан
ӨК	-Өрескел көрсеткіш
СМ	-Сенімді межелдемесі
АІЖ	-Асқазан ішек жолдары
ҚЖ	-Қатерлі жаңа түзілімдер
ЕС	-Еуропалық стандарт
ӘС	-Әлемдік стандарт
ҰС	-Ұлттық стандарт
АҚ	-Асқазан қатерлі ісігі
ӨҚ	-Өкпе қатерлі ісігі
СБҚ	-Сүт безінің қатерлі ісігі
ӨҚ	-Өңеш қатерлі ісігі
ТҚ	-Тік ішек қатерлі ісігі
Бк	-Беккерель, белсенділіктің өлшем бірлігі
Бк/кг	-Үлестік белсенділіктің өлшем бірлігі беккерельдің килограмға қатынасы
Гр	-Сіңірілген дозаның өлшем бірлігі
РБК	-Рұқсат етілген белсенділік көлемі
РАҚ	-Радиоактивті қалдықтар
ТРН	-Табиғи радионуклидтер
ЖРН	-Жасанды радионуклидтер
ИСК	-Иондаушы сәуле көздері
Ки	-Белсенділіктің жүйеден тыс өлшем бірлігі Кюри
Бк/м <sup>3</sup>	-Көлемдік белсенділіктің өлшем бірлігі
АЭХА	-Атом энергиясы бойынша халықаралық агенттік
РҚХК	-Радиациялық қауіпсіздік бойынша халықаралық комиссия
РҚҚ	-Радиациялық қалдық қоймалары
ЭДҚ	-Эквиваленттік доза қуаты
ПАК	-Полиароматты көмірсутектер
ҚЗХК	-Қатерлі ісіктерді зерттеу жөніндегі халықаралық комитет
СҚО	-Солтүстік Қазақстан облысы
Қө	-Өсу қарқындылығы
Қт	-Төмендеу қарқындылығы
СТХК	-Степногор тау химиялық комбинаты
ГМЗ	-Гидрометаллургиялық зауыт
БҰҰ	-Біріккен Ұлттар Ұйымы
АРӘҒК	-Атом радиациясы әсері бойынша ғылыми комитеті
ЭК	-Экстенсивті көрсеткіш
ҚК	-Қарқынды көрсеткіш
СҚ	-Стандартты қате
ССР	-Салыстырмалы стандартты қате
ТШ	-Төменгі шек
ЖШ	-Жоғарғы шек

СҚА	-Санитарлық қорғау аймағы
Зв	-Зиверт өлшем бірлігі
ЭЦ	-Экстракция цехы
АХАЖ	-Азаматтық хал актілерін жазу мекемесі
ҚІ	-Қатерлі ісік
ПҚ	-Потенциалды қауіп тобы
ЖПҚТ	-Жоғарғы потенциалды қауіп тобы
ЖБД	-Жекелей дозиметриялық бақылау
ҚСҚА	-қойманың санитарлық қорғау аймағы
ЖЖТД	-жылдық жиынтық тиімді доза
АСК	-аурушандықтың стандартталған көрсеткіштері (SIR)
ГС АДЭҚ	-гамма-сәулеленудің амбиенттік дозасының қуаты
ЭТКБ	радонның эквивалентті теңестірілген көлемдік белсенділігі
<i>D<sub>ГССД</sub></i>	-Гамма-сәулеленудің сіңірілген дозасының қуаты
РРҚИ	-Радиобиология және радиациялық қорғау институты

## КІРІСПЕ

### **Зерттеудің өзектілігі:**

Қазақстан Республикасы уран қоры мен өндіру көлемі бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі болып саналады [1]. Еліміздегі Шу-Сарысу, Сырдария және Солтүстік өңірлері уран өндіру бойынша ең ірі аймақтардың қатарына жатады. Бұл өңірлерде уран өндіру және өңдеу жұмыстары радиациялық ластанудың жаңа ошақтарын қалыптастыруы мүмкін, сондықтан тұрақты радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында бақылауды және тиімді басқаруды қажет етеді.

Уран өндіретін кәсіпорындар мен радиобелсенді қалдықтар сақталынатын қоймалар олардың маңында орналасқан елді мекендердегі тұрғындардың денсаулығына радиациялық факторлардың әсер ету ықтималдығын арттырады. Қазіргі уақытта қатерлі ісік ауруларының өсуіне байланысты уран өндіретін өңірлердегі тұрғындардың арасында радиациялық қауіпті зерттеуге үлкен мән берілуде [2, 3]. Сонымен қатар, уран өндірілетін аймақтардағы қоршаған орта нысандарының (су, топырақ, өсімдік) техногенді радионуклидтер және ауыр металдармен ластануы олардың жергілікті тұрғындар тұтынатын ауыл шаруашылық өнімдеріне миграциясының адам денсаулығына әсері мен дозалық жүктемесін бағалау бағытында жасалынатын ғылыми жұмыстардың өзектілігін айқындайды [4].

Уран өнімдерінің адам ағзасына ұзақ әсер ету салдары қатерлі ісік аурулары, генетикалық мутациялар және әртүрлі соматикалық патологиялар сияқты стохастикалық эффектердің пайда болуына әкеледі [5, 6]. Халықаралық Қатерлі ісіктерді зерттеу агенттігінің (IARC) деректеріне сүйенсек, онкологиялық аурулармен ауыру және өлім-жітім деңгейі иондаушы сәулеленудің әсерін бағалаудың маңызды және объективті көрсеткіші болып табылады [7].

Көптеген іргелі ғылыми зерттеулердің нәтижесінде қатерлі ісіктердің пайда болуының негізгі этиологиялық факторлары айқындалған, олардың қатарына-қоршаған ортаның антропогендік ластануы, иондаушы және ультракүлгін сәулелерінің және вирустардың әсері, сондай-ақ зиянды өмір сүру салтының ерекшеліктері - темекі шегу, дұрыс тамақтанбау, стресс және басқа да факторлар жатқызылады. Қатерлі ісік аурушандығының деңгейі -қоршаған орта факторларының тұрғындарға тигізетін канцерогендік әсерін сипаттайтын маңызды экологиялық индикаторы болып табылады [8, 9].

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі -балалардың, жасөспірімдердің және жастардың денсаулығын нығайту. Бұл профилактика, дер кезінде медициналық көмек көрсету және оналту арқылы, сондай-ақ үздік халықаралық тәжірибелерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаның мақсатты индикаторы -30-70 жас аралығындағы адамдар арасында жүрек-қан тамырлары, қатерлі ісік, респираторлық аурулар және диабеттен болатын мезгілсіз өлім қаупін төмендету. Денсаулық сақтау жүйесінің SWOT-талдауында ауа, топырақ және

судың ластануы қауіп ретінде атап өтілген. Ақмола облысында радиоактивті қалдықтар сақтау қоймасы маңында орналасқан елді мекен тұрғындарының арасында қатерлі ісік ауруларының дамуына әсер ететін радиациялық факторлардың әсерін зерттеу аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады [10].

Қазіргі уақытта әлемде уран өндіретін аймақтардың маңында орналасқан елді мекен тұрғындарының арасындағы қатерлі ісік аурушандығын зерттеу - күрделі, көпқырлы және пәнаралық мәселе. Мұндай зерттеулердің маңызды аспектілерінің бірі - радиациялық қауіп-қатерге ең көп ұшырайтын тұрғындардың топтарын анықтауға мүмкіндік беретін болжау. Бұл радиацияның әсерімен байланысты онкологиялық ауруларды дер кезінде анықтауға, олардың алдын алуға және емдеуге ықпал етеді. Сондай-ақ, бұл зерттеулер радиациялық факторлардың әсер ету аймақтарындағы тұрғындардың денсаулығын жүйелі түрде бақылау мен қадағалаудың негізін қалап, өмір сапасын жақсарту және өлім-жітім деңгейін төмендетуді қамтамасыз етеді [11, 12].

Осылайша, радиоактивті қалдықтар қоймасы маңында тұратын тұрғындардың арасында қатерлі ісік аурушандығын және оның таралуын зерттеу, оларды азайту әдістерін жетілдіру, сондай-ақ радиациялық қауіп факторларын анықтау өзекті мәселе.

**Жұмыстың мақсаты:** Радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасы техногендік факторларының әсеріне ұшыраған тұрғындар арасында онкологиялық аурулардың даму қаупін бағалау және оны төмендетуге бағытталған шаралардың тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну.

#### **Зерттеу міндеттері:**

1. Радиоактивті қалдықтар қоймасының әсер ету аймағында орналасқан аумақтардағы радиациялық жағдайға, оның ішінде сыртқы сәулелену деңгейіне және қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің мөлшеріне талдау жүргізу.

2. Радиоактивті қалдықтар қоймасының әсер ету аймағындағы Ақмола облысы елді мекендері тұрғындары арасында қатерлі ісіктермен аурушандық көрсеткіштерінің зерттелетін кезеңдегі динамикасын бағалау.

3. Анықталған эпидемиологиялық қауіп факторларын ескере отырып, уақыттық қатарларды талдау негізінде зерттелетін аумақтар тұрғындары арасында қатерлі ісіктердің таралуы бойынша болжамдық модель әзірлеу.

4. Радиоактивті қалдық қоймасы маңындағы елді мекендер тұрғындарының зәріндегі уран мен креатинин мөлшерін зерттеп, нәтижелерді радиациялық фонның жоғары әсеріне ұшырамайтын бақылау тобының көрсеткіштерімен салыстыру.

5. Радиоактивті қалдықтардың техногендік әсер ету аймағында тұратын тұрғындар арасында онкологиялық аурулар қаупін төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу және ғылыми негіздеу, оның ішінде мониторинг, профилактика және ерте анықтау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

### **Зерттеу объектісі:**

Негізгі топ - Ақмола облысының радиоактивті қалдық қоймасы маңында (бұдан әрі - РҚК) орналасқан және жоғары радиациялық фонның ықпалына ұшырайтын елді мекендер тұрғындары.

Бақылау тобын техногендік радиациялық әсер ету аймағынан алыс орналасқан Ақкөл қаласының тұрғындары құрады.

### **Зерттеу материалдары**

Ғылыми жұмыстың зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының онкологиялық науқастардың электрондық регистрі, тұрғындар саны мен әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары жөніндегі мәліметтер (Ұлттық статистика бюросы), радиациялық қауіпсіздік қызметінің ғылыми деректері, медициналық мекемелердің, мемлекеттік мұрағаттардың, Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің архивтік және өзіндік жеке зерттеу материалдары, сондай-ақ биоматериалдағы уранның мөлшерін анықтау бойынша қосымша клиникалық зерттеу нәтижелері пайдаланылды.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысы келесі әдістемелер бойынша жүргізілді:

*Зерттеу дизайны* - обсервациялық/ретроспективті/когорттық зерттеу.

**Қолданылған тәсілдер:** радиациялық-эпидемиологиялық талдау (радиация мен қатерлі ісікен ауршандық арасындағы байланысты бағалау, өмір бойғы (lifetime) және атрибутивті қауіпті есептеу, SIR); дозиметрия (иондаушы сәулеленуге ұшырау деңгейлерін бағалау); математикалық модельдеу (дозалық жүктемеге қарай онкологиялық аурулардың ықтималдылығын болжау); регрессиялық талдау (қауіп факторларының денсаулық пен өміршеңдікке/өмір сүру ұзақтығына әсерін бағалау); қатерлі ісікен ауршандықтың экстенсивті және интенсивті көрсеткіштерін талдау. Зерттеу биоматериалдағы уран мөлшерін клиникалық анықтауды қамтыды. Деректерді өңдеу және графикалық сызбаларды жасау үшін STATA 16.0 және IBM SPSS Statistics 22.0 ы, Microsoft Excel 2019 бағдарламалары пайдаланылды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

1. Алғаш рет радиациялық жағдайды, биомониторинг нәтижелерін және онкологиялық аурулардың көпжылдық динамикасын ескере отырып, РҚК әсер ету аймағында тұратын тұрғындар арасында ҚІ даму қаупіне кешенді бағалау жүргізілді.

2. Алғаш рет жас топтары бойынша ҚІ бойынша аурушандықтың стандартталған көрсеткіштері (SIR) есептеліп, күтілетін деңгейден жоғары онкологиялық аурушандық байқалатын халық санаттары айқындалды; сондай-ақ аумақтың радиациялық жағдайы мен әсер ету аймағында тұру ұзақтығы ескеріле отырып, онкологиялық аурушандық пен техногендік радиациялық әсер көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс бағаланды.

3. Алғаш рет математикалық модельдеу негізінде 2030 жылға дейін ҚІ таралу динамикасының болжамды моделі негізгі локализациялар (ас қорыту органдарының, тыныс алу жүйесінің, сүт безінің және ерлердің жыныс мүшелерінің ісіктері) бойынша бағалаумен әзірленді.

4. Алғаш рет негізгі және бақылау топтарындағы онкологиялық науқастар мен сау адамдардың зәріндегі уран мөлшері креатининмен нормализациялау арқылы зерттелді.

5. Алғаш рет РҚҚ маңында орналасқан елді мекендердің медициналық қызметі үшін ҚІ ерте анықтау алгоритмі мен жоғары онкологиялық қауіп топтарын қалыптастыру жүйесін қамтитын іс-шаралар кешені ұсынылып, ғылыми негізделді.

#### **Зерттеу жұмыстарының теориялық маңыздылығы.**

Зерттеудің теориялық маңыздылығы радиоактивті қалдықтарды сақтау орнының әсер ету аймағында тұратын тұрғындар арасында ҚІ аурушандықтарды бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеумен айқындалады. Алынған нәтижелер иондаушы сәулеленудің төмен дозалары әсері жағдайында ҚІ қаупінің қалыптасу механизмдері туралы түсініктерді кеңейтеді, әсер ету аймағында тұру ұзақтығы мен жас факторларының рөлін нақтылайды және радиациялық онкология және медицина, радиобиология салаларында одан әрі зерттеулер жүргізу үшін теориялық негіз қалыптастырады.

#### **Зерттеу жұмыстарының тәжірибелік маңыздылығы.**

• Әзірленген әдістемелік ұсынымдарды медициналық ұйымдардың практикалық қызметінде пайдалануға болады және ҚІ ерте анықтау мен мониторингтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді; оларды емханада қолдану енгізу актісімен расталды.

• Зерттеу нәтижелерін денсаулық сақтау органдары онкологиялық қауіпті төмендету шараларын жоспарлау, сондай-ақ жоғары қауіп топтарында ерте диагностика және скрининг жүргізу үшін пайдаланыла алады.

• Әзірленген ұсынымдарды өңірлік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бағдарламаларына енгізуге болады.

• Тұрғындардың биоматериалдарындағы уран концентрациясын анықтау мониторинг жүйесін жетілдіруге және жоғары қауіп топтарын айқындауға мүмкіндік береді.

• Болжамдық модельдер денсаулық сақтау жүйесіне түсетін болашақ жүктемені бағалауға және алдын алу шараларын түзетуге мүмкіндік береді.

• Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларында және өңірлік радиациялық қауіпсіздік стандарттарын әзірлеуде пайдалануға болады.

• Жұмыстың бір бөлігі 2018-2020 жж. «Астана медицина университеті» КЕАҚ Радиобиология және радиациялық қорғау институтында ҚР БҒМ №237 гранты аясында орындалды («Радиоактивті қалдықтар қоймаларының ықпал аймағында тұратын халықтың радиациялық қауіпін төмендету әдістерін зерттеу және әзірлеу»).

#### **Қорғауға шығарылған диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары:**

1. РҚҚ әсер ету аймағында орналасқан елді мекендердегі радиациялық жағдайды бағалау нәтижесінде сыртқы сәулелену деңгейі мен радон концентрациясы рұқсат етілген шектен асатын учаскелер анықталды: дозалық

куат 2,9 мкЗв/сағ-қа дейін, радон концентрациясы 840 Бк/м<sup>3</sup>-ке дейін жетті, ал жылдық тиімді дозалар 7-28 мЗв/жыл аралығында болып, республикалық орташа көрсеткіштерден айтарлықтай жоғарылады.

2. 2014-2023 жылдары РҚК маңында тұратын тұрғындар арасында қатерлі ісіктердің орташа жылдық аурушандық деңгейі 100 000 адамға шаққанда 309,4-ті құрап, бақылау тобының деңгейінен және өңірлік аурушандық көрсеткіштерден жоғары болды. 18-34, 35-50 және 51-70 жас топтарында стандартталған аурушандық көрсеткішінің (SIR) жоғарылауы анықталды; ең жоғары мәндер РҚК маңында 10 жылдан астам тұратын тұрғындар арасында байқалды. Бес жылдық өміршеңдік 43% құрады, ал өлім-жітімнің ең жоғары деңгейі диагноз қойылғаннан кейінгі алғашқы 2 - 3 жылда және 70 жастан асқан адамдарда байқалды (HR=1,38).

3. Математикалық модельдеу негізінде негізгі топта ҚІ таралуының тұрақты өсуін көрсететін болжамдық модель құрылды: 2030 жылға дейін шамамен 15-18% өсім күтіледі; ҚІ таралу құрылымы ас қорыту органдарының, тыныс алу жүйесінің, сүт безінің және ерлердің жыныс ағзалары ісіктерінің басым болуымен сипатталады.

4. Креатининмен нормализацияланған зәрдегі уран мөлшерінің клиникалық зерттеуі негізгі және бақылау топтары арасындағы статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтарды анықтады ( $p=0,005$ ), бұл техногендік радиациялық әсер ету аймағында тұрудың ішкі сәулелену деңгейіне ықпалын растайды.

5. Зерттеу нәтижелері негізінде РҚК жақын орналасқан елді мекендердің медициналық қызметкерлері (жалпы практика дәрігерлері, терапевтер, онкологтар, онкоурологтар) үшін ҚІ ерте диагностикалаудың клиникалық алгоритмі әзірленді. Аталған алгоритм жоғары қауіп топтарын қалыптастыруды, науқастарды маршрутизациялау жүйесін оңтайландыруды және динамикалық бақылау бойынша ұсынымдарды қамтиды әрі қатерлі ісіктерді ерте анықтаудың тиімділігін арттырады.

### **Қорытынды**

1. РҚК әсер ету аймағында орналасқан елді мекендерде сыртқы сәулелену деңгейі мен радон концентрациясы республикалық орташа мәндерден жоғары; жылдық тиімді доза 7-28 мЗв/жылға дейін жетеді, ал республикалық орташа көрсеткіш 1-4 мЗв/жыл деңгейінде.

2. РҚК маңында тұратын негізгі топта 2014-2023 жылдар аралығында ҚІ орташа жылдық аурушандық деңгейі 100 000 тұрғынға шаққанда 309,4-ті құрады, бұл бақылау тобындағы көрсеткіштен (100 000 тұрғынға шаққанда 292,8) 1,06 есе жоғары және Ақмола облысы бойынша орташа деңгейден 1,3 есе, ал Қазақстан Республикасы бойынша 1,6 есе артық. Стандартталған аурушандық көрсеткіші (SIR) бойынша күтілетін деңгейден жоғары мәндер 18-34 жас (SIR=1,34), 35-50 жас (SIR=2,51) және 51-70 жас (SIR=1,44) жас санаттарында анықталып, еңбекке қабілетті тұрғындардың қоршаған ортаның қолайсыз факторларына жоғары осалдығын көрсетеді.

Негізгі топтағы онкологиялық аурушандық құрылымында сандық жағынан асқазан обыры, өкпе обыры, сүт безі обыры және ерлердің жыныс ағзаларының

ісіктері басым болды. Үш локализация бойынша (асқазан, өкпе, сүт безі) негізгі және бақылау топтарындағы аурушандық көрсеткіштері өзара салыстырмалы болып ( $RR \approx 1,01$ ;  $p > 0,05$ ), статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтардың жоқтығын көрсетті. Қуық асты безі обыры бойынша аурушандықтың салыстырмалы қауіпінің жоғарылауы байқалды ( $RR \approx 1,9$ ), алайда бақылау тобындағы жағдайлар санының аз болуына байланысты бұл көрсеткіштің интерпретациясы шектеулі.

3. Математикалық модельдеу негізінде әзірленген болжамдық модель қазіргі техногендік - радиациялық ахуал сақталған жағдайда 2030 жылға қарай РҚҚ маңында тұратын тұрғындар арасында ҚІ таралуы 15 - 18%-ға дейін артуы мүмкін екенін көрсетті. Бұл ретте болжамдалған аурушандық құрылымында ас қорыту ағзаларының, тыныс алу жүйесінің, сүт безінің және ерлердің жыныс ағзаларының ісіктері басымдық танытады.

4. Зәрдегі уран мөлшерін креатининге нормализацияланған түрде талдау РҚҚ маңында тұратын тұрғындарда бақылау тобымен салыстырғанда уран мөлшерінің статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары екенін көрсетті: онкологиялық науқастарда - 0,18 мкг/л (бақылау тобында - 0,03 мкг/л), сау адамдарда - 0,05 мкг/л (бақылау тобында - 0,04 мкг/л). Креатининге нормализациялау бұл айырмашылықтың сақталатынын растады ( $p = 0,005$ ). Анықталған айырмашылықтар зәрдегі уран мөлшерінің жоғары болуы мен РҚҚ маңында тұру арасындағы статистикалық байланысты көрсетіп, онкологиялық қауіпі жоғары критикалық халық тобын қалыптастыру және медициналық дозиметриялық мониторингті міндетті түрде күшейту қажеттігін негіздейді.

5. Зерттеу нәтижелері негізінде РҚҚ әсер ету аймағында тұратын тұрғындар үшін медициналық көмек көрсету алгоритмі әзірленді. Аталған алгоритм мақсатты скринингтік бағдарламаларды қалыптастыруға және қолданыстағы бағдарламаларды кеңейтуге, қатерлі ісіктердің ең жиі кездесетін локализацияларын ерте диагностикалауға бағытталған, сондай-ақ онкологиялық қауіпі жоғары топтарды анықтауды және қатерлі ісікке күдік болған жағдайда науқастарды маршрутизациялау жүйесін оңтайландыруды қамтиды.

#### **Алынған зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу.**

Тұрғындар арасында ҚІ аурушандығын талдау нәтижелері және кешенді радиоэкологиялық мониторинг келесі әдістемелік ұсыныстарға негіз болды:

1. «Техногендік радиациялық факторлардың әсер ету аймағында тұратын тұрғындардың радиациялық қауіптерін және соматикалық аурушандықты төмендету жолдары мен әдістері», 2020 жылғы 21 қыркүйек (Қосымша А).

2. «Өндірісі тоқтатылған уран кен орындарының маңында тұратын тұрғындардың ҚІ аурушандығы мен өлім-жітімін талдау және техногендік факторлардың теіс әсерлерін азайту әдістері», 2024 жылғы 4 қазан (Қосымша А).

Бұл әдістемелік ұсыныстар РҚҚ маңындағы елді мекендерде тұратын тұрғындардың арасында диспансерлік бақылау және скрининг жүргізетін дәрігерлерге ұсынылды. Аталған ұсынымдар өңірдегі келесі медициналық

мекемелердің тәжірибелік қызметіне ресми түрде енгізілді:

1. Степногорск қалалық көпсалалы ауруханасы ШЖҚ МКК (Қосымша Б).
2. Степногорск қаласының қалалық емханасы ШЖҚ МКК (Қосымша Б).
3. Қызылорда облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы (Қосымша Б).

Бұдан басқа, ұсыныстар «Астана медицина университеті» КеАҚ Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми- зерттеу институтының білім беру және ғылыми бағдарламаларына енгізілді, медицина және эпидемиология, радиобиология салаларында мамандар даярлау үшін пайдаланылады.

Өзірлемелердің дұрыстығы авторлық куәліктермен расталған:

- 2021 жылғы 9 маусымдағы №18553 (Қосымша В);
- 2024 жылғы 2 қазандағы №50119 (Қосымша В).

**Диссертациялық жұмыстың апробациясы.** Осы жұмыстың негізгі нәтижелері келесі халықаралық және республикалық конференцияларда баяндалды және талқыланды:

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институтының 20 жылдығына арналған «Уран өндіруші өңірлердегі медициналық-биологиялық және экологиялық проблемалар» тақырыбындағы халықаралық қатысуымен өткен X халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында (Астана қ., 18-19 сәуір 2024 ж.);

2. «Уран өндіруші өңірлердегі медициналық-биологиялық және экологиялық проблемалар» тақырыбындағы халықаралық қатысуымен өткен VIII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында (Нұр-Сұлтан қ., 11-12 наурыз 2021 ж.).

**Зерттеу нәтижелерін басылымдарда жариялау туралы ақпарат.**

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 10 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін, импакт-факторы нөлден жоғары рецензияланатын ғылыми журналдарда 4 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 4 мақала, сондай-ақ халықаралық қатысуымен өткен ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында 2 тезис жарияланды.

**Зерттеу жұмысына автордың өзіндік қосқан үлесі.** Автор биологиялық сынама алуды қоса алғанда, зерттеу материалдарын өз бетінше жинады, зәрдегі уран мөлшерін креатининге нормализациялау арқылы анықтау зертханалық талдауларын жүргізді, деректерді өңдеп, талдады, КІ аурушандық көрсеткіштері мен қауіп факторларын бағалады, денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған тұрғындарға медициналық көмек көрсету алгоритмін әзірледі, сондай-ақ қорғауға ұсынылатын қағидалар, қорытындылар және тәжірибелік ұсынымдарды тұжырымдады.

**Диссертацияның көлемі мен құрылымы.** Ұсынылған диссертациялық жұмыс титулдық парақтан, мазмұннан, нормативтік сілтемелерден, анықтамадан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 6 бөлімнен,

қорытындыдан, практикалық ұсынымдардан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 171 бетте берілген, оған 30 сурет, 32 кесте және 225 шетелдік және Қазақстандық авторлардың жұмыстарына сүйенген әдебиеттер тізімі кіреді.

# 1 РАДИАЦИЯЛЫҚ КАНЦЕРОГЕНЕЗДІҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ (ӘДЕБИ ШОЛУ)

## 1.1 Қоршаған ортаның канцерогендік факторлары және иондаушы радиацияның орны

Қоршаған орта факторларының қатерлі ісік аурушандығына әсерін зерттеу -қоршаған ортаның халық денсаулығына әсері мәселесінің ажырамас бөлігі болып табылады [13]. Қазіргі уақытта қоршаған орта -өзара байланысқан табиғи және антропогендік нысандар мен құбылыстардың тұтас жүйесі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік, табиғи және жасанды жолмен пайда болған физикалық, химиялық және биологиялық факторларды қамтиды және бұл факторлар адамның өмірі мен қызметіне тікелей немесе жанама түрде әсер етеді. Соңғы жылдары қатерлі ісіктер маңыздылығы жағынан жүрек-қан тамыры ауруларынан кейін екінші орында тұр [14]. Олардың үлестік салмағының артуы тек адамның өмір сүру ұзақтығының ұлғаюымен және диагностиканың жақсаруымен ғана емес, сонымен қатар түрлі табиғаты бар канцерогендермен адамның кең көлемде байланысқа түсуімен де байланыстырылады. Әдеби деректерге сәйкес, қазіргі уақытта қатерлі ісік жағдайларының 90%-ға жуығы қоршаған орта факторларының әсерімен байланысты. Оның ішінде 70-80%-ы -химиялық канцерогендердің, ал шамамен 10%-ы -радиациялық факторлардың әсерінен туындайды [15, 16]. Канцерогендердің әсерін жою немесе шектеу бұл ауыр аурудың алдын алуда үлкен маңызға ие болуы мүмкін [17]. Қоршаған ортаның әртүрлі факторларының қатерлі ісік аурушандығына әсерін дұрыс бағалау үшін ең алдымен басты табиғи факторларға (климат, күн радиациясы, атмосфералық ауа, топырақ пен судың химиялық құрамы) және тұрғындардың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына кешенді санитариялық-гигиеналық баға беру қажет. Өйткені қоршаған орта факторларының қатерлі ісік аурушандығына әсер ету мәселесі әлеуметтік сипатқа ие маңызды проблема болып табылады [16, с. 3-118; 18, 19].

Көптеген зерттеушілер қатерлі ісіктердің этиопатогенезін зерттеу барысында халықтың жекелеген топтары арасындағы қатерлі ісік аурушандығындағы айырмашылықтардың себептерін бағалауда мұндай күрделі құбылыстың барлық қырын толық ескеруге мүмкіндік бермейтін әдістерді қолданып келген [20]. Көпфакторлы зерттеулер жүргізу кезінде зерттелетін аумақтың климатогеографиялық ерекшеліктері мен тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қатерлі ісікке шалдыққан адамдардың жеке ерекшеліктеріне қатысты деректермен қатар, бірыңғай кешен ретінде қарастыру қажет. Мұндай зерттеулер тек қоршаған ортаның бүкіл факторлар кешенін өзара байланысқан тұтас жүйе ретінде қарастырған жағдайда ғана жүзеге аса алады.

Соңғы онжылдықтарда елімізде және шетелдерде қатерлі ісік аурушандығының таралу ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған ғылыми жұмыстар қарқынды түрде жүргізіліп келеді [21, 22]. Бұл зерттеулер өз алдына жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасып, «қатерлі ісік эпидемиологиясы» деген

атауға ие болды және келесі мақсаттарды көздейді:

а) түрлі климатогеографиялық, өндірістік, тұрмыстық және басқа да жағдайлардың, сондай-ақ кейбір эндогендік факторлардың (генетикалық, гормоналдық және т.б.) қатерлі ісік аурушандығына әсерін анықтау;

ә) қатерлі ісіктің жекелеген түрлерінің этиологиясы мен патогенезіндегі ықтимал себептік факторлардың мәнін бағалау;

б) алынған мәліметтер негізінде қатерлі ісіктердің алдын алу жолдарын әзірлеу және онкологиялық ауруларға қарсы мақсатты күресті ұйымдастыру.

Қатерлі ісік эпидемиологиясы көптеген ғылыми салалардың түйісетін нүктесі болып табылатынын және клиникалық әрі эксперименттік медицинаның, физиканың, биология мен математиканың түрлі бағыттарымен тығыз ықпалдастықты қажет ететінін ерекше атап өткен жөн.

Осылайша, қоршаған орта факторларының қатерлі ісік аурушандығына әсерін зерттеу қатерлі ісіктің көпфакторлы этиологияға ие екенін көрсетеді. Бұл этиологияда химиялық және биологиялық агенттермен қатар радиацияның да айтарлықтай рөл атқаратыны байқалады. Әсіресе, техногендік процестер нәтижесінде қоршаған ортада радионуклидтер деңгейінің артуы қосымша сәулеленуге ұшырайтын адамдар аясын едәуір кеңейтетіні маңызды мәселе болып табылады.

Қазіргі онкология ғылымы қоршаған ортада түрлі канцерогендердің пайда болуы мен таралуы, олардың адам мен жануар ағзасына әсері жөнінде ауқымды мәліметтер жинақтады. Алайда көптеген зерттеулерде канцерогендердің көздері мен табиғаттағы таралу ерекшеліктері тірі ағзаларға әсерімен байланыстырылмай талданады, ал канцерогендік агенттердің әсері, әдетте, зертханалық жағдайда шектеулі биологиялық түрлерге жүргізіледі. Мысалы, онкогендік факторлардың әсерін шектеудің бір әдісі - олардың шекті рұқсат етілген дозалары мен концентрацияларын белгілеу. Бұл көрсеткіштер тек өндірістік үй-жайлармен ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік кәсіпорындар маңындағы қоршаған орта аймақтарына да таралады.

Көптеген канцерогендік агенттер биологиялық әсердің кең спектріне ие және тірі ағзаларға мутагендік, тератогендік немесе уытты әсер етуі мүмкін [23, 24]. Сондықтан олардың трансформативтік әсері жөніндегі түсінік орынды болып табылады. Бұл әсерлердің құрамына: жасушаларды зақымдау, тұқым қуалаушылық негізге әсер ету, морфогенезге, ағзаның өсуі мен дамуына ынталандырушы немесе тежегіш әсерлер кіруі мүмкін. Аталған биологиялық әсерлер әртүрлі ағзалар топтары үшін әртүрлі болып келеді. Мысалы, бірдей нитрозоқосылыстар бір жасушалы ағзалар үшін өлімге әкеледі, кейбір жануар түрлерінде мутация тудырады, өсімдіктерде морфогенезді бұзады немесе ынталандырады, ал жылы қанды жануарлар үшін – уытты әрі канцерогенді әсер етеді. Осыған байланысты, канцерогендік агенттерді биоценоздарды өзгеріске ұшырататын, түрлендіретін факторлар деп санауға болады [24, с. 3-460]. Қазіргі канцерогендік жағдай биоценоз деңгейінде радиациялық фактор рөлінің күрт артуымен сипатталады. Себебі Чернобыль АЭС апаты кең аумақтың радионуклидтермен ластануына әкелді [22, с. 37-51]. Бұл жағдай сыртқы және ішкі қосымша сәулеленуге ұшырайтын адамдар аясын едәуір кеңейтті.

Сәулелену дозасы табиғи фон деңгейінен асып түсіп отыр. Ал жекелеген мүшелердің сәулелену дозасы бұдан да жоғары болуы мүмкін.

Иондаушы радиация – ең әмбебап физикалық канцерогендердің бірі болып саналады [20, с. 3-210]. Эксперименттік зерттеулер табиғи және жасанды радионуклидтердің әртүрлі қатерлі ісік түрлерінің дамуындағы бластомогендік рөлін айқын дәлелдеді. Радиоактивті заттар биосферада кең таралған және олар жер қыртысында, суда, ауада, азық-түлікте және адамның организмінде үнемі кездеседі. Адамның сыртқы сәулеленуінің бір құрамдас бөлігі – Жерден тыс шығатын ғарыштық сәулелену. Космостық сәулелермен туындаған жылдық тиімді эквиваленттік доза шамамен 280 мкЗв (28 мбэр) құрайды [13, с. 3-310]. Табиғи радионуклидтердің радиациялық әсері – қоршаған ортада үнемі түзіліп отыратын радиоактивті изотоптардың (мысалы,  $^3\text{H}$ ,  $^7\text{Be}$ ,  $^{14}\text{C}$ ,  $^{22}\text{Na}$ ,  $^{24}\text{Na}$  және басқалар) пайда болуымен, сондай-ақ тау жыныстарында, топырақта және гидросферада болатын радионуклидтердің әсерімен байланысты. Олардың ішінде ең маңыздылары –  $^{40}\text{K}$ ,  $^{87}\text{Rb}$  және радиоактивті қатарларға жататын  $^{238}\text{U}$ ,  $^{232}\text{Th}$ ,  $^{235}\text{U}$  радионуклидтері. Жалпыланған мәліметтер бойынша, жалпы тиімді эквиваленттік дозаның 84,5%-ы радионуклидтердің үлесіне тиесілі, ал тек 15,5%-ы сыртқы сәулелену көздеріне байланысты. Бұл ретте инкорпорацияланған (ағзаға енген) радиоактивті заттар сіңірілген тиімді дозаның 67%-ын қамтамасыз етеді. Барлық инкорпорацияланған радионуклидтердің ішінде ең үлкен үлесті  $^{222}\text{Rn}$  және  $^{220}\text{Rn}$  (радон изотоптары),  $^{40}\text{K}$ , сондай-ақ  $^{210}\text{Pb}$  -  $^{210}\text{Po}$  құрайды. Бұл топтағы негізгі дозалық жүктемені беретін радионуклид –  $^{210}\text{Po}$ , ол  $\alpha$ -сәулелену көзі болып табылады [25].

Осылайша, электр энергиясын өндіру және тыңайтқыштар шығару барысында босап шығатын табиғи радионуклидтер нәтижесінде биосфера радиоактивті заттармен байытылып, адам ағзасы қосымша сәулеленуге ұшырайды. Бұл сәулелену дозалары бүкіл Жер шары халқының жалпы санына шаққанда жылына 0,01 мкЗв құрайды, бұл инкорпорацияланған табиғи радионуклидтерден келетін табиғи сәулеленудің 1%-ынан аспайды. Сонымен қатар, ірі өнеркәсіптік орталықтарда, электр станциялары мен кен өңдеу зауыттары маңында тұратын тұрғындар арасындағы қосымша сәулелену деңгейі әлдеқайда жоғары болып, табиғи радиациялық фонмен шамалас болуы мүмкін.

Медициналық диагностикалық процедуралармен байланысты сәулелену дозасы жалпы сәулеленудің 20%-ына дейін жетеді. Ал ядролық жарылыстардан болатын радиациялық жүктеме қазіргі уақытта 1%-дан аз, ал атом энергиясын өндіруден келетін жүктеме -табиғи радиациялық фонның шамамен 0,5%-ын құрайды [20, с. 3-210; 24, с. 3-460]. Анық, уақыт өте келе атом энергиясын өндіруден келетін жеке және ұжымдық тиімді эквиваленттік доза сәл ұлғаяды. Бірақ ядролық жарылыстардан келетін сәулелену едәуір азаяды, ал диагностикалық препараттардың жетілдірілуі және ультрақысқа өмір сүретін изотоптарды қолдану арқылы сәулелік диагностика кезінде алынатын сәулелену дозасы төмендейді [26].

Осылайша, сыртқы ортадағы жоғары бластомогендікке ие радионуклидтердің мөлшерінің артуы ұзақ уақыт бойы ластанған аумақтарда

өмір сүрген жағдайда ғана емес, жалпы денсаулық үшін ерекше қауіп төндіреді. Радиациялық фактордың ауқымды әсер етуі, оның әмбебаптығы мен кең таралуы, сондай-ақ радионуклидтердің канцерогендік әсері жөніндегі деректерді ісік өсуінің патогенезі мен жалпы заңдылықтарын іргелі зерттеуге қолдану мүмкіндігі осы элементтің қазіргі канцерогендік ахуалдағы маңызын айқындайды.

## **1.2 Қатерлі ісікке әкелетін қауіп факторлары**

Зерттеулер көрсеткендей, қатерлі жаңа түзілімдердің 75-95%-ы адамға қоршаған орта қауіптерінің әсерімен байланысты [27]. Ластанған орта жағдайында қатерлі ісіктердің даму қаупі экологиялық таза аймақтармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Қазіргі заманғы зерттеулер жыл сайын әлемде қатерлі ісіктің көптеген жағдайлары тіркелетінін көрсетіп отыр, бұл жаһандық денсаулық сақтау контекстінде қоршаған орта факторларымен күресудің маңыздылығын айқындайды [28].

Соңғы 50-60 жыл ішінде экономикалық дамыған елдерде, соның ішінде ТМД елдерінде, қатерлі ісік ересек тұрғындар арасында ең көп таралған ауруға айналды және өлім себептері бойынша екінші орынға шықты [29].

Қатерлі ісік ауруының дамуына әсер ететін физикалық, химиялық және биологиялық қауіп факторлары бар. Физикалық факторларға иондаушы және ультракүлгін сәулеленулер, радон, электромагниттік сәулелену жатады. Химиялық факторларға темекі шегу, алкогольді ішімдіктерді тұтыну, тамақтану ерекшеліктері, қоршаған ортаның ластануы, дәрілік препараттар, гербицидтер және кәсіби канцерогендер жатады. Биологиялық факторларға *Opistorchis*, *Clonorchis*, *Schistosoma mansoni* және *Schistosoma haematobium* гельминттері, *Helicobacter pylori* (HP) бактериясы, адам папилломасы вирусы (АПВ), герпес вирустары, Т-жасушалық лейкоз вирусы (HTLV-1), Эпштейн-Барра вирусы (EBV), гепатит вирустары, сондай-ақ экзогендік және эндогендік гормондар, репродуктивтік және генетикалық факторлар кіреді.

Қоршаған орта факторлары, әртүрлі қасиеттерге ие болып, химиялық канцерогендер, вирустар, иондаушы сәулелену (ИС) және кейбір гормондар жасушаның қатерлі трансформациясына әкелуі мүмкін екені белгілі. Бұл канцерогендік факторлар, әртүрлі қасиеттерге ие болса да, қалыпты жасушаны трансформацияланған күйге ауыстыру механизмін іске қосуы керек дегенді білдіреді [30].

Қоршаған орта факторлары мен салауатты өмір салтының үйлесімі адамның қоршаған ортасында қатерлі ісік этиологиясында 80%-дық орын алады. Қатерлі ісік жағдайларының шамамен 10%-ы алкогольді ішімдіктерге, 35%-ы алкогольді ішімдіктер мен темекі шегуге, 4-10%-ы кәсіби қауіп факторларына, 40%-ы темекі шегу, алкоголь өнімдерін тұтыну және кәсіби факторлардың үйлесіміне, 30%-ы тамақтану факторларына, 15%-ы қоршаған орта факторларының әсеріне байланысты [31]:

*Темекі шегу.* Маңызды, кең таралған және канцерогендік фактор болып саналады, онымен күресуге болады және күресу керек [32]. Эпидемиологиялық зерттеулер темекі шегу өкпе, ауыз қуысы, өңеш, асқазан, трахея, жұтқыншақ,

бронх қатерлі ісігінің тікелей себебі екенін дәлелдеді [33]. Эпидемиологиялық зерттеулердің деректері әйелдердің жыныстық мінез-құлқына байланысты көптеген айнаымалылардың әсерін ескере отырып, темекі шегуді жатыр мойнының қатерлі ісігі (ЖМІ) дамуының қауіп факторы ретінде жіктеуге болатынын көрсетеді [34].

Деректерді дайындау, жинау, талдау және ұсынымдарды әзірлеу кезеңдері егжей-тегжейлі реттелді. Зерттеудің әдіснамалық қолдауы медициналық және эпидемиологиялық деректерді талдау үшін STATA 16.0 нұсқасы және SPSS сияқты заманауи статистикалық өңдеу құралдарын, сондай-ақ уақыт қатарына негізделген онкологиялық аурулардың динамикасын болжау үшін Prophet моделін пайдалануды қамтыды. Этикалық аспектілерді есепке алу

деректердің құпиялылығын сақтау және этикалық комитеттен зерттеу жүргізуге рұқсат алу арқылы қамтамасыз етілді.

## 2.2 Зерттеу дизайны

Зерттеу онкологиялық аурушандыққа радиациялық әсердің ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін ретроспективті когорттық дизайн аясында жүзеге асырылды (2.1-сурет).




Сурет 2.1 -Зерттеу дизайнының схемасы: құрылымы және негізгі кезеңдері

### 2.3 Зерттеу объектілері. Зерттелетін популяция

Солтүстік Қазақстандағы кен орындары 12 уран кен орнына байланысты, олардың бірі – Степногорск гидрометаллургиялық комбинатының (ГМК) қалдық сақтау орны. ГМЗ-нің қалдықсақтау орны – көлемі 44,17 млн. тонна уран рудасының қалдығын құрайтын, Қазақстандағы ең ірі уран қалдық қоймасы болып табылады. Қалдықтардың жалпы белсенділігі 5,42 ГБк-ке тең. Осы зерттеуде уранның төмен деңгейлі радиациялық әсерінің қатерлі ісік жүктемесіне ықпалы 2014-2023 жылдар аралығындағы мәліметтер негізінде, радиациялық қауіпті және бақылау аймақтарындағы қатерлі ісік аурушандығын салыстыру арқылы бағаланатын болады.

Негізгі топқа Ақмола облысындағы Ақсу, Кварцитка, Заводской елді мекендері мен қала тұрғындары енгізілді. Бұл елді мекендер гидрометаллургиялық зауыттың (ГМК) радиоактивті қалдық сақтау орнына тікелей жақын орналасқан: оңтүстік бағытта 3-15 км қашықтықта (2.2-сурет). Степногорск қаласы – уран өндіруге маманданған солтүстік тау-кен аймағының орталығы ретінде маңызды рөл атқарады.



Сурет 2.2 -СТХК қалдықсақтау орнынан елді мекендердің орналасуы

Бақылау тобы Степногорскіден 90 км қашықтықта орналасқан Ақкөл қаласының тұрғындарынан құралды. Бұл топтың таңдалуы негізгі топпен өмір салты мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ұқсастығына негізделген, бұл деректердің репрезентативтілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді. Бақылау тобының тұрғындары осы аймақта ұзақ уақыт бойы өмір сүріп келеді және ГМК қызметімен байланысты радиациялық фонның әсеріне ұшырамаған.

Критикалық топ – бұл иондаушы сәуле көзінен ең жоғары радиациялық әсерге ұшырайтын, бір немесе бірнеше белгілері (жынысы, жасы, әлеуметтік немесе кәсіби жағдайы, тұрғылықты жері, тағам рационы) бойынша біртекті кемінде он адамнан тұратын тұрғындар тобы [197].

Бұл зерттеуде негізгі топ шеңберінде радиоактивті қалдықтар қоймасынан 5 км қашықтықта орналасқан Аксу және Заводской елді мекендерінің тұрғындарын қамтыған критикалық қосалқы топ бөлінді. Бұл тұлғалар аталған аумақта кемінде 10 жыл бойы тұрақты түрде тұрып, ұзақ уақыт бойы жоғары радиациялық фонның әсеріне ұшыраған. Осы жағдайлардың жиынтығы оларды иондаушы сәулеленудің әсерінен туындайтын онкологиялық қауіптерді бағалау мақсатында критикалық топқа жатқызуға негіз береді.

Зерттеу үшін қажетті деректер Қазақстан Республикасының Онкологиялық науқастардың электрондық регистрінен ретроспективті түрде жиналды. Бұл дерекқорда пациенттің тұрғылықты жері туралы шифрланған ақпарат, аурудың халықаралық аурулар классификациясы (АХЖ-10) бойынша коды, ісіктің бастапқы диагнозы қойылған күні, пациенттің туған жылы, жынысы және диагноз қойылған сәттегі қатерлі ісіктің сатысы қамтылған.

Қосымша демографиялық деректер, соның ішінде халық саны мен жыныстық құрылым туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне қарасты Статистика комитетінен алынды. Онда негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер көрсетілген. Аталған ақпарат зерттеліп отырған популяция шеңберінде қатерлі ісіктердің даму қаупін терең талдауға, сондай-ақ ықтимал үрдістер мен өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді.

## **2.4 Қоршаған ортаны радиациялық бақылау әдістері**

2.4.1 Елді мекендер аумақтарының радиациялық жағдайын кешенді бағалау

Степногорск тау-химия комбинаты (СТХК) уран кенін өндіру және өңдеумен айналысады және Степногорск қаласының өнеркәсіптік аймағында орналасқан. Қаланың өзінен шамамен 20 км солтүстікке қарай, ал ең жақын елді мекендер -Ақсу, Кварцитка және Заводскойдан 5 км шығысқа қарай орналасқан. Комбинаттың өндірістік аумағында қаланың негізгі өнеркәсіптік объектілері шоғырланған. Олардың қатарында жылу электр орталығы, шындық қазандық, күкірт қышқылы цехы, батыс бөлігінде орналасқан СТХК-ның қалдықсақтау орны, сондай-ақ СПЗ, «Прогресс» өндірістік бірлестігі, жөндеу-механикалық зауыт (РМЗ) және Ақсу кеніші бар.

СТХК қалдықсақтау орнынан оңтүстік-шығыс бағытта 3-5 км қашықтықта орналасқан Ақсу, Заводской және Кварцитка елді мекендері комбинаттың өндірістік қызметінен туындауы мүмкін радиациялық әсерге ұшырайтын аумақтар болып саналады. Басқа бағыттарда тұрғын аймақтар жоқ. Қала маңында орналасқан ұсақ тұзды көлдер өңірге ерекше экологиялық сипат береді. Бұл аумақ Көкшетау қыраттарына шектесіп жатыр және тереңдігі 20-150 метр аралығында орналасқан жерасты сулы қабаттарымен қамтамасыз етілген. Бұл сулар негізінен тұщы және жергілікті халықты, сондай-ақ өндіріс орындарын сумен қамтамасыз етудің маңызды көзі болып табылады [106, р. 35-36].

Зерттеу шеңберінде зерттелетін объектілер ретінде Ақмола облысындағы Ақсу, Заводской, Кварцитка елді мекендерінің аумақтары, сондай-ақ шартты-бақылау пункті ретінде таңдалған Ақкөл қаласы іріктелді. Зерттеу экспедициялық сапарларды ұйымдастырудан басталды, олардың мақсаты аталған елді мекендердегі радиациялық жағдайды бағалау және ластану деңгейі жоғары аумақтарды анықтау болды.

Экспедициялық іс-шаралар барысында келесі жұмыстар жүргізілді:

– радиометриялық зерттеулер, оның ішінде гамма-сәулелену деңгейін бағалау үшін жүргізілген жаяу гамма-съемкалар;

– қоршаған орта нысандарынан (топырақ, су) сынамалар алу, кейін бұл үлгілер зертханалық радиоспектрометриялық және радиохимиялық талдауға жіберіліп, радиоактивті ластану деңгейі анықталды.

Аталған зерттеулер радиоактивті элементтермен қоршаған ортаның ластану деңгейін және радиациялық фонды бағалауға мүмкіндік берді, бұл халық денсаулығын қорғау және радиоактивті заттардың экожүйеге одан әрі таралуын болдырмау бойынша шараларды әзірлеу үшін аса маңызды. Мұндай тәсіл радиациялық ластанудың бар-жоғын және оның ауқымын ғана анықтауға емес, сонымен қатар осы аудандарда тұратын тұрғындардың денсаулығына төнетін қауіп-қатерді азайту бойынша нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Радиациялық мониторинг аймақтарында гамма-фонды бағалау әдістемелері

Гамма-фонды бағалау кезінде келесі радиологиялық өлшеу әдістері қолданылды:

Жаяу өлшеу кезінде ДКС-96 және РКС-01-СОЛО дозиметрлері пайдаланылды. Бұл өлшеулер фондық учаскелерде де, сондай-ақ елді мекендердің ішінде, соның ішінде тұрғын үйлердің ішкі бөлмелерінде де жүргізілді. Гамма-сәулеленудің амбиенттік эквиваленттік дозасының қуаты ( $H^*(10)$ ) топырақ бетінде және жерден бір метр биіктікте тіркелді. Өлшенетін экспозициялық доза қуатының диапазоны 5 микрорентген/сағ-тан 20 миллирентген/сағ аралығында болды. Өлшеулердің рұқсат етілген негізгі салыстырмалы қателігі  $\pm 30\%$  шегінде сақталды.

Өлшеулер зерттелетін аумақтарда  $500 \times 500$  метрлік тор схемасы бойынша жүргізілді, бұл алынған деректерді жүйелеуге мүмкіндік берді. Радиоактивті ластану анықталған учаскелерде сәулелену көздерін неғұрлым дәл локализациялау үшін  $1 \times 1$  метрлік тор бойынша егжей-тегжейлі жаяу гамма-съемка қосымша жүргізілді. Әрбір бақылау нүктесінде өлшеу қателігін азайту мақсатында бес рет өлшеу орындалды.

Зерттеу жүргізілген нүктелердің географиялық координаттарын нақты анықтау үшін Garmin спутниктік навигациялық құрылғысы қолданылды. Бұл құрал зерттеу нүктелерінің орнын географиялық координаттар жүйесінде жоғары дәлдікпен тіркеуге мүмкіндік берді. Далалық жұмыстар барысында гамма-сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаты, сондай-ақ альфа- және бета-бөлшектер ағынының тығыздығы белгіленген әдістеме бойынша өлшенді [40, с. 133-140].

Топырақ үлгілері әрбір зерттелетін учаскеде «конверт әдісімен» – төрт бұрыштан және орталықтан барлығы бес нүктеде, 0-5 см тереңдікте алынды. Егер радиациялық фон деңгейі ( $H^{*}(10)$ ) фондық мәндерден асып кетсе, топырақ қабаттап іріктеліп, 5 см интервалмен 30 см тереңдікке дейін үлгілер алынды. Радиациялық белсенділігі жоғары учаскелерде әрбір 5 см қабаттан қосымша үлгілер алынды.

Әрбір топырақ үлгісі таза полиэтилен пакеттерге салынды, оған үлгі туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын таңбасы (этикеткасы) тіркеліп, әрі қарай зертханалық талдау үшін жөнелтілді. Зертханада үлгілер алдымен 105°C температурада тұрақты массаға дейін кептірілді, содан кейін Маринелли ыдысына салынып, 14 күн бойы радиоактивтік тепе-теңдікке жету үшін қалдырылды. Соңғы кезеңде гамма-спектрометрия әдісімен негізгі радиоизотоптардың меншікті белсенділігі өлшенді [41, с. 306-309; 42, с. 22-28].

2.4.2 Радиациялық ластанған аумақтарда тұратын тұрғындардың сәулелену дозаларын бағалау

Соңғы уақытта қалдықсақтау орындарының санитарлық-қорғау аймақтарынан тыс жерлердегі радиациялық-экологиялық жағдайды кешенді бағалауға деген қажеттілік артып отыр. Бұл тек осы аумақтардың бір бөлігінің құрғау салдарларын бақылау қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар іргелес елді мекендердегі радиациялық жағдайды жан-жақты зерттеуге деген сұраныстың артуымен байланысты. Мұндағы негізгі міндет -радиациялық жағдайды және онымен байланысты қауіптерді дәл болжау, бұл әдетте модельдеу әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Радиациялық қауіпсіздікті бағалаудағы негізгі фактор -адамның алған сәуле дозасы, себебі қоршаған ортадағы радионуклидтердің белсенділігінен гөрі, дәл осы көрсеткіш нақты радиациялық қауіп деңгейін анықтайды. Әр түрлі радионуклидтер бірдей белсенділікке ие болғанымен, ағзаға әртүрлі дозалық жүктеме түсіруі мүмкін. Радиациялық-экологиялық жағдайға жасалған болжаулардың дәлдігі қоршаған ортаның жүйелі мониторингі арқылы расталады, бұл өз кезегінде мониторинг деректерін жедел әрекет ету үшін тиімді пайдалануға және нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін барынша қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [52, с. 3-302].

Қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін және халық денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында дозалық жүктемелерді шектеуге бағытталған бірқатар қағидаттар әзірленген. Осы тұрғыда қоршаған ортаның әртүрлі құрамдас бөліктері сыртқы немесе ішкі сәулеленудің ықтимал көздері ретінде талданады. Бұл құрамдас бөліктердегі радионуклидтердің мөлшеріне қатаң нормативтік шектеулер қойылады. Адам ағзасына радиациялық әсерді азайтуға бағытталған қағидаттар мен шектеулерді белгілеу иондаушы сәуле көздерін қолдану тәжірибесіне негізделген кең ауқымды зерттеулер мен талдаулар нәтижесінде қалыптасқан [53, р. 3-328].

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің халықаралық ұсынымдарына сәйкес, радиоактивті ластанған аумақтарда тұратын халықтың сәулелену дозасын бағалау кезінде радиациялық әсер ету жолдарының әртүрлі

сценарийлері ескеріледі. Халықтың аса осал топтары үшін жылдық тиімді сәуле дозасының рұқсат етілген шекті мәні 1 мЗв/жыл деңгейінде белгіленген. Бұл көрсеткіш топырақ пен азық-түлік өнімдеріндегі радиоактивті ластанудың, сондай-ақ оқу орындары мен тұрғын үйлердегі радон ингаляциясының әсеріне ұшырайтын адамдарға қатысты қолданылады. Радиациялық әсер ету сценарийлері аумақтардың нақты жағдайлары мен пайдалану мақсатын ескере отырып әзірленеді [54, с. 3-163]:

1. Бірінші сценарий -радиациялық ластанған елді мекен аумағында уақытша болу нәтижесінде туындайтын сыртқы сәулеленуді қарастырады.

2. Екінші сценарий -радиациялық ластанған зерттелетін аумақта тұрумен қатар, жергілікті бақша өнімдерін, соның ішінде ет және сүт өнімдерін орташа мөлшерде тұтынуды қамтиды. Бұл сценарийге арналған деректер өз зерттеулеріміз бен мұрағаттық материалдар негізінде алынған.

3. Үшінші сценарий -тұрғын үйлерде үнемі тұру жағдайын қамтиды, бұл жағдайда радонның ингаляциялық жолмен ағзаға түсуі мүмкін.

Аталған сценарийлер халықтың сәулелену деңгейін әртүрлі жағынан бағалауға мүмкіндік береді және радиациялық әсерді азайтуға бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеуде қолданылған сәулелену сценарийлерінің модельдері қоршаған ортадағы радионуклидтердің миграциялық үдерістерін едәуір жеңілдетілген түрде сипаттайды. Сәулелену дозаларын модельдеу кезінде дозалардың қалыптасуына әсер ететін негізгі параметрлер бойынша орташа мәндер пайдаланылды.

Атап айтқанда, ішкі сәулеленуді талдау үшін осы аймаққа тән ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлері бөлініп көрсетілді. Олар ішкі сәулелену деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Мұндай өнімдер қатарына сүт, үй жануарларының еті, картоп және тамыржемістер жатады. Бұл азық-түлік өнімдеріндегі ластану деңгейлерін бағалау үшін соңғы он жылдағы деректер, соның ішінде авторлық зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды. Мұрағаттық материалдардың негізгі бөлігі -сүт, ет және картоптың меншікті белсенділігіне қатысты мәліметтер.

Жергілікті тұрғындардың ауылшаруашылық өнімдерін тұтынуын бағалау 2018 және 2019 жылдары институт қызметкерлері жүргізген сауалнамалар арқылы жүзеге асырылды. Сауалнама сұрақтары елді мекен аумағында және оның жер пайдалану аймағында өндірілген азық-түлік өнімдерін тұтыну туралы нақты ақпарат алуға бағытталды. Зерттеуге әртүрлі жас топтарының өкілдері - балалар, жасөспірімдер және ересектер қатысты.

Халықтың тиімді сәулелену дозасын есептеу үшін келесі формула қолданылды:

$$E_{эфф} = E_{сыртқы} + E_{ішкі,ат} + E_{Rn}, \text{ мЗв/жыл} \quad (2.1)$$

Сыртқы сәулелену мына формула бойынша есептеледі:

$$E_{\text{сыртқы}} = D_{\text{ГССД}} \times 8760 \times 0,7 \times 0,2, \text{ мЗв/жыл} \quad (2.2)$$

мұнда 8760 -тұрғындардың жыл ішінде аталған аумақта болу уақыты (сағат);  
 0,7 -ауадағы сіңірілген дозаны тиімді дозаға қайта есептеу коэффициенті  
 $3\text{в Гр}^{-1}$ ;  
 0,2 -ашық ауада болу коэффициенті.

Сыртқы гамма-сәулелену жүктемесі топырақтағы радионуклидтер концентрациясына негізделі отырып есептелді.  $D_{\text{ГССД}}$  -ауадағы гамма-сәулеленудің сіңірілген дозасының қуаты ( $\text{ГССД}$ ), мкЗв/сағ бірлігінде, жер бетінен 1 метр биіктікте,  $^{226}\text{Ra}$ ,  $^{232}\text{Th}$  және  $^{40}\text{K}$  радиобелсенділіктерінің деңгейі негізінде (2.2.1) формуласы бойынша есептелді [108, р. 3-564].

$$D_{\text{ГССД}} = 0.461 \times A_{\text{Ra}} + 0.623 \times A_{\text{Th}} + 0.0417 \times A_{\text{K}}, \text{ мкЗв/ч} \quad (2.2.1)$$

Тұрғындардың ішкі сәулеленуінің тиімді дозасын есептеу үшін, ұзақ өмір сүретін табиғи радионуклидтердің тағам өнімдерінде және ауыз суда болуына негізделген келесі (2.3) формула қолданылды [53, р. 3-328].

$$E_{\text{ішкі,ат}} = \sum_{i,j}^p d_{p,i} * m_i * C_{i,j}, \text{ мЗв/жыл} \quad (2.3)$$

мұнда  $d_{p,i}$  -тағам өнімдері арқылы ағзаға пероральды түскен кезде  $i$ -нші радионуклидке арналған дозалық коэффициент, Зв/Бк;  
 $m_i$  - $i$ -нші өнімнің орташа жылдық тұтыну мөлшері, кг/жыл [55, с. 7-11];  
 $C_{i,j}$  -елді мекен тұрғындарының тамақтану рационындағы  $i$ -нші компоненттегі  $j$ -нші радионуклидтің орташа меншікті белсенділігі, Бк/кг.

Радон -радиоактивті газ ретінде табиғи радиоактивтіліктің негізгі көзі болып табылады және халықтың жылдық тиімді сәулелену дозасына елеулі үлес қосады. Тиімді сәулелену дозаларын есептеу Халықаралық радиациялық қорғау комиссиясының (ХРҚК) №118, №115 және №126 жарияланымдарында ұсынылған дозалық коэффициенттер мен модельдер негізінде жүргізілді [56, с. 7-11; 57, р. 2-19; 58, р. 128-135]. Бұл есептеулер үшін келесі (2.4) формула қолданылды:

$$E_{\text{Rn}} = DCF_{\text{Rn}} \times F_{\text{Rn}} \times C_{\text{Rn}} \times T \times 10^{-6}, \text{ мЗв/год} \quad (2.4)$$

мұнда  $DCF_{\text{Rn}}$  Радонның ингаляциялық жолмен ағзаға түсуі кезіндегі дозаға түрлендіру коэффициенті (қалыпты мәні –  $9 \text{ нЗв/Бк} \cdot \text{сағ} \cdot \text{м}^3$  деп есептеледі);

$F_{\text{Rn}}$  -радон мен оның ыдырау өнімдерінің ауадағы тепе-теңдік факторы (қалыпты мәні – 0,4 деп алынады);

$C_{\text{Rn}}$  – радонның жылдық орташа теңестірілген көлемдік белсенділігі (ЭРОА), Бк/м<sup>3</sup>;

$T$  – осы концентрацияның әсер ету уақыты (қалыпты мәні – жылына 8760 сағат деп қабылданады).

## 2.5 Зерттеудің эпидемиологиялық және статистикалық әдістері

Бұл бөлімде қатерлі ісіктерге (ҚІ) шалдығу жиілігін, атрибутивтік және өмір бойғы қатерлі ісік қаупін бағалау, сондай-ақ аурушандылықтың динамикасын болжау үшін қолданылған әдістер егжей-тегжейлі сипатталады. Келтірілген барлық әдістер радиациялық факторлардың әсер ету аймағында тұратын халық арасындағы онкологиялық аурушандыққа ықпал ететін факторларды жан-жақты зерделеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен негізделген. Бұл әдістер радиациялық факторлардың аурушандылыққа әсерінің сандық заңдылықтары мен сапалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді, осылайша жан-жақты талдау жүргізіледі.

Қатерлі ісіктерге (ҚІ) шалдығу деңгейін бағалау үшін өрескел және стандартталған көрсеткіштерді есептеу, сондай-ақ негізгі және бақылау топтары арасында салыстырмалы талдау жүргізу секілді кешенді әдістер қолданылды.

Қатерлі ісіктерге (ҚІ) шалдығу жағдайларының жиілігін бағалау мақсатында негізгі және бақылау топтарында өрескел аурушандық коэффициенті есептелді. Бұл көрсеткіш мәселенің ауқымын бастапқы деңгейде бағалауға мүмкіндік береді. Ол аурушандықтың абсолюттік жиілігін анықтауға жол ашады және топтар арасындағы салыстырудың бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады.

Өрескел коэффициентті есептеу үшін қатерлі ісіктердің (ҚІ) тіркелген жағдайларының саны және зерттеліп отырған әрбір топтағы халық саны пайдаланылды. Аурудың абсолюттік жағдайлар саны (С) негізгі және бақылау топтары бойынша онкологиялық аурулардың тіркелімі деректері негізінде тіркелді. Бұл мәліметтерге жыл сайынғы көрсеткіштер, сондай-ақ жас және жыныс бойынша бөлініс кірді.

Зерттелетін топтардағы халық саны (N) халық санағы мен ағымдағы демографиялық есеп негізіндегі ресми статистика бойынша анықталды. Есептеулердің дәлдігін арттыру үшін зерттеу кезеңіндегі орташа жылдық халық саны пайдаланылды. Өрескел аурушандық коэффициенті жас және жыныс ерекшеліктерін ескерместен аурулардың жалпы жиілігін бағалауға қолданылады, бұл мәселенің жалпы ауқымын көруге мүмкіндік береді (2.5) формула:

$$Cgr = C/(N) \times 100\,000 \quad (2.5)$$

мұнда  $Cgr$  – аурудың өрескел коэффициенті (100 000 адамға);

$C$  – тіркелген ҚІ жағдайларының жалпы саны;

$N$  – топ халқының саны.

Коэффициент 100 000 тұрғынға шаққандағы қатерлі ісік (ҚІ) жағдайларының саны ретінде өрнектелді, бұл топтар арасындағы деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз етті.

Негізгі және бақылау топтары үшін алынған өрескел коэффициенттер аурушандық деңгейіндегі абсолюттік айырмашылықтарды анықтау мақсатында талданды.

Аталған көрсеткіш -демографиялық факторлардың, соның ішінде халықтың жас және жыныстық құрылымының әсерін ескеруге мүмкіндік беретін, стандартталған коэффициенттерді есептеудің негізі болып табылады.

КІ ауруының таралу үрдістерін талдау үшін екі уақыт аралығындағы (2014-2018, 2019-2023 жылдар) деректер пайдаланылды. Тандалған кезеңдер ресми есептерде қолданылатын статистикалық өңдеу сатыларына сәйкес келеді және қоршаған орта факторлары мен ауруларды тіркеу әдістемелеріндегі өзгерістерді ескеруге мүмкіндік береді. Қатерлі ісік жағдайлары тиісті кезеңдердегі топтардағы халықтың орташа санына қатысты қалыпқа келтіріліп, 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушандық көрсеткіштері есептелді. Бұл көрсеткіштер бақылау және әсерге ұшыраған (критикалық) аймақтар арасындағы аурушандық деңгейін салыстыруға және екі өңірдегі онкологиялық жүктемені сандық бағалауға мүмкіндік берді.

Негізгі және бақылау топтарының салыстырмалы талдауы қатерлі ісіктермен аурушандық деңгейлеріндегі айырмашылықтарды анықтау және олардың статистикалық маңыздылығын бағалау мақсатында жүргізілді. Бұл кезеңде радиациялық әсердің халық денсаулығына ықпалын сандық және сапалық тұрғыдан бағалауға бағытталған деректерді талдау әдістері қолданылды.

Зерттелген әр топ бойынша бастапқы деректер жас және жыныс санаттары бойынша алдын ала топтастырылды. Әр санат үшін өрескел аурушандық коэффициенттері (100 мың адамға шаққанда) және халықтың жас құрылымын ескеретін стандартталған коэффициенттер есептелді. Мұндай жіктеу негізгі және бақылау топтары арасындағы демографиялық айырмашылықтардың ықпалын азайтуға мүмкіндік берді.

Алынған аурушандық коэффициенттері топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін пайдаланылды. Бұл айырмашылықтар радиациялық фактордың ықтимал әсерімен байланысты ма, жоқ па – осы аспектілер бағаланды. Бұл талдаудың негізгі мақсаты -негізгі топта бақылау тобымен салыстырғанда қатерлі ісіктердің аурушандық деңгейінің елеулі артуы бар-жоғын анықтау болды.

Айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін бағалау

Анықталған айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін тексеру үшін келесі статистикалық әдістер қолданылды:

$\chi^2$  (хи-квадрат) критерийі:

Бұл әдіс негізгі және бақылау топтарындағы сырқаттанған адамдардың үлесі сияқты категориялық деректерді талдау үшін пайдаланылды.

Нөлдік гипотеза ( $H_0$ ): топтар арасында айырмашылық жоқ деп есептеледі.

Есептеулер келесі (2.6) формула бойынша жүргізілді:

$$\chi^2 = \sum (O_i - E_i)^2 / E_i, \quad (2.6)$$

мұнда  $O_i$  – бақыланған мән;

$E_i$  – күтілетін мән.

Есептеулер нәтижесінде алынған р-маңызы мәнділік деңгейінен ( $\alpha=0.05$ ) төмен болған жағдайда, нөлдік гипотеза ( $H_0$ ) қабылданбайды, яғни топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді деп есептеледі.

Сандық көрсеткіштер бойынша топтарды аналитикалық салыстыру кезінде тәуелсіз таңдамаларға арналған параметрлік Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Егер талдау барысында топтар арасындағы дисперсиялардың біртекті еместігі анықталса, Уэлч критерийі пайдаланылды, бұл ретте дисперсиялардың біртектілігі алдын ала Левен критерийі арқылы тексерілді. Егер топтардағы деректер белгілі бір белгі бойынша қалыпты таралу заңына сәйкес келмесе және айқын асимметрия байқалса, онда параметрлік емес Манн-Уитнидің U-критерийі қолданылды. Бұл әдіс деректердің қалыпты таралуынан ауытқуы жағдайында параметрлік әдістерді қолдану мүмкін болмаған кезде де талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Топтарды салыстыруға арналған статистикалық талдау кезінде Стьюденттің t-критерийі мен Манн-Уитнидің U-критерийі топтар сипаттамаларындағы айырмашылықтар жөніндегі гипотезаларды тексеруде кеңінен қолданылады.

Стьюденттің t-критерийі:

Ол екі топтағы аурушандық коэффициенттерінің орташа мәндерін салыстыру үшін қолданылды. Дисперсиялардың біртектілігі Левен критерийі арқылы тексерілді, нәтижесіне байланысты екі түрлі t-критерий қолданылды:

-дисперсиялар бірдей болған жағдайда -классикалық t-критерий;

-дисперсиялар әртүрлі болған жағдайда -Уэлч критерийі.

t-критерийді есептеу (2.7) формуласы:

$$t = \frac{\bar{X}_1 - \bar{X}_2}{\sqrt{\frac{s_1^2}{n_1} + \frac{s_2^2}{n_2}}} \quad (2.7)$$

мұнда  $\bar{X}_1, \bar{X}_2$  – топтардағы орташа мәндер;

$s_1^2, s_2^2$  – топтардағы дисперсиялар;

$n_1, n_2$  – таңдама көлемі (әр топтағы бақылау саны).

Айырмашылықтар  $p < 0,05$  болған жағдайда статистикалық тұрғыдан мәнді деп есептелді. Нөлдік гипотеза ( $H_0$ ) бойынша, зерттеліп отырған белгінің орташа мәндері екі топта (1-топ және 2-топ) статистикалық тұрғыда бірдей. Альтернативті гипотеза ( $H_1$ ) бұл топтардағы орташа мәндер бір-бірінен ерекшеленеді деп болжайды. Бұл критерий белгілердің топтарда қалыпты таралуы жағдайында қолданылады.

Манн-Уитни U-критерийі үшін:

Нөлдік гипотеза бойынша, 1-топ пен 2-топтағы медианалық мәндер (және сәйкесінше, үлестірімдер) арасында айырмашылық жоқ. Альтернативті гипотеза бойынша, топтар арасында медиана немесе үлестірімдер тұрғысынан айырмашылық бар. Бұл критерий деректердің қалыпты үлестірімге сәйкес келмеген жағдайында қолданылады, сондықтан ол параметрлік емес әдіс болып табылады.

Нөлдік гипотеза үшін бақыланған Р-мәні (p-value) – бұл нөлдік гипотеза шынайы деп қабылданған жағдайда, зерттеу барысында байқалғандай немесе одан да күшті әсердің деректерде кездейсоқ пайда болу ықтималдығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, бұл орташа мәндерде, медианаларда, үлестік қатынастарда немесе корреляциялық коэффициенттерде анықталған айырмашылықтардың жүйелі әсерден емес, іріктемелік деректердің кездейсоқ ауытқуларынан туындауы мүмкін екендігін бағалайтын ықтималдық. Р-мәнінің төмен болуы деректердің нөлдік гипотезаға сәйкес келмейтінін көрсетеді және бұл, әдетте, баламалы гипотезаны қолдайтын белгі ретінде қарастырылады. Алайда, Р-мәні әсердің шамасын да, оның практикалық маңыздылығын да көрсетпейді. Сонымен қатар, Р-мәні нақты модельді немесе гипотезаны дәлелдейтін көрсеткіш болып табылмайды, ол тек деректердің статистикалық модельмен сәйкестік дәрежесін сипаттайды.

Сенімділік интервалдары:

Барлық аурушандық коэффициенттері үшін 95% сенімділік интервалдары (CI) есептелді. Бұл мәндердің мүмкін болатын шектерін нақтылап, есептеулердегі белгісіздік деңгейін көрсетуге мүмкіндік берді. Сенімділік интервалдары топтар арасындағы айырмашылықтардың мәнділігін визуалды түрде бағалау үшін қолданылды.

*Аурушандықтың стандартталған коэффициенті (SIR):*

Негізгі және бақылау топтарындағы халықтың онкологиялық аурушандық деңгейін талдау үшін аурушандықтың стандартталған коэффициенті (SIR - Standardized Incidence Ratio) қолданылды. Бұл әдіс зерттелетін топтағы нақты тіркелген жағдайлар санын эталондық деректерге (мысалы, республикалық және облыстық қатерлі ісік аурушандығы көрсеткіштеріне) негізделіп есептелген күтілетін жағдайлар санымен салыстыруға мүмкіндік береді.

SIR есептеуге арналған бастапқы деректерге 2014-2023 жылдар аралығындағы негізгі және бақылау топтарында тіркелген қатерлі ісік жағдайлары саны, сол кезеңдегі республикалық және облыстық эталондық аурушандық көрсеткіштері (100 мың тұрғынға шаққанда), сондай-ақ негізгі және бақылау топтарындағы тұрғындардың орташа жылдық саны енгізілді. Жас ерекшелігіне қарай талдау жүргізу үшін қатерлі ісік жағдайлары мен халық санының жас топтары бойынша (<18 жас, 18-34 жас, 35-50 жас, 51-70 жас, >70 жас) бөлінісі де ескерілді.

(2.8) формулалар және оларды қолдану, күтілетін ауру жағдайларының (O) есебі:

$$O = \sum (N_i \times I_i). \quad (2.8)$$

мұнда  $N_i$  - зерттеліп отырған популяциядағы  $i$ -жас тобындағы халық саны;

$I_i$  -  $i$ -жас тобы үшін эталондық аурушандық көрсеткіші (100 мың адамға);

$\sum$  - барлық жас топтары бойынша қосынды.

Күтілетін жағдайлар саны әрбір жас тобындағы халық саны мен сәйкес эталондық көрсеткішті көбейту арқылы есептелді. Барлық жас топтары үшін нәтижелер қосындысы алынды.

Аурушаңдықтың стандартталған коэффициентінің (SIR) есебі:

$$SIR = C/O \quad (2.8.1)$$

мұнда  $C$  -зерттеліп отырған топтағы нақты тіркелген жағдайлар саны;

$O$  -жоғарыда келтірілген формула бойынша есептелген күтілетін жағдайлар саны;

$SIR$  -нақты тіркелген жағдайлар санының күтілетінмен салыстырғандағы қатынасын көрсетеді,  $SIR > 1$  болса -аурушаңдықтың күтілетін деңгейден жоғары екенін,  $SIR=1$  -күтілетін деңгейге сәйкес екенін,  $SIR<1$  -күтілетін деңгейден төмен екенін білдіреді.

$SIR$  үшін сенімділік интервалының (CI) есебі:

$$CI = SIR \pm 1.96 \times \sqrt{(C/O2)} \quad (2.8.2)$$

мұнда  $CI$  -сенімділік интервалы;

$SIR$  -есептелген коэффициент;

$C$  -нақты тіркелген жағдайлар саны;

$O$  -күтілетін жағдайлар саны.

Сенімділік интервалы  $SIR$  мәнінің статистикалық маңыздылығын анықтау үшін қолданылды. Егер интервалдың шекаралары 1 мәнін қамтымаса, онда айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан маңызды деп есептеледі.

$SIR$  есептеуде зерттелетін кезеңдегі негізгі және бақылау топтары бойынша қатерлі ісікке шалдығу туралы жиынтық деректер қолданылды. Күтілетін жағдайлар саны республикалық және облыстық эталондық көрсеткіштер негізінде есептелді. Әрбір жас категориясы (<18 жас, 18-34 жас, 35-50 жас, 51-70 жас, >70 жас) үшін  $SIR$  жеке есептелді, бұл -тиісті жас тобындағы халық саны мен нақты ауру жағдайлары ескеріліп жасалды.

Алынған нәтижелер зерттелетін топтардағы аурушаңдық деңгейін эталондық мәндермен салыстыруға және жас ерекшеліктері мен экологиялық факторларға байланысты айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

$SIR$  көрсеткіштерін талдау сенімділік интервалдарын есептеу арқылы толықтырылды, бұл анықталған айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын растауға мүмкіндік берді.

*Қатерлі ісіктердің дамуының өмір бойғы қауіп есептеу*

Өмір бойғы қауіп (Lifetime Risk, R) -бұл радиациялық әсерге ұшыраған негізгі топтағы тұрғындардың өмір бойы қатерлі ісік ауруларына (ҚІ) шалдығу ықтималдығын сипаттайтын көрсеткіш. Есептеу халықаралық ұйымдардың (UNSCEAR, IAEA) ұсынған сәулелену дозалары мен қауіп коэффициенттеріне негізделді.

Өмір бойғы қауіпті есептеу (2.9) формуласы:

$$Қауіп, \sim ЖЖТД j (мЗв) \times 0,001 \times Қауіп коэффициенті \quad (2.9)$$

мұнда  $R_i$  – жылға арналған өмір бойғы қауіп;

$ЖЖТД_i$  – ішкі және сыртқы сәулеленуді қамтитын жиынтық жылдық тиімді доза (мЗв);

$^k_{risk}=0.08$  – ересек халық үшін қолданылатын қауіп коэффициенті.

Жиынтық жылдық тиімді доза ( $ЖЖТД_i$ ) келесі екі негізгі компонентті қамтыды:

1. Сыртқы сәулеленудің тиімді дозасы, радионуклидтердің топырақтағы, ауаның гамма-сәулеленуіндегі және радон газының әсерінен алынған.

2. Ішкі сәулеленудің тиімді дозасы, ауызсу мен тамақ өнімдеріндегі ұзақ өмір сүретін радионуклидтердің пероральді (ауыз арқылы) түсуімен байланысты.

Аталған доза мәндері әр жыл үшін жеке есептеліп, кейіннен қауіп коэффициентімен көбейтілді. Осылайша әр жылға сәйкес  $R_i$  мәндері есептеліп, кейіннен жинақталған өмір бойғы қауіп мөлшері алынды. Бұл әдіс тұрғындардың радиациялық әсер нәтижесінде онкологиялық ауруларға шалдығу мүмкіндігін сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Осы көрсеткіштің (пожизненного риска) негізінде популяциядағы қосымша қатерлі жаңа өсінді (ЖЗО) жағдайларының саны (N) есептелді:

$$N_i = R_i \times \text{Халық саны} \quad (2.10)$$

мұнда N – зерттеліп отырған жылы тіркелетін қосымша ЖЗО жағдайларының саны;

R – сол жылы негізгі топтағы халық саны.

*Атрибутивтік қауіптің (AR) есебі*

Атрибутивтік қауіп (Attributable Risk, AR) – негізгі топта тіркелген қатерлі ісік (КІ) жағдайларының ішінде радиациялық әсерге байланысты үлесін анықтайды. Есептеу (2.11) формуласы келесідей:

$$AR = \frac{RR-1}{RR} \times 100\% \quad (2.11)$$

мұнда R – негізгі топтағы салыстырмалы қауіп (relative risk), яғни бақылау тобымен салыстырғандағы қауіп деңгейі.

Атрибутивтік қауіп пайызбен өрнектеледі және радиациялық фактордың әсерін жою арқылы алдын алуға болатын қатерлі жаңа өскіндер жағдайларының үлесін сипаттайды. Есептеу кезінде R мәні стандартталған аурушандық көрсеткіштері негізінде алынды, бұл негізгі және бақылау топтарының демографиялық айырмашылықтарының әсерін болдырмауға мүмкіндік берді.

*Өміршеңдікті бағалау*

Онкологиялық аурулармен ауыратын науқастардың өміршеңдігін талдау өмір сүру ұзақтығының динамикасын бағалау, қауіп факторларын анықтау

және әртүрлі топтардағы өміршеңдік көрсеткіштерін салыстыру мақсатында жүргізілді. Зерттеуде үш негізгі әдіс қолданылды: Каплан-Мейер әдісі, Кокс регрессиялық моделі және айырмашылықты бағалау тестілері (Log-Rank тесті және  $\chi^2$  критерийі).

Уақыт өте келе науқастардың өмір сүру ықтималдығын графикалық түрде бейнелеу үшін Каплан-Мейер өміршеңдік қисығы салынды. Бұл әдіс өміршеңдік функциясын  $S(t)$  бағалауға мүмкіндік береді, мұнда  $S(t)$  – пациенттің уақыттың  $t$  сәтінде тірі қалу ықтималдығын білдіреді. Бұл әдіс цензурананған деректерді ескеріп есептеледі.

Каплан-Мейер (2.12) формуласы:

$$S(t) = \prod_{i:t_i \leq t} \left(1 - \frac{d_i}{n_i}\right) \quad (2.12)$$

мұнда  $S(t)$  -өміршеңдік функциясы;

$t_i$  -оқиға (өлім) орын алған уақыт;

$d_i$  -уақытындағы оқиға саны (яғни, қайтыс болғандар саны);

$n_i$  -уақытына дейін бақылауда болған пациенттер саны.

Өміршеңдік қисықтары жалпы пациенттер тобы үшін, сондай-ақ жынысы, жасы, ісік локализациясы және радиоактивті қалдықтардың қалдықсақтағыштарынан қашықтығы бойынша ішкі топтар үшін тұрғызылды. Мәліметтер оқиға уақыты кестелеріне біріктіріліп, әрі қарай талдау үшін қолданылды.

Өлім қаупіне әсер ететін факторларды көпфакторлы талдау үшін Кокс регрессия моделі қолданылды. Бұл әдіс бірнеше тәуелсіз айнымалыларды ескере отырып, оқиғаның (өлімнің) болу ықтималдығына олардың әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Кокс регрессия моделінің (2.13) формуласы:

$$h(x) = h_0(t) \exp \exp (\beta_1 x_1 + \beta_2 x_2 + \dots + \beta_k x_k), \quad (2.13)$$

мұнда  $h(t)$  – белгілі бір уақытта  $t$  оқиғаның (өлімнің) туындау қаупі;

$h_0(t)$  – базальқ қауіп функциясы (тәуелсіз айнымалылар болмаған кездегі қауіп);

$\beta_1, \beta_2, \dots, \beta_k$  – тәуелсіз айнымалылардың сәйкес регрессиялық коэффициенттері;

$X_1, X_2, \dots, X_k$  – әсер етуші айнымалылар (жасы, жынысы, ісік локализациясы, т.б.).

*Ендірілген айнымалылар:*

1. Зерттеу объектілерінің жынысы (ер/әйел).

2. Диагноз қойылған кездегі жас шамасы (санаттар: <18, 18-34, 35-50, 51-70, >70 жас).

3. Ісіктің орналасу орны (тыныс алу мүшелері, ас қорыту жүйесі, сүт безі, жыныс мүшелері).

4. Радиоактивті қалдықтар қоймасы дейінгі арақашықтық (3 км, 4 км, 10-15 км, 90 км).

5. Тұру ұзақтығы (5 жылға дейін, 5-10 жыл, 10-20 жыл, 20-30 жыл, >30 жыл).

Бұл айнымалылар өлім қаупіне және ұзақ мерзімді өміршеңдікке ықтимал әсер етуіне байланысты таңдалды. Бұл тәсіл тұрғындардың жеке сипаттамаларын да, экологиялық факторларды да ескеруге мүмкіндік береді.

Факторлардың маңыздылығы регрессия коэффициенттерімен ( $\beta$ ), салыстырмалы қауіппен (HR -hazard ratio) және 95% сенімділік интервалымен (CI) бағаланды. Статистикалық мәнділік  $p < 0.05$  мәнінде деп есептелді.

Өміршеңдік қисықтарының арасындағы статистикалық айырмашылықтарды тексеру үшін Log-Rank тесті (Уилкоксон тесті) және  $\chi^2$  критерийі (категориялық айнымалылар үшін) қолданылды. Log-Rank тестінің (2.14) формуласы:

$$\chi^2 = \sum_{i=1}^k \frac{(O_i - E_i)^2}{E_i} \quad (2.14)$$

мұнда  $O_i$  –  $i$ -топтағы нақты (бақылау нәтижесінде тіркелген) оқиғалар саны;

$E_i$  –  $i$ -топтағы күтілетін оқиғалар саны.

*Онкологиялық аурушаңдықты болжау әдістері*

Онкологиялық аурушаңдықтың (злокачественные новообразования, ЗНО) динамикасын болжау үшін Prophet болжау моделі пайдаланылды. Бұл модель Microsoft Visual Studio Code платформасында Python тілінде жүзеге асырылды. Prophet моделі тарихи деректер негізінде аурушаңдық көрсеткіштерінің болашақтағы өзгерісін жоғары дәлдікпен болжауға мүмкіндік береді.

Анализдің негізгі кезеңдері:

– уақыттық қатарды тұрақтандыру: стационарлықты тексеру үшін Дики-Фуллер критерийі қолданылды. Қажет болған жағдайда дифференциалдау әдісі пайдаланылды;

– модель параметрлерін анықтау: Prophet моделі маусымдықты және трендтерді автоматты түрде анықтайды;

– модельді бағалау: болжам нәтижелерінің дәлдігін бағалау үшін орташа квадраттық қате (RMSE) көрсеткіші пайдаланылды;

– болжау: 2024-2030 жылдарға арналған онкологиялық аурушаңдықтың орталық мәндері мен 95% сенімділік интервалдары есептелді.

Prophet моделінің артықшылықтары:

– деректердегі бос орындарға төзімділік;

– трендтер мен маусымдықты автоматты түрде анықтау;

– сыртқы факторларды (экологиялық өзгерістер, денсаулық сақтау саясатының өзгеруі) есепке алу мүмкіндігі;

– сценарийлік талдауды қолдау.

Статистикалық талдаулар зерттеу барысында бірнеше бағдарламалық камтамасыз ету құралдарын пайдалана отырып жүргізілді.

Сандық деректер STATA бағдарламасының 16.0-нұсқасы арқылы өңделіп, орташа мәндер мен стандартты ауытқулар түрінде ұсынылды. Категориялық айнымалылар жиіліктер мен пайыздар арқылы сипатталды. Осы деректер негізінде онкологиялық аурушандық коэффициенттері, атрибутивтік қауіп (AR), өмір бойғы қатер (R), сондай-ақ корреляциялық және регрессиондық талдау көрсеткіштері есептелді. Статистикалық топтар арасындағы айырмашылықтардың маңыздылығын бағалау үшін IBM SPSS Statistics бағдарламасының 22.0-нұсқасы (АҚШ) пайдаланылды. Бұл құрал арқылы Стьюденттің t-критерийі, Манн-Уитнидің U-критерийі, Пирсонның  $\chi^2$ -критерийі және Кокс регрессиялық модельдері қолданылды. Бастапқы деректерді өңдеу, орташа мәндер мен стандартты ауытқуларды есептеу, көрсеткіштер динамикасын визуализациялау үшін Microsoft Excel 2019 бағдарламасы пайдаланылды. Болжам жасау мен уақыттық қатарларды модельдеуге Prophet болжамдық моделі қолданылды. Бұл модель Python тілінің (нұсқасы 3.10) негізінде Microsoft Visual Studio Code платформасында іске асырылды. Анализ үшін мынадай кітапханалар пайдаланылды: prophet, pandas, matplotlib, seaborn және numpy. Prophet моделі маусымдылық пен трендтерді автоматты түрде анықтауға, сондай-ақ сыртқы факторларды (экологиялық өзгерістер немесе денсаулық сақтау саясатының өзгерістері сияқты) ескеруге мүмкіндік берді. Модельдің негізгі артықшылықтары: деректердегі үзілістерге төзімділігі, интерпретациясының жеңілдігі және тестілік деректерде қателіктің төмен деңгейі. Анализ нәтижелері орталық болжам мәндері және 95% сенімділік интервалдары түрінде ұсынылып, визуализациялау үшін matplotlib және seaborn кітапханалары қолданылды. Прогноздық графиктер нақты деректерді тұтас сызықпен, ал болжамдық деректерді үзік сызықпен көрсетті, сенімділік интервалдары боялған аймақтар түрінде берілді.

## **2.6 Зәрдегі уран мен креатинин құрамын анықтау**

Бұл бөлім техногендік радиациялық факторлардың әсер аймағында және радиациялық жағдайы қолайлы елді мекендерде тұратын, қатерлі ісік диагнозы қойылған науқастар мен сау тұрғындардың қатысуымен жүргізілген клиникалық бақылаушылық зерттеуді қамтиды.

Зерттеу топтарын қалыптастыру.

Барлығы 80 қатысушы іріктелді, олар төрт қосалқы топқа бөлінді: онкологиялық аурулары бар пациенттер (негізгі және бақылау топтары) және сау еріктілер (негізгі және бақылау топтары). Қосу критерийлері: зерттелетін елді мекенде кемінде 10 жыл тұрақты тұру, жасы 18 жастан асқан болуы, зерттеуге қатысуға ерікті түрде келісім беру. Шығару критерийлері: иондаушы сәулелену көздерімен кәсіби байланысы болуы немесе несеп шығару жүйесінің жедел ауруларының болуы.

Зәрдегі уран құрамын анықтау ішкі дозалық жүктемені бағалауға мүмкіндік беретін биологиялық дозиметрия әдісі ретінде қолданылды. Уран және қиын еритін гидроксидтерді, фосфаттарды, альбуминаттарды және тұрақты кешенді қосылыстарды түзуге бейім ауыр металдар, әдетте, асқорыту жолдары және ағзаға енуінің басқа да жолдары арқылы баяу сінеді. Бұл

жағдайда бүйрек, бауыр, сүйек тіні мен шашты қоса алғанда, нысана ағзаларда металдардың жиналуы мүмкін.

Техногендік уран көздерінің және басқа радиотоксикалық элементтердің әсерін бағалау үшін олардың зәрдегі құрамын зерттеу маңызды, өйткені ол талдаудың ақпараттылығын арттырады және әсер ету уақыты мен қарқындылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында барлық нәтижелер креатинин деңгейіне нормализацияланды, бұл зәрдің сұйылу дәрежесінің ықпалын болдырмауға мүмкіндік берді.

Осы зерттеу кезеңінің әдістемелік негізі халықаралық тәжірибеге сүйенді, оған сәйкес зәрдегі уран құрамын биомониторингтеу әдісі уран өнеркәсібі қызметкерлеріне ғана емес, сондай-ақ радиациялық қауіпті объектілерге жақын орналасқан елді мекендерде тұратын тұрғындарға әсерін бағалау үшін де қолданылады (2.3-сурет).



а



ә

Сурет 2.3 -Негізгі және бақылау топтарының медициналық орталықтарынан зертханаларға талдау жүргізу үшін биологиялық үлгілерді (зәрді) тасымалдау

Диссертациялық жұмысты орындау барысында уран құрамына 80 зәр сынамасы талданды (2.1, 2.2-кестелер).

Кесте 2.1 -Қатерлі ісіктері бар негізгі топтағы тұрғындардың («А» топшасы) және дені сау тұрғындардың («В» топшасы) биоталдау деректері

Сынама шифры	Жынысы	Жасы	Іріктеу орны
1	2	3	4
A1	Ер	61	Заводской кенті
A2	Әйел	49	Заводской кенті
A3	Әйел	74	Заводской кенті
A4	Әйел	68	Заводской кенті
A5	Әйел	67	Ақсу кенті

## 2.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
A6	Ер	68	Ақсу кенті
A7	Ер	74	Заводской кенті
A8	Әйел	60	Заводской кенті
A9	Ер	62	Заводской кенті
A10	Ер	77	Заводской кенті
A11	Әйел	76	Заводской кенті
A12	Әйел	52	Ақсу кенті
A13	Әйел	44	Ақсу кенті
A14	Ер	65	Ақсу кенті
A15	Әйел	67	Ақсу кенті
A16	Әйел	54	Заводской кенті
A17	Әйел	51	Заводской кенті
A18	Ер	65	Заводской кенті
A19	Әйел	61	Заводской кенті
A20	Ер	57	Заводской кенті
B2	Әйел	52	Ақсу кенті
B3	Ер	54	Заводской кенті
B5	Әйел	60	Заводской кенті
B6	Ер	58	Заводской кенті
B7	Әйел	50	Заводской кенті
B8	Әйел	40	Заводской кенті
B9	Ер	43	Заводской кенті
B10	Әйел	49	Заводской кенті
B11	Ер	53	Заводской кенті
B12	Ер	46	Заводской кенті
B13	Ер	55	Заводской кенті
B14	Әйел	29	Заводской кенті
B15	Ер	60	Заводской кенті
B16	Ер	57	Заводской кенті
B17	Әйел	57	Заводской кенті
B18	Әйел	48	Заводской кенті
B19	Ер	47	Заводской кенті
B20	Әйел	47	Ақсу кенті
B21	Әйел	65	Заводской кенті
B22	Әйел	62	Заводской кенті

Кесте 2.2 -Қатерлі ісіктері бар бақылау тобындағы тұрғындардың («А» топшасы) және дені сау тұрғындардың («В» топшасы) биоталдау деректері

Сынама шифры	Жынысы	Жасы	Іріктеу орны
1	2	3	4
A1	Әйел	57	Ақкөл
A2	Ер	70	Ақкөл
A3	Әйел	74	Ақкөл
A4	Ер	73	Ақкөл
A5	Ер	65	Ақкөл
A6	Әйел	71	Ақкөл
A7	Әйел	74	Ақкөл

## 2.2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
A9	Әйел	77	Ақкөл
A10	Ер	71	Ақкөл
A12	Ер	64	Ақкөл
A13	Әйел	77	Ақкөл
A14	Әйел	49	Ақкөл
A15	Әйел	50	Ақкөл
A16	Әйел	46	Ақкөл
A18	Әйел	40	Ақкөл
A19	Әйел	71	Ақкөл
A20	Әйел	71	Ақкөл
A21	Әйел	65	Ақкөл
A22	Әйел	44	Ақкөл
A23	Әйел	68	Ақкөл
B2	Әйел	75	Ақкөл
B3	Әйел	45	Ақкөл
B4	Әйел	48	Ақкөл
B5	Әйел	70	Ақкөл
B6	Әйел	39	Ақкөл
B7	Әйел	64	Ақкөл
B8	Әйел	35	Ақкөл
B9	Әйел	56	Ақкөл
B10	Ер	52	Ақкөл
B11	Әйел	57	Ақкөл
B12	Ер	56	Ақкөл
B13	Әйел	38	Ақкөл
B14	Әйел	66	Ақкөл
B15	Ер	69	Ақкөл
B16	Ер	71	Ақкөл
B17	Ер	54	Ақкөл
B18	Ер	70	Ақкөл
B19	Әйел	38	Ақкөл
B20	Әйел	56	Ақкөл
B21	Әйел	22	Ақкөл

### 2.6.1 Зәр сынамаларын іріктеу және да

Уранның зәрдегі мөлшерін анықтау үшін тәуліктік зәр алынды. Ол көлемі 2 литр болатын құрғақ әрі таза полиэтиленді ыдыстарға (банка) жиналды. Кейіннен тәуліктік зәрдің 20 мл көлемі стерильді пластикалық контейнерге (көлемі 30 мл) құйылып, ыдыс қабырғаларына уранның адсорбциясын және сынаманың бұзылуын барынша азайту мақсатында концентрленген азот қышқылымен  $\text{HNO}_3$  (10 мл сынамаға 0,2 мл) қышқылдандырылды. Әрбір биологиялық сынама бар контейнерге жеке шифр беріліп, суық элементтерімен бірге температурасы - 4°C-тан жоғары емес жағдайда Астана қаласындағы НАО «МУА» жанындағы Радиобиология және радиациялық қорғау институтының радиохимия және радиоспектрометрия зертханасына талдау жүргізу үшін жеткізілді Сынамаларды тасымалдау уақыты 24 сағаттан

асқан жағдайда, алынған сынамалар - 20°C температурада мұздатқышта сақталып, кейін тапсырылды (2.4-сурет).



а



ә

Сурет 2.4 -Қатысушыларды тіркеу және зерттеу үшін зәр сынамаларын іріктеу кезеңдері

Зәрдегі уран мөлшерін анықтауға арналған зертханалық талдаулар ASTM C1844-16 стандартты әдістемесіне сәйкес орындалды. Аталған стандарт зәр сынамаларын алу, сақтау, дайындау және талдау тәртібін реттейді және уранды индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия (ICP-MS) әдісімен дәл сандық анықтауға мүмкіндік береді.

Тоңазытылған зәр сынамалары талдау жүргізер алдында жұмыс бөлмесінде (21±4)°C температурада толық ерігенге дейін 2 сағат бойы ұсталды, содан кейін сынамаларды талдауға дайындау кезеңіне жіберілді. Сынамаларды талдауға дайындау кезеңінде әрбір сынамадан 1 мл зәр алынып, көлемі 15 мл пробиркаға құйылды, оған 9 мл 2%-дық азот қышқылының (HNO<sub>3</sub>) ерітіндісі және ішкі стандарт ретінде пайдаланылған торийдің (Th) стандартты ерітіндісінен 100 мкл қосылды. Осылайша, сынамаларды талдауға дайындау кезеңінде зәр сынамаларын 1:10 қатынасында сұйылту (1 мл зәр+9 мл 2%-дық HNO<sub>3</sub>) арқылы жүзеге асырылды. Уран концентрациясының соңғы мәндері сұйылту коэффициенті ескеріліп (DF=10) есептелді. Көрсетілген нәтижелерде уран концентрациясы қайта есептелген түрде берілген.

Контаминацияның алдын алу үшін жоғары дәрежеде тазартылған деионданған су, инертті материалдардан жасалған зертханалық ыдыстар және бір реттік ұштықтар пайдаланылды. Сынамаларды талдауға дайындау кезеңінде сынамалар 6000 айн/мин (4430 RCF) жылдамдықта 24 минут бойы центрифугаланды. Центрифугалау аяқталғаннан кейін пробиркалар штативке бастапқы қалпына кері бағытта орналастырылды, бұл тұнбаның үстіңгі сұйықтықпен араласуын болдырмауға мүмкіндік берді. Үстіңгі сұйықтық

мұқият түрде алдын ала таңбаланған, көлемі 18 мл виалдарға алынды, олар кейін индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектрометрде (Agilent 7800) талдауға арналды. Өлшеулер сертификатталған стандартты үлгілерді («7800 Series PA Tuning 1») қолдана отырып жүргізілді, бұл нәтижелердің дұрыстығы мен қайта өндірілуін қамтамасыз етті [198-200].

Барлық өлшеулер метрологиялық тұрғыда тексерілген өлшеу құралдарын пайдалану арқылы жүргізілді. Талдау барысында сынамаларды талдауға дайындау әдісі қолданылып, уранның концентрациялары масс-спектрометрде анықталды. Қолданылған әдістеме жоғары сезімталдықты және нәтижелердің қайта өндірілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ уранның іздік концентрацияларын анықтауға мүмкіндік береді. Әдістің аталған сипаттамалары созылмалы төмен дозалық радиациялық әсерді биомониторингтеу кезінде негізгі мәнге ие (2.5, 2.6-суреттер).



а



ә

Сурет 2.5 -Зәрдегі уран құрамын масс-спектрометрлік талдау үшін ерітінділер мен стандарттарды дайындау



а




ә

Сурет 2.6 -Сынамаларды талдауға дайындау кезеңі: масс-спектрометрлік талдауға арналған зәр үлгілерін центрифугалау

### 2.6.2 Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрде өлшеу

Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия (ICP-MS) әдісі биологиялық ортадағы микроэлементтердің құрамын анықтауда ең тиімді әдістердің бірі болып табылады [201]. Зәр сынамаларындағы уран концентрациясын өлшеу квадрупольді индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрде - Agilent 7800 ICP-MS (Agilent Technologies, Жапония) қолдану арқылы жүргізілді.

ICP-MS талдауына арналған биологиялық сынамаларда мынадай стандарттар мен реактивтер пайдаланылды: жоғары тазалықтағы азот қышқылы ( $\text{HNO}_3$ ), 5%  $\text{HNO}_3$  ерітіндісіндегі уран стандарты (1000 мкг/мл U), сондай-ақ 5%  $\text{HNO}_3$  ерітіндісіндегі торий стандарты (1000 мкг/мл Th) (Agilent Technologies, АҚШ), (2.7-сурет).



Өсу қарқыны%		17,3	-4,2	-0,7	8,8	-2,5	-28,1	10,8	5,1	39,3
Бақыцлау тобы										
100 000 тұрғынға шаққан дағы жалпы аурушаңдық	337,1	295,8	280,7	410,9	248,6	202,2	208,2	292,2	302,3	345,8
Өсу қарқыны%		-12,3	-5,1	46,4	-39,5	-18,7	3	40,4	3,5	14,4

Негізгі топта 2014 және 2023 жылдар көрсеткіштерін салыстырғанда, ҚІ бойынша аурушаңдық деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда 281,5-тен 388,7-ге дейін өскен, бұл онжылдық ішіндегі жиынтық өсімнің шамамен 38%-ын құрайды. Абсолютті жағдай саны 2014 жылы 155 болса, 2023 жылы 216-ға

дейін артқан. Бұл көрсеткіштер республикалық және облыстық деңгейлерден едәуір жоғары. Мұндай үрдіс қалдық қоймаларына жақын орналасу фактісін ескере отырып, радиациялық және өзге де экологиялық факторлардың қосымша ықпалын көрсетуі мүмкін.

Бақылау тобында осындай тәсіл 2014 және 2023 жылдарды салыстыру кезінде мүмкіндік берді. аурушандық 100 мың тұрғынға шаққанда 337,1-ден 345,8-ге дейін өсті (өсу қарқыны шамамен 2-3%), ал жағдайлардың абсолютті саны 46-дан 54-ке дейін өсті. Өсуге қарамастан, бақылау тобының көрсеткіштері орта облыстық және республикалық деңгейге жақын болып қалады, бұл негізгі топқа тән теріс фактордың жоқтығын көрсетеді.

Осылайша, республика және өңір аясында КІ жағдайларының жалпы санының өсуі аясында (қалыпты өсім қарқыны шегінде), ең айқын өсім негізгі топта байқалады. Бұл құбылыс радиоактивті қалдықтар қоймасына жақын орналасу сияқты радиациялық және экологиялық факторлардың ықтимал әсерін көрсетеді. Аталған нәтижелер тұрғындар денсаулығына радиациялық фон мен өзге де қолайсыз факторлардың теріс әсерін төмендетуге бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен тереңдетілген мониторинг жүргізу қажеттігін растайды. Қатерлі ісіктер жағдайларының жалпы санының өсуіне қарамастан, 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушандық деңгейінің динамикасы өңір мен зерттелетін топтардың ерекшеліктеріне қарай айқын айырмашылық танытады. Әсіресе, негізгі топта аурушандықтың артуы елеулі байқалады, бұл халық денсаулығына радиациялық және экологиялық факторлардың ықпалын азайтуға бағытталған нысаналы профилактикалық шаралар мен күшейтілген эпидемиологиялық бақылауды қажет етеді.

#### 4.2.1 Жас және жыныс бойынша аурушандық

Негізгі және бақылау топтарындағы тұрғындардың қатерлі ісіктермен аурушандығына жас және жыныс құрылымын ескере отырып талдау жүргізілді. Ұсынылған деректер екі топ арасындағы аурушандық деңгейіндегі негізгі айырмашылықтарды анықтауға, сондай-ақ жас құрылымының нәтижелерге әсерін бағалауға мүмкіндік береді (4.5-кесте).

Кесте 4.5 -Зерттелетін топтар тұрғындарының жас санаттары, саны және аурушандық деңгейі бойынша негізгі сипаттамалары

Жас топтары	Негізгі топ			Бақылау тобы		
	2014-2023 жылдар			2014-2023 жылдар		
	абс. саны адам-жыл	ауру саны (абс.)	100 мыңға шақ қандағы	абс. саны адам-жыл	ауру саны (абс.)	100 мыңға шаққандағы
< 18 жас	135815	15 (0.9%)	11,0	39736	5 (1.2%)	12,6
18-34 жас	123942	54 (3.2%)	43,6	30377	11 (2.7%)	36,2
35 - 50 жас	120250	227 (13.4%)	188,8	30190	52 (12.6%)	172,2
51-70 жас	125113	958 (56.8%)	765,7	32167	235 (57.0%)	730,6
> 70 жыл	40190	433 (25.7%)	1077,4	8255	109 (26.5%)	1320,4
Барлығы	545310	1687 (100%)	309,4	140725	412 (100%)	292,8

4.5-кестеде келтірілген деректерге сәйкес, қатерлі ісіктер (ҚІ) жағдайларының жас топтары бойынша таралуы аурушандықтың ең жоғары деңгейі егде жас санаттарында -51-70 жас және >70 жас топтарында - байқалатынын көрсетеді. Бұл үрдіс радиоактивті қалдықтар қоймаларына жақын орналасқан негізгі топ тұрғындары мен радиациялық әсер көздерінен алшақ орналасқан бақылау тобы тұрғындары үшін де ортақ. Негізгі топта ҚІ бойынша жалпы аурушандық деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда 309,4 жағдайды құрап, бақылау тобының көрсеткішінен (292,8) сәл жоғары болды.

Жас санаттары бойынша жүргізілген егжей-тегжейлі талдау келесі ерекшеліктерді көрсетті. <18 жас тобында негізгі топта 15 жағдай (жалпы санының 0,9%) тіркеліп, аурушандық деңгейі 11,0-ді құрады, ал бақылау тобында 5 жағдай (1,2%) тіркеліп, бұл көрсеткіш 12,6 болды. 18-34 жас аралығындағы топта негізгі топта 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушандық деңгейі 43,6-ны құрап, бақылау тобына қарағанда жоғары болды (36,2). 35-50 жас санатында да ұқсас айырмашылық байқалады: негізгі топта – 188,8, бақылау тобында – 172,2 (100 мың тұрғынға шаққанда). 51-70 жас тобы ҚІ жағдайларының ең көп шоғырланған тобы болып табылады: бұл жас аралығындағы жағдайлар барлық тіркелген сырқаттардың шамамен 57%-ын құрайды. Аурушандық деңгейі бұл топта екі топта да өте жоғары және бір-біріне жақын: негізгі топта – 765,7, бақылау тобында – 730,6 (100 мың тұрғынға шаққанда). 70 жас тобында кері тенденция байқалады: бақылау тобында аурушандық деңгейі (1320,4) негізгі топпен салыстырғанда едәуір жоғары (1077,4). Бұл айырмашылықтар медициналық көмектің қолжетімділігіне, егде жастағы тұрғындардың көшу (миграция) ерекшеліктеріне немесе басқа қауіп факторларының ықпалына байланысты болуы мүмкін.

Жас топтарының қатерлі ісіктерден қайтыс болу қаупіне әсерін тереңірек талдау мақсатында Кокс пропорционалды қауіптер моделі қолданылды. Бұл модельде 51-70 жас аралығындағы топ референстік (негізгі) жас санаты ретінде алынған.

Анализ нәтижесінде алынған түзетілген қауіп қатынасы (Hazard Ratio, HR) көрсеткіштері жасы кіші топтарда өлім қаупінің негізгі топпен салыстырғанда едәуір төмен екенін көрсетті. Атап айтқанда: 18-34 жас аралығындағы топта  $HR=0,60$  (95% CI: 0,40-0,91;  $p=0,015$ ), бұл өлім қаупінің 40%-ға төмен екенін білдіреді; 35-50 жас тобында  $HR = 0,76$  (95% CI: 0,60-0,95;  $p=0,017$ ), бұл 24%-ға төмендеуін көрсетеді. Сонымен қатар, >70 жас санатында өлім қаупінің сенімді түрде артқаны анықталды:  $HR=1,38$  (95% CI: 1,14-1,68;  $p=0,001$ ), яғни бұл топта өлім қаупі негізгі жас тобына қарағанда 38%-ға жоғары. Бұл нәтижелер жастың ҚІ-ден болатын өлімнің қауіп деңгейіне елеулі әсер ететінін және егде жастағы тұрғындарда қатердің арқанын көрсетеді.

18 жасқа дейінгі жас санатында түзетілген қауіп қатынасы  $HR=0,79$  (95% CI: 0,46-1,38;  $p=0,413$ ) болып, статистикалық мәнділікке жеткен жоқ. Бұл нәтиже аталған жас топтарындағы бақылаулар санының шектеулі болуына байланысты болуы мүмкін.

Осылайша, жас пен ҚІ-ден өлім қаупі арасында «U-тәрізді» тәуелділік байқалады: қауіптің ең төмен деңгейі орта жас топтарында тіркелсе, ең жоғары


деңгей  $>70$  жас санатында анықталған. Жыныстық айырмашылықтар да көпфакторлы модель көмегімен талданды. Ер жынысты пациенттерде әйелдерге қарағанда ҚІ-ден өлім қаупі жоғарырақ болды:  $HR=1,21$  (95% CI: 0,99-1,48;  $p=0,066$ ), алайда бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан шекті мәнде болды ( $p>0,05$ ).

Жүргізілген талдау нәтижелері жас топтары ерекшеліктері ҚІ-ден өлім қаупіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі екенін көрсетеді. Ең жоғары қауіп  $>70$  жас тобында тіркелсе, 50 жасқа дейінгі топтарда қауіптің сенімді түрде төмендегені анықталған. Бұл деректер әсіресе егде жастағы тұрғындар арасында алдын алу шараларын күшейту мен ерте диагностиканы жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, онкологиялық көмекті жоспарлау мен скрининг жүргізуде жастық стратификация ерекше маңызды.

Жас топтары бойынша аурушандық динамикасы қатерлі ісіктерге шалдығу жиілігінің жас ұлғаюымен бірге артатынын көрсетеді. Бұл үрдіс генетикалық зақымданулардың жиналуымен, иммундық жауаптың әлсіреуімен және басқа да жасқа байланысты өзгерістермен байланысты болуы мүмкін. Негізгі топта 18-34 және 35-50 жас топтарында аурушандықтың жоғары болуы радиациялық факторлардың әсерін көрсетуі мүмкін, бұл онкогенездің ерте басталуына себепші болуы ықтимал, әсіресе егер адамда генетикалық бейімділік сияқты қосымша қауіп факторлары болса. Керісінше,  $>70$  жас тобында бақылау топтарындағы аурушандық деңгейінің жоғары болуы денсаулық сақтау жүйесінің ерекшеліктерімен, миграциялық үдерістермен немесе радиациялық әсерге тікелей қатысы жоқ өзге қауіп факторларының жиналуымен байланысты болуы мүмкін.

Логистикалық регрессия нәтижесінде статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтар анықталмағаны, бұл әдістің бинарлық нәтижелерді талдаудағы шектеулігін көрсетеді. Ал Кокс регрессиялық моделі, оқиғаға дейінгі уақытты ескеретіндіктен, байланыстарды нақтырақ анықтап, оқиғаның болу фактісін ғана емес, оның уақыттық сипатын да бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл модель ауру болжамын және өмір сүру ұзақтығын зерттеуде неғұрлым ақпараттық болып табылады. Алынған нәтижелер жыныс, әлеуметтік-экономикалық мәртебе, өмір салты сияқты қосымша айнымалыларды қамтитын әрі кеңейтілген көпфакторлы зерттеулер жүргізудің өзектілігін дәлелдейді. Бұл, өз кезегінде, қатерлі ісіктердің даму динамикасында радиациялық әсердің де, онымен байланысты емес факторлардың да үлесін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді.

Заманауи зерттеулерге сәйкес, жас құрылымы онкологиялық аурулардың таралуына айтарлықтай әсер етеді, әсіресе әлеуметтік және медициналық инфрақұрылымы біркелкі емес аймақтарда [210, 211]. Осыған байланысты негізгі және бақылау топтарында алғаш рет тіркелген қатерлі ісік жағдайларының жас бойынша таралуын салыстыру мақсатында салыстырмалы талдау жүргізілді (4.1-сурет).



Сурет 4.1 -Негізгі және бақылау топтарындағы тұрғындар арасында алғаш рет тіркелген қатерлі ісік жағдайларының жас құрылымы, %

4.1-суретке сәйкес, радиоактивті қалдықтар қоймасының маңында тұратын негізгі топта қатерлі ісікке шалдыққан тұрғындардың 18,7%-ы 55 жасқа дейінгі жас санатында тіркелген. Ауру жағдайларының ең үлкен үлесі (55%) 51-70 жас аралығындағы топқа тиесілі, ал 26,1%-ы – 70 жастан асқан адамдар арасында анықталған. Бұл деректер жастың қатерлі ісіктердің даму қаупіне елеулі әсер ететінін көрсетеді. Бақылау тобында да ұқсас үрдіс байқалды: 55 жасқа дейінгі тұрғындар арасында онкопатологияның үлесі 17,4%-ды құрады. Сонымен қатар, аурушаңдылықтың негізгі бөлігі 51-70 жас (54,2%) және >70 жас (26,3%) топтарында шоғырланған. Салыстырмалы талдау нәтижесі 55 жасқа дейінгі науқастардың үлесі негізгі топта бақылау тобымен салыстырғанда 1,1 есе жоғары екенін көрсетті (18,7 қарсы 17,4%). Бұл еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында, әсіресе радиациялық әсер ықтималдығы бар аумақтарда, профилактикалық шаралар мен денсаулықты мониторингілеудің маңыздылығын айқындайды.

2014-2023 жылдар аралығында негізгі және бақылау топтары тұрғындарының онкологиялық аурушаңдығының жыныстық құрылымы талданып, жыныстар арасындағы айырмашылықтар мен бесжылдық кезеңдер бойынша көрсеткіштердің серпіні анықталды. Негізгі топта әйелдер арасындағы ҚІ аурушаңдық деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда 311,1 жағдайды құрап, ерлер арасындағы көрсеткіштен (307,4) сәл жоғары болды. Бақылау тобында, керісінше, ерлер арасындағы аурушаңдық деңгейі 295,9, ал әйелдер арасында – 289,7 (100 мың тұрғынға шаққанда) болды. Бұл жынысқа байланысты аймақтық айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді.

4.6-кесте деректерін талдау әртүрлі радиациялық әсер деңгейіндегі аймақтарда тұратын тұрғындар арасында қатерлі ісік аурушаңдықтың жыныстық ерекшеліктерін екі бесжылдық кезең (2014-2018 және 2019-2023 жж.) бойынша анықтауға мүмкіндік береді. Негізгі топта бүкіл кезең ішіндегі ҚІ аурушаңдығының орташа деңгейі әйелдерде -100 мың тұрғынға шаққанда 311,1, ал ерлерде -307,4 жағдайды құрады, бұл әйелдер арасында

аурушандылықтың аздаған басымдығын көрсетеді. Бақылау тобында керісінше, ерлер арасында КІ аурушандық деңгейі жоғары болды – тиісінше 295,9 және 289,7 (100 мың адамға шаққанда).

Кесте 4.6 -жынысына байланысты қатерлі ісіктермен аурушандық (100 мың адамға шаққанда)

Кезеңдер	Топ	Әйелдер (абс.сан.)	Ерлер (абс.сан)	Әйелдердегі аурушандық (100 мың. адамға)	Ерлердегі аурушандық (100 мың. адамға)
2014-2018	Негізгі	470	400	316,8	316,5
	Бақылау	99	114	285,1	345,1
2019-2023	Негізгі	446	371	305,2	298
	Бақылау	108	91	294,1	251,1

2014-2018 жж. кезеңінде негізгі топта жыныстық ерекшеліктері бойынша айырмашылық болмады: әйелдерде -316,8, ерлерде -316,5 (100 мың адамға шаққанда) және (абсолюттік көрсеткіштер: 470 және 400 жағдай). Ал бақылау тобында бұл кезеңде ерлер арасындағы аурушандық едәуір жоғары болды - 345,1 қарсы 285,1 (100 мың адамға шаққанда), (114 және 99 жағдай).

2019-2023 жж. кезеңінде негізгі топта жыныс ерекшеліктері бойынша әйелдер де және еркектерде де КІ аурушандық төмендеді: әйелдерде -305,2 (446 жағдай), ерлерде -298,0 (371 жағдай). Бақылау тобында керісінше үрдіс байқалды: әйелдерде КІ аурушандық шамалы өсті -294,1 (108 жағдай), ал ерлерде едәуір төмендеді -251,1 (91 жағдай).

Статистикалық талдау (Пирсонның  $\chi^2$  критерийі және Фишердің дәл критерийі) екі топ арасында әйелдер бойынша да ( $p=0,3662$  және  $p=0,7686$ ), ерлер бойынша да ( $p=0,4477$  және  $p=0,1580$ ) айтарлықтай айырмашылықтарды анықтамады. Абсолюттік мәндер бойынша талдау да осыған ұқсас нәтижелер берді (2014-2018 жж. үшін: әйелдерде  $-p=0,167$  және  $p=0,169$ , ерлерде  $-p=0,34$  және  $p=0,348$ ).

Соған қарамастан, анықталған үрдістер назар аударуға тұрарлық. Негізгі топтағы әйелдер арасындағы тұрақты жоғары КІ аурушандығының деңгейі, скринингтік бағдарламалардың (маммография, цитология) кең ауқымды қамтуымен және диагностика қызметтерінің қолжетімділігімен байланысты болуы мүмкін. ДДСҰ (2018) және Jones et al. (2015) мәліметтері бойынша, әйелдер алдын алу тексерулеріне жиі қатысады, бұл онкологиялық ауруларды анықтау деңгейінің артуына әкеледі.

Ерлер арасында, әсіресе алғашқы бесжылдықта тіркелген жоғары көрсеткіштер, уран өндірісіне жақын аумақтарда иондаушы сәулеленудің төмен дозаларының ұзақ әсер етуімен байланысты болуы ықтимал. Бұл болжамды БҰҰ сәулелену жөніндегі ғылыми комитетінің (UNSCEAR, 2006) деректері де растайды: ұзақ уақыт бойы әсер ететін төмен радиациялық дозалар қарт және еңбекке қабілетті жастағы ер адамдар арасында онкологиялық қауіптердің артуына себеп болуы мүмкін.

Бақылау тобында 2019-2023 жж. ерлер арасындағы ҚІ аурушандығының төмендеуі жас құрылымындағы өзгерістермен, диспансерлік бақылаудың жақсаруымен және алдын алу шараларына қатысудың артуымен түсіндірілуі мүмкін [211, р. 184-209].

Осылайша, ҚІ аурушандық деңгейі тек радиациялық әсер деңгейіне ғана емес, жыныстық, демографиялық және әлеуметтік факторларға, соның ішінде медициналық көмектің қолжетімділігіне де тәуелді. Алынған нәтижелер онкологиялық ауруларды ерте анықтау және егде жастағы топтарда өлім-жітімді азайту мақсатында, әсіресе ерлер арасында скринингтік бағдарламаларды жалғастыру және кеңейту қажеттілігін көрсетеді.

### 4.3 Қатерлі ісік ауруларының локализациясы бойынша таралуы

Қатерлі ісіктер -ерте өлім-жітім мен мүгедектікке алып келетін аса маңызды медико-әлеуметтік проблемалардың бірі болып табылады. Аурушандық құрылымын және динамикасын орналасуы бойынша зерделеу, әсіресе РҚҚ жақын орналасқан аймақтарда, эпидемиологиялық жағдайды бағалауда маңызды рөл атқарады [212].

Осы бөлімде негізгі және бақылау топтарындағы қатерлі ісіктердің аурушандығы 2014-2023 жылдар аралығында талдау жүргізіліп, динамикалық өзгерістер, салыстырмалы қауіптер (RR) есептелді, статистикалық маңыздылық ( $\chi^2$  және р-маңызы) анықталды, және анықталған айырмашылықтарға әсер етуі мүмкін факторлар қарастырылды. Негізгі және бақылау топтарындағы халық арасында қатерлі ісіктердің құрылымы жөніндегі салыстырмалы деректер 4.7-кестеде көрсетілген.

Кесте 4.7 -Қатерлі ісіктердің құрылымы (%)

Шифр	Қатерлі ісіктің локализациясы	Негізгі топ	Бақылау тобы
1	2	3	4
C00-C14	Ерін, ауыз қуысы және жұтқыншақ қатерлі ісіктері	53 (3.1%)	18 (4.4%)
C15-C26	Ас қорыту жүйесі мүшелерінің қатерлі ісіктері	464 (27.5%)	122 (29.6%)
C30-C39	Тыныс алу ағзалары және көкірек қуысы мүшелерінің қатерлі ісіктері	234 (13.9%)	63 (15.3%)
C40-C41	Сүйек пен буын шеміршектерінің қатерлі ісіктері	5 (0.3%)	1 (0.2%)
C43-C44	Меланома және терінің басқа қатерлі ісіктері	164 (9.7%)	38 (9.2%)
C45-C49	Мезотелиалды және жұмсақ тіндердің қатерлі ісіктері	14 (0.8%)	5 (1.2%)
C50-C50	Сүт безінің қатерлі ісігі	206 (12.2%)	43 (10.4%)
C51-C58	Әйелдердің жыныс ағзаларының қатерлі ісіктері	193 (11.4%)	41 (10.0%)
C60-C63	Ерлердің жыныс ағзаларының қатерлі ісіктері	71 (4.2%)	12 (2.9%)
C64-C68	Зәр шығару жүйесінің қатерлі ісіктері	122 (7.2%)	23 (5.6%)
C69-C72	Қалқанша және басқа ішкі секреция бездерінің қатерлі ісіктері	42 (2.5%)	7 (1.7%)
C73-C75	Қалқанша және басқа ішкі секреция бездерінің қатерлі ісіктері	17 (1.0%)	12 (2.9%)

#### 4.7-кестенің жалғасы

1	2	3	4
C76-C80	Дәл көрсетілмеген, екінші реттік және нақтыланбаған локализациялардағы ҚІ	40 (2.4%)	9 (2.2%)

4.7-кестенің мәліметтеріне сәйкес, 2014-2023 жылдар аралығында негізгі және бақылау топтарындағы қатерлі ісіктер құрылымының талдауы уран өнеркәсібі объектілеріне жақын орналасқан халық арасында онкологиялық аурушандықтың белгілі бір локализацияларға шоғырланғанын көрсетті.

Ас қорыту жүйесінің ағзаларындағы қатерлі ісіктер (C15-C26) екі топта да ең жоғары үлесті алып отыр: негізгі топта -464 жағдай (27,5%), бақылау топта -122 жағдай (29,6%). Бұл локализациялар аурушандық құрылымында бірінші орынды иеленіп, радионуклидтердің алиментарлық жолмен ағзаға түсу ықтималдығын да көрсетуі мүмкін. Екінші орында тыныс алу және көкірек қуысы мүшелерінің ҚІ (C30-C39) -негізгі топта 13,9% (234 жағдай), бақылау топта -15,3% (63 жағдай). Бұл көрсеткіштер салыстырмалы және қоршаған ортаның жағдайына (ауаның сапасы, темекі шегудің таралуы және т.б.) байланысты болуы ықтимал. Үшінші орынды сүт безінің ісіктері (C50) алып отыр -негізгі топта 12,2% (206 жағдай), бақылау топта -10,4% (43 жағдай). Әйелдердің жыныс ағзаларындағы қатерлі ісіктердің (C51-C58) жиілігі де негізгі топта жоғары -11,4% қарсы 10,0%. Бұл айырмашылықтар биологиялық факторлармен қатар, скринингтік бағдарламаларға қатысу деңгейімен де байланысты болуы мүмкін. Тері ісіктері мен меланомалар (C43-C44) екі топта да шамамен ұқсас үлеске ие -тиісінше 9,7 және 9,2%. Зәр шығару жолдарының ҚІ (C64-C68) -7,2 және 5,6%, ал ерлер жыныс мүшелерінің ҚІ (C60-C63) -4,2 және 2,9% көрсеткіштерін көрсетті. Сүйек, көз, қалқанша безі мен ми ісіктері сирек кездесетін патологияларға жатады және екі топта да 3%-дан аспайды, бұл олардың жалпы құрылымға елеулі ықпал етпейтінін білдіреді.

Осылайша, аурушандық құрылымында асқазан-ішек жолдары, тыныс алу ағзалары және сүт безі қатерлі ісіктерінің басымдығы байқалады. Бұл жаһандық эпидемиологиялық үрдістерге сәйкес келеді және радиациялық немесе экологиялық факторлардың ықтимал әсерін одан әрі терең зерттеуді қажет етеді. Локализациялар бойынша айырмашылықтардың көпшілігі статистикалық тұрғыдан сенімді болмаса да ( $p > 0,05$ ), кейбір нозологиялық формалар (мысалы, C50, C60-C63) ерекше назар аударуды қажет етеді. Әсіресе, ерлердің жыныс мүшелеріндегі қатерлі ісіктер бойынша салыстырмалы қауіптің (RR) 2,3 есеге дейін жоғарылауы эпидемиологиялық маңыздылықтың жасырын болуы мүмкін екенін көрсетеді, тіпті сенімділік деңгейі төмен болса да.

Қатерлі ісіктер құрылымын талдаудан бөлек, негізгі және бақылау топтарындағы халық арасында аурушандықтың жиілік көрсеткіштері (интенсивтілік) есептелді. Бұл тәсіл екі топ арасындағы айырмашылықтарды статистикалық тұрғыдан салыстыруға мүмкіндік беріп, уран өндірісінің жанындағы қауіпті аймақта тұратын халық пен радиациялық әсері жоқ

аймақтағы халық арасындағы нақты эпидемиологиялық жағдайды бағалауға жол ашты.

Кесте 4.8 -ҚІ-дің орналасуына қарай топтар арасындағы аурушандықтың салыстырмалы талдауы (100 мың тұрғынға шаққанда)

Қатерлі ісіктің орналасуы	Топтар	2014-2018 жылдар	2019-2023 жылдар
Барлық қатерлі ісіктер	Негізгі топ	316,7	301,9
	Бақылау тобы	314,3	272,8
	p	>0,05	
Ас қорыту ағзаларының ҚІ	Негізгі топ	91,4	78,7
	Бақылау тобы	97,4	76,8
	p	>0,05	
Тыныс алу және көкірек қуысы ағзаларының ҚІ	Негізгі топ	43,0	42,9
	Бақылау тобы	48,7	41,1
	p	>0,05	
Сүт безінің ҚІ	Негізгі топ	31,7	38,4
	Бақылау тобы	29,5	31,5
	p	>0,05	
Әйелдердің жыныс ағзаларының ҚІ	Негізгі топ	31,7	36,2
	Бақылау тобы	25,1	32,9
	p	>0,05	
Ерлердің жыныс ағзаларының ҚІ	Негізгі топ	13,5	12,6
	Бақылау тобы	11,8	5,5
	p	>0,05	

4.8-кесте негізгі және бақылау топтарындағы қатерлі ісіктердің (ҚІ) аурушандығы бойынша 2014-2018 және 2019-2023 жылдар аралығындағы екі бесжылдық кезеңге қатысты салыстырмалы деректерді көрсетеді. Жалпы алғанда, екі топта да ұқсас динамика байқалады, алайда берілген кезеңде бірде-бір қатерлі ісік түрі бойынша статистикалық тұрғыда сенімді айырмашылықтар ( $p < 0,05$ ) анықталған жоқ.

Ас қорыту ағзаларының қатерлі ісіктері (C15-C26) зерттелетін топтарда онкологиялық аурушандық құрылымында жетекші орындардың бірін алады. 2014-2018 жылдары негізгі топта бұл көрсеткіш 100 мың халыққа шаққанда 91,4 жағдайды құрады, ал 2019-2023 жылдары 78,7-ге дейін төмендеді. Бақылау тобында да ұқсас төмендеу байқалды: 97,4-тен 76,8-ге дейін. Бірінші бесжылдықта бақылау тобындағы көрсеткіштің сандық артықшылығына қарамастан, топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық жағынан сенімсіз болды ( $\chi^2 = 0,2$ ;  $p > 0,05$ ).

Айта кету керек, ғылыми әдебиеттерде ас қорыту ағзаларының ісіктері иондаушы сәулеленудің әсеріне сезімтал деп сипатталады. Асқазан-ішек жолы төмен дозалы радиацияның ұзақмерзімді әсеріне аса осал болып келеді, бұл мутациялық өзгерістерге және канцерогенездің басталуына алып келуі мүмкін. Кейбір авторлар жекелеген радионуклидтердің созылмалы түсу жағдайында тіндерде жиналып, ас қорыту ағзаларында кешіктірілген канцерогендік әсер көрсетуі мүмкін екенін атап өтеді. [213]. Бұл мәліметтер Қазақстанда

жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелерімен де расталады. Атап айтқанда, радиоактивті қалдықтар қоймаларының маңында тұратын әйелдер арасында қатерлі ісіктердің жоғары аурушандығы тіркелген. Авторлар созылмалы радиациялық әсердің репродуктивтік денсаулық пен онкопатологияның, оның ішінде ас қорыту ағзалары ісіктерінің дамуындағы ықтимал теріс әсерін атап көрсетеді [214].

Ең айқын айырмашылықтар негізгі және бақылау топтары арасында С60-С63 шифрымен белгіленетін еркек жыныс мүшелерінің қатерлі ісіктері бойынша байқалды. 2014-2018 жылдар аралығында негізгі топта аурушандық деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда 13,5-ті құрады, ал бақылау тобында -11,8 болды. 2019-2023 жылдары бұл айырмашылық одан әрі ұлғайды: негізгі топта -12,6, ал бақылау тобында -5,5 жағдай. Бұл локализация бойынша салыстырмалы қауіп (RR) 2,3-ті құрап, негізгі топтағы аурушандық деңгейінің екі есе жоғары екендігін көрсетті. Алайда, айырмашылықтың статистикалық маңыздылығы расталған жоқ ( $\chi^2=2,0$ ;  $p>0,05$ ), бұл, мүмкін, бақыланған жағдайлардың аздығымен түсіндіріледі. Соған қарамастан, мұндай ауытқулар эпидемиологиялық маңызы бар үрдіс ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазақстандағы ресми статистикаға сәйкес, простата обыры бойынша аурушандықтың тұрақты өсімі байқалады, бұл ауру ерлердегі онкологиялық патологиялар арасында бірінші орында тұр. Атап айтқанда, 2009 жылы өсу қарқыны 6,9%-ды құрады (Zakon.kz, 2009). Бұл деректер Қазақстан ерлер популяциясында, әсіресе экологиялық қолайсыз өңірлерде, осы локализация бойынша мониторинг жүргізудің өзектілігін растайды.


Тыныс алу ағзалары мен көкірек қуысының қатерлі ісіктері (С30-С39) бойынша аурушандық негізгі және бақылау топтарында тұрақты деңгейде қалды. Негізгі топта көрсеткіш 2014-2018 жж. -43,0, ал 2019-2023 жж. -42,9 жағдайды құрады. Бақылау тобында тиісінше 48,7 және 41,1 жағдай болды. Топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімсіз ( $p>0,05$ ). Ұқсас үрдістер Ресей Федерациясының Ленинград облысында жүргізілген аймақтық зерттеулерде де байқалған, онда өнеркәсіптік қауіпті нысандарға жақын орналасқан аймақтарда тыныс алу және ас қорыту ағзаларының қатерлі ісіктері бойынша ең жоғары көрсеткіштер тіркелген [215].

Сүт безі қатерлі ісігі (С50) аурушандығының тұрақты өсу үрдісі байқалады: негізгі топта 100 мың тұрғынға шаққанда 31,7-ден 38,4-ке дейін, ал бақылау тобында -29,5-тен 31,5-ке дейін өскен. Негізгі топта көрсеткіштердің сәл жоғарылауына қарамастан, топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық маңызға ие емес ( $\chi^2=0,6$ ;  $p>0,05$ ). Белгілі болғандай, сүт безінің обыры радиациялық әсерге сезімтал ісіктердің қатарына жатады, әсіресе жас кезіндегі сәулеленуге ұшырау жағдайында. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, иондаушы сәуле сүт безінің канцерогендері тізіміне енгізілген [216]. Әйел жыныс мүшелерінің қатерлі ісіктері (С51-С58) бойынша да ұқсас динамика байқалды: негізгі топта аурушандық деңгейі 31,7-ден 36,2-ге дейін өсті, ал бақылау тобында -25,1-ден 32,9-ға дейін. Бұл топтамалар арасындағы айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімсіз ( $\chi^2=0,6$  және  $0,1$ ;  $p>0,05$ ). Алайда, бұл нозологиялық санатты талдауға қосу

экологиялық, оның ішінде радиациялық факторлардың жынысқа тән ықпалын неғұрлым толық түсінуге мүмкіндік береді.

Онкологиялық аурушандықтың ерекшеліктерін неғұрлым дәл бағалау мақсатында клиникалық және эпидемиологиялық маңызы жоғары төрт локализацияға бөлек талдау жүргізілді: асқазан обыры, өкпе обыры, сүт безінің обыры және қуықасты безінің обыры. Есептеу 2014 - 2023 жылдар аралығындағы жиынтық деректер негізінде 100 000 тұрғынға шаққандағы интенсивті көрсеткіштер арқылы жүргізілді.


Асқазан қатерлі ісігі бойынша негізгі топта аурушандық деңгейі 25,3 жағдайды құрады, бұл бақылау тобындағы көрсеткішпен (27,0) салыстырғанда шамалы ғана айырмашылықты көрсетеді ( $RR \approx 1,01$ ). Екі топ арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан сенімді емес. Өкпе обырының жиілігі негізгі топта 37,8 жағдайды, бақылау тобында 33,4 жағдайды құрады. Айырмашылық статистикалық маңызға ие болмағанымен, негізгі топтағы сәл жоғары көрсеткіш қоршаған орта факторларының ықтимал әсерін жоққа шығармайды. Сүт безінің қатерлі ісігі әйелдер популяциясы бойынша есептелді. Интенсивтілік негізгі топта шамамен 70 жағдайды, бақылау тобында шамамен 68 жағдайды құрады. Бұл локализация бойынша да айқын айырмашылық байқалған жоқ. Ең үлкен айырмашылық қуықасты безінің қатерлі ісігі бойынша тіркелді: негізгі топта  $\approx 25$  жағдай, бақылау тобында  $\approx 12$  жағдай ( $RR \approx 1,9$ ). Айырмашылықтың шамасы айқын болғанымен, статистикалық маңыздылыққа қол жеткізілген жоқ ( $p > 0,05$ ), бұл бақылау тобында жағдайлардың аз болуымен түсіндіріледі (4.2-сурет).



Сурет 4.2 -Негізгі және бақылау топтарындағы тұрғындар арасында алғаш рет тіркелген негізгі локализациялар бойынша аурушандық деңгейі, (100 мың тұрғынға шаққанда)


Жалпы алғанда, негізгі локализациялар бойынша алынған нәтижелер негізгі топта кейбір қатерлі ісік түрлерінің жиілігі жоғары болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, негізгі және бақылау топтары арасында негізгі локализациялар бойынша қатерлі ісіктердің аурушандық деңгейіндегі айырмашылықтар зерттелген кезеңде статистикалық тұрғыдан сенімді болған жоқ. Дегенмен, ерлер жыныс мүшелері мен ас қорыту ағзалары бойынша сандық айырмашылықтар қоршаған орта факторларының, соның ішінде радиациялық әсердің ықтимал әсерін көрсететінін жоққа шығаруға болмайды және бұл қосымша зерттеулерді қажет етеді. Жұмыста ұсынылған локализациялар қатерлі ісік құрылымындағы үлес салмағына ғана емес, сонымен қатар иондаушы сәулеленуге жоғары сезімталдық туралы бұрын жарияланған деректерге негізделе отырып таңдалған. Алынған нәтижелерді көрнекі түрде көрсету мақсатында 2014-2023 жылдар аралығындағы ҚІ негізгі құрлымдары бойынша жыл сайынғы аурушандықтың динамикасын бейнелейтін графиктер (4.3а, 4.3ә, 4.3б, 4.3г-сурет) құрылған.




а -ас қорыту ағзаларының қатерлі ісіктері; ә -тыныс алу ағзаларының қатерлі ісіктері

Сурет 4.3-2014-2023 жылдар аралығында негізгі және бақылау топтарында әртүрлі локализациялар (ХАЖ-10) бойынша қатерлі ісіктермен аурушандық динамикасы, парақ 1



б



б – сүт безінің қатерлі ісігі; в – әйел жыныс ағзаларының қатерлі ісіктері; г – ерлер жыныс ағзаларының қатерлі ісіктері


Сурет 4.3, парақ 2

Графиктерді (4.3-сурет) талдау нәтижесінде онкологиялық аурушандықтың көпшілік локализациясы бойынша (C15-C26, C30-C39, C50, C51-C58) негізгі топтағы көрсеткіштердің бақылау тобымен салыстырғанда зерттеу кезеңінің барлық жылдарында бірқалыпты жоғары деңгейде сақталғаны анықталды. Әсіресе, асқорыту жүйесінің қатерлі ісіктері (C15-C26) бойынша айырмашылықтар айқын байқалады -бұл локализацияда негізгі топтағы жиынтық көрсеткіштер кейбір ауытқушылықтарға қарамастан он жыл бойы жоғары деңгейде қалуда. Тыныс алу жүйесінің қатерлі ісіктері (C30-C39) бойынша 2023 жылға қарай негізгі топта күрт өсу тіркелсе, бақылау тобында бұл көрсеткіштер салыстырмалы түрде тұрақты сақталған. Сүт безі обыры (C50) мен әйелдердің жыныс ағзаларының қатерлі ісіктері (C51-C58) бойынша да негізгі топта аурушандықтың әсіресе соңғы жылдары өсу үрдісі байқалып отыр. Бұл жағдай экологиялық факторлардың ықпалымен немесе диагностиканың қолжетімділігінің артуымен байланысты болуы мүмкін. C60-C63 (ерлердің жыныс ағзалары) локализациясы бойынша графикте негізгі топта көрсеткіштердің бақылау тобынан тұрақты түрде асып түсу үрдісі анық көрінеді, бұл салыстырмалы талдау нәтижелерін визуалды түрде дәлелдейді.

Осылайша, 4.3а, 4.3ә, 4.3б, 4.3в, 3.6г-суретте ұсынылған визуализация ҚІ аурушандықтың динамикасын көрнекі түрде бақылауға және кестелік талдауда бірден байқала бермейтін негізгі үрдістерге назар аударуға мүмкіндік береді. Алынған деректер аурушандық деңгейіне әсер ететін факторларды -жас құрылымын, медициналық көмектің қолжетімділігін, кәсіби қауіптерді және өмір салтын -әрі қарай кешенді зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Онкоэпидемиологиялық жағдайды тереңірек зерделеу мақсатында негізгі және бақылау топтарында тұрғындар арасында аурудың сатысы бойынша таралуы зерттелді. Диагноз қойылған саты -қатерлі ісікті ерте анықтау мен

медициналық көмектің тиімділігі мен қолжетімділігінің маңызды индикаторы болып табылады. 4.4а, 4.4ә-суретте негізгі және бақылау топтарындағы қатерлі жаңа өскіндердің саты бойынша таралуы көрсетілген.




а – негізгі топ; ә – бақылау тобы

Сурет 4.4 -Қатерлі ісіктердің стадиясы бойынша таралуы

Қатерлі ісіктердің стадиялары жөніндегі деректер (4.4а, 4.4ә-сурет) төмендегіні көрсетеді: Екі топта да қатерлі ісіктердің ең көп үлесі II стадияда анықталған -негізгі топта 30,8% және бақылау топта 32,0%. Одан кейін III стадия (тиісінше 25,7 және 28,6%) және I стадияға (20,2 және 21,1%) келеді. IV стадия сирек анықталған: негізгі топта -16,2%, бақылау топта -13,1%. Ал сатысы анықталмаған жағдайлар 7,1 және 5,2% құрады. Пайыздық мәндердің ұқсастығына қарамастан, топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді емес (Пирсон  $\chi^2=5,27$ ;  $p=0,26$ ). Бұл онкологиялық диагностикаға қолжетімділік пен тұрғындардың медициналық көмекке жүгіну деңгейінің екі топта да ұқсас екенін көрсете алады. Анық айырмашылықтардың болмауы қатерлі ісіктің анықталу сатысының радиациялық факторға емес, аймақтың денсаулық сақтау жүйесіне байланысты екенін дәлелдейді.

Қатерлі ісіктердің жиілігінің радиациялық әсер ету аймағында өмір сүру ұзақтығына тәуелділігі қосымша ғылыми қызығушылық тудырады. Осы параметрді бағалау мақсатында негізгі және бақылау топтарындағы тұрғындардың өмір сүру ұзақтығына (жылдар бойынша) байланысты таралуы талданды (4.5-сурет).



Сурет 4.5 -Қатерлі ісік аурушандығының өмір сүру ұзақтығына байланысты таралуы

Ұсынылған деректерге сәйкес, қатерлі ісіктердің ең көп саны екі топта да 10-20 жыл өмір сүрген тұрғындар санатына тиесілі. Негізгі топта бұл санатқа 1028 адам (барлық жағдайлардың 60,9%-ы), ал бақылау тобында -205 адам (49,8%) жатады. Бұл дерек қоршаған ортаның ықтимал жағымсыз факторларының жинақталған әсері 10 жылдан кейін ең жоғары шегіне жететінін көрсетуі мүмкін.

Аталған аймақтрда 30 жылдан астам өмір сүргендер тобында да қатерлі ісіктерге шалдыққандардың елеулі үлесі байқалады: негізгі топта -257 адам (15,2%), бақылау тобында -70 адам (17,0%). Бұл көрсеткіштер зерттелген топтардың жас құрылымымен байланысты болуы мүмкін, себебі ұзақ уақыт өмір сүру биологиялық жаспен сәйкес келіп, қатерлі ісіктердің өз алдына қауіп факторы болуы ықтимал.

Өмір сүру ұзақтығы аз санаттарда (<10 жыл) аурушандық едәуір төмен: 5 жылға дейін -негізгі топта 130 адам (7,7%), бақылау тобында -38 адам (9,2%); 5-10 жыл аралығында -тиісінше 188 адам (11,1%) және 74 адам (18,0%). Бұл радиациялық және басқа да зиянды факторлардың канцерогендік әсерінің іске асуына жеткілікті уақыт болмағанын немесе бұл топтарда жасырақ тұрғындардың үлесі басым екенін көрсетуі мүмкін.

Осылайша, негізгі топта қатерлі ісіктерге шалдығудың ең жоғары деңгейі 10-20 жыл аралығында өмір сүрген тұрғындарда тіркелген. Бұл көрсеткіш ықтимал қауіпті факторлардың ұзақ мерзімді әсері мен халықтың жасқа байланысты осалдығымен байланысты болуы мүмкін. Бұл нәтижелер экологиялық жағынан қолайсыз аймақтарда онкологиялық қауіптерді бағалауда өмір сүру ұзақтығын ескерудің маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері негізгі және бақылау топтарының денсаулық жағдайын өмір сүру ұзақтығын ескере отырып, жүйелі түрде мониторингтен өткізу мен профилактикалық шараларды әзірлеудің қажеттілігін айғақтайды.

#### 4.4 Аурушандықтың стандартталған көрсеткіштері (SIR)

Радиациялық факторлардың әсер ету аймағындағы онкологиялық аурушандықты бағалау үшін аурушандықтың стандартталған көрсеткіштер коэффициентін (SIR – standardized incidence ratio) есептеу әдісі қолданылды. Бұл көрсеткіш нақты тіркелген қатерлі ісік жағдайларының санын эталондық жас құрылымы бойынша есептелген күтілетін мәндермен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, зерттелетін топтардың демографиялық құрылымындағы айырмашылықтар жағдайында маңызды, өйткені жастың әсерін алып тастап, аурушандық деңгейінің объективті бағасын алуға мүмкіндік береді. Осы бөлімде 2014-2023 жылдар аралығындағы негізгі және бақылау топтарында қатерлі ісіктер бойынша аурушандықтың стандартталған коэффициенттерін есептеу нәтижелері, сондай-ақ жас ерекшеліктері бойынша талдау ұсынылады. Бұл зерттеліп отырған аймақтардағы онкологиялық бейінді егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік берді.

Эталондық көрсеткіштер ретінде Қазақстан Республикасы мен Ақмола облысы бойынша 100 000 адамға шаққандағы ресми жас құрылымына сәйкес қатерлі ісікпен аурушандық коэффициенттері пайдаланылды. Екі эталондық популяцияны қолдану жалпыұлттық және өңірлік деңгейдегі аурушандықты есепке ала отырып, неғұрлым сенімді бағалау жүргізуге мүмкіндік берді. Осы эталондық көрсеткіштер негізінде негізгі және бақылау топтарының әрбір жас санатында қатерлі ісіктің күтілетін жағдайларының саны есептелді. Бұл нақты тіркелген және күтілетін аурушандық көрсеткіштерін салыстыруға және ықтимал техногендік факторлармен, соның ішінде радиациялық әсермен байланысты артық онкологиялық аурушандықты анықтауға мүмкіндік берді. Осылайша, АСК әдісі радиоактивті қалдықтар қоймаларына жақын орналасқан елді мекендерде ұзақ уақыт өмір сүрудің ықтимал эпидемиологиялық салдарын сандық тұрғыда бағалауға мүмкіндік беретін негізгі құралға айналды.

Кесте 4.9 -Негізгі және бақылау топтарында қатерлі ісіктер бойынша аурушандықтың стандартталған коэффициентінің (SIR) жиынтық көрсеткіштері

Топтар	ҚР бойынша салыстырмалы	95% СИ	Ақмола облысы бойынша салыстырмалы	95% СИ
Негізгі топ	0,97	0,92-1,02	0,88	0,83-0,92
Бақылау тобы	0,89	0,81-0,98	0,80	0,72-0,88


4.9-кестенің деректері көрсеткендей, Республика деңгейі мен Ақмола облысы бойынша эталондық көрсеткіштермен салыстырылған аурушандықтың стандартталған коэффициенттерін (бұдан әрі - АСК) талдау негізгі және бақылау топтары арасында елеулі айырмашылықтарды көрсетті. Негізгі топта АСК мәні республикалық деректермен салыстырғанда 0,97 құрады (95% сенімділік интервалы: 0,92-1,02), бұл қатерлі ісік аурушандық деңгейінің күтілетін шамамен салыстырмалы екенін көрсетеді. Алайда сенімділік интервалының жоғарғы шекарасына жақындығы аурушандық деңгейінің ықтимал арту үрдісін көрсетуі мүмкін, бұл өз кезегінде ұзақ уақыт бойы

жағымсыз экологиялық факторлардың, соның ішінде радиациялық әсердің ықпалымен байланысты болуы ықтимал.

Ақмола облысының эталондық көрсеткіштерімен салыстырғанда негізгі топта АСК айтарлықтай төмен  $-0,88$  (95% СА:  $0,83-0,92$ ) болып шықты, бұл өңірлік деңгейге қатысты статистикалық тұрғыдан маңызды төмендеуді білдіреді.

Бақылау тобында, керісінше, екі эталонмен салыстырғанда да SIR көрсеткіштері төмен болды: республикалық деректермен салыстырғанда  $0,89$  (95% СА:  $0,81-0,98$ ), ал облыстық деңгеймен салыстырғанда  $0,80$  (95% СА:  $0,72-0,88$ ). Бұл мәндер бақылау елді мекендерінде қатерлі ісік аурушандық деңгейінің төмен екенін көрсетеді, ол экологиялық жағдайдың қолайлы болуымен және радиациялық факторлардың әсерінің болмауымен түсіндірілуі мүмкін.

Аталған нәтижелер зерттеліп отырған топтар арасындағы эпидемиологиялық айырмашылықтардың бар екенін дәлелдейді, бұл техногендік, соның ішінде иондаушы сәуле әсерінің ықпалымен байланысты болуы мүмкін. АСК көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы бұл әдісті радиациялық қауіпі бар аймақтардағы қатерлерді бағалау және алдын алу стратегияларын қалыптастыруда тиімді құрал ретінде пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді. Алынған нәтижелер 4.6-суретте визуалды түрде бейнеленген, мұнда негізгі және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ республикалық және өңірлік эталондармен салыстырулар нақты көрсетілген.



Сурет 4.6 -Негізгі және бақылау топтарындағы аурушандықтың стандартталған көрсеткіштерінің республикалық және облыстық эталондармен салыстырмалы талдауы

4.6-суретте негізгі және бақылау топтарындағы аурушандықтың стандартталған коэффициенттерінің (SIR) республикалық және облыстық эталондық көрсеткіштермен салыстырғандағы айырмашылықтары көрнекі түрде бейнеленген. Негізгі топта қатерлі ісік аурушандық деңгейінің эталондық

деңгейден біршама жоғары екені тұрақты түрде байқалады, бұл экологиялық факторлардың халық денсаулығына әсер ету ықтималдығын көрсетеді. Ал бақылау тобында АСК эталондардан төмен болып, бұл елді мекендерде экологиялық жағдайдың қолайлы екенін және демографиялық ерекшеліктердің ықпалын көрсетуі мүмкін. График әртүрлі топтар арасындағы салыстырмалы қатер деңгейін жедел бағалауға мүмкіндік береді, мұнда негізгі топта АСК-дің тұрақты түрде жоғары екендігі, ал бақылау тобында аурушандықтың төмен деңгейде екендігі ерекше көрсетілген.

Онкологиялық аурушандық деңгейіне жас құрылымының ықпалын бағалау үшін негізгі және бақылау топтарында бес жас санаты бойынша аурушандықтың стандартталған коэффициенттері есептелді: <18 жас, 18-34 жас, 35-50 жас, 51-70 жас, және >70 жас. Бұл тәсіл қатерлі ісік аурушандықтың күтілетін деңгейден қандай жас топтарында жоғары екенін анықтауға және жас факторларының жалпы эпидемиологиялық көрініске қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Есептеу нәтижелері келесі заңдылықтарды көрсетті: <18 жас санаты: Негізгі топта аурушандықтың стандартталған коэффициенті 0,83 (95% сенімділік интервалы: 0,49-1,36) болып, күтілетін деңгейден төмен екенін көрсетті. Бұған ықтимал себеп ретінде осы жас тобында тіркелген жағдайлардың салыстырмалы түрде аздығы болуы мүмкін. Бақылау тобында да АСК көрсеткіші төмен -0,77 (95% СА: 0,32-1,85), бұл кәметке толмағандар арасында КІ аурушандықтың төмендеу үрдісін растайды, мүмкін қауіп факторларының әсері аз болғандықтан (4.10-кесте).

18-34 жас аралығы: Негізгі топта АСК көрсеткіші 1,34 (95% сенімділік интервалы: 1,02-1,76) құрап, күтілетін деңгейден статистикалық тұрғыдан жоғары екенін көрсетеді. Бұл нәтиже жас ағзаның канцерогенді әсерлерге, соның ішінде иондаушы сәулеленуге сезімталдығының жоғары болуымен және бұрынғы жылдары жиналған мутациялардың іске асуымен байланысты болуы мүмкін.

35-50 жас аралығы: Бұл санатта негізгі топта ең жоғары аурушандықтың стандартталған коэффициенті тіркелді – 2,51 (95% СА: 2,21-2,85), бұл онкологиялық аурушандықтың күтілетін деңгейден едәуір асып кеткенін білдіреді. Бақылау тобында SIR 1,16 (95% СА: 0,89-1,52) құрап, өсу үрдісі байқалғанымен, ол онша айқын емес. Бұл айырмашылықтар негізгі топта өмір сүру ортасының жағымсыз экологиялық факторларының әсерін растауы мүмкін.

51-70 жас аралығы: Негізгі топта SIR мәні 1,44 (95% СА: 1,35-1,54) болып, бұл жас санатында тұрақты жоғары онкологиялық аурушандық деңгейін көрсетеді. Ұзақ уақыт бойы радиациялық факторлардың жинақталуы осындай нәтижеге әкелуі мүмкін. Бақылау тобында SIR 1,12 (95% СА: 0,97-1,29) деңгейінде болып, эталонға жақын көрсеткішті көрсетеді.

>70 жас: Негізгі топта SIR 1,30 (95% СА: 1,17-1,45) деңгейінде, бұл көрсеткіш те күтілетін деңгейден жоғары. Бұл көрсеткіштердің жоғары болуы осы жастағы адамдардың ағзасында зиянды факторлардың жинақталған әсерін көрсетуі мүмкін. Бақылау тобында SIR 1,18 (95% СА: 0,97-1,43), бұл

салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш, әрі мұндай айырмашылықтар өмір сүру ұзақтығы мен медициналық көмекке қолжетімділіктің ерекшеліктерімен түсіндірілуі мүмкін.

Кесте 4.10 -Жас санаттары бойынша стандартталған аурушандық коэффициенттері (SIR)


Жас санаты	Негізгі топ SIR	95% СИ (Негізгі)	Контрольная группа SIR	95% СИ (Бақылау)
<18 жас	0,83	0,49-1,36	0,77	0,32-1,85
18-34 жас	1,34	1,02-1,76	0,78	0,43-1,37
35-50 жас	2,51	2,21-2,85	1,16	0,89-1,52
51-70 жас	1,44	1,35-1,54	1,12	0,97-1,29
>70 жас	1,3	1,17-1,45	1,18	0,97-1,43

Жас санаттары бойынша аурушандықтың стандартталған коэффициенттерінің (SIR) талдауы олардың бөлінуіндегі негізгі ерекшеліктерді анықтады. 18 жасқа дейінгі топты қоспағанда, барлық жас санаттарында негізгі топтағы SIR көрсеткіштері эталондық деңгейден жоғары болды. Ең айқын айырмашылықтар 18-34, 35-50 және 51-70 жас аралығындағы адамдарда байқалды. Бұл экологиялық қолайсыз факторлардың, соның ішінде радиациялық әсерлердің онкологиялық аурушандыққа ықпалын көрсетеді.

Әсіресе, 18-34 жас аралығы назар аударарлық: бұл топта SIR көрсеткішінің жоғары болуы жас ағзаның канцерогендік әсерлерге жоғары сезімталдығымен байланысты, бұл өз кезегінде мутациялардың жинақталуына және қатерлі ісіктердің дамуына ықпал етуі мүмкін.

4.7-суретте әртүрлі жас санаттарында негізгі және бақылау топтары арасындағы аурушандықтың стандартталған коэффициенттері деңгейлерінің графикалық салыстырмасы берілген. Бұл визуализация негізгі топтағы SIR көрсеткіштерінің тұрақты түрде жоғары екенін анық көрсетіп, радиациялық факторлардың халық денсаулығына ықпалын одан әрі зерттеу қажеттігін дәлелдейді.

4.7-суретте көрсетілгендей, негізгі және бақылау топтары арасындағы онкологиялық аурушандықтың стандартталған деңгейлерінде көпшілік жас санаттарында айқын айырмашылық байқалады. Әсіресе, 18 бен 70 жас аралығындағы ересек халық арасында айырмашылықтар ерекше көзге түседі, бұл жастағы топтарда негізгі топтағы SIR көрсеткіштері бақылау тобынан тұрақты түрде жоғары. Мұндай үрдіс ұзақ мерзімді перспективада сыртқы ортаның онкопатологияның қалыптасуына жағымсыз әсер етуі мүмкін екенін айғақтайды. Ең үлкен айырмашылық 35-50 жас аралығындағы санатта байқалады, бұл жаста негізгі топтағы SIR көрсеткіші бақылау тобына қарағанда екі еседен артық. Мұндай динамика ерекше назар аударуға тұрарлық, өйткені дәл осы еңбекке қабілетті жаста онкологиялық аурулардың салдары науқастың өзі үшін де, жалпы денсаулық сақтау жүйесі үшін де айтарлықтай маңызды.



Сурет 4.7 -Негізгі және бақылау топтарындағы жас санаттары бойынша стандартталған аурушандық коэффициенттері (SIR)


Алынған нәтижелер потенциалды радиациялық әсері бар аймақтарда мақсатты эпидемиологиялық қадағалаудың қажеттілігін және халықтың онкологиялық қауіптерін азайтуға бағытталған арнайы бағдарламалар әзірлеудің орынды екенін дәлелдейді.

#### 4.5 Өміршеңдік деңгейінің талдауы

Онкологиялық аурулары бар халықтың өміршеңдігін талдау -өмір сүру ұзақтығына әсер ететін факторларды анықтауға және диспансерлік бақылау тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік беретін зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы бөлімде өміршеңдіктің негізгі аспектілері қарастырылады, атап айтқанда: жыныс, жас, ісік локализациясы бойынша айырмашылықтар, сондай-ақ радиоактивті қалдықтар қоймаларына дейінгі қашықтық пен әсер ету аймағында тұру ұзақтығы сияқты экологиялық факторлар.

Талдау үшін келесі статистикалық әдістер қолданылды: жалпы және топтық өміршеңдікті графикалық бағалау үшін Каплан-Майер қисықтары, жыныс, жас, ісік орналасуы, тұрғылықты аймақ және онда тұру ұзақтығының әсерін ескеріп, өлімнің салыстырмалы қауіпін (Hazard Ratio, HR) сандық бағалау үшін Кокс регрессия моделі, диагноз қойылған кездегі қатерлі ісіктің сатысына әсер ететін факторларды бағалау үшін реттік логистикалық регрессия, сондай-ақ топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын бағалау үшін Log-rank тесті мен  $\chi^2$  критерийі. Талдау 2014-2023 жылдар аралығында негізгі және бақылау топтарында тіркелген қатерлі ісіктері бар тұрғындардың деректері негізінде жүргізілді.

Қатерлі ісігі бар науқастардың жалпы өміршеңдігін бағалау үшін Каплан-Майер қисығы тұрғызылды (4.8-сурет).



Сурет 4.8-Негізгі топ тұрғындарының жалпы өміршеңдік қисығы (Каплан-Мейер әдісі бойынша)

4.8 -суретте Каплан-Мейер әдісімен есептелген өміршеңдік қисығы көрсетілген. Талдау нәтижесі ауру анықталғаннан кейінгі алғашқы екі-үш жыл ішінде қисықтың ең күрт төмендегенін көрсетеді, бұл жағдайлардың елеулі бөлігінің кеш сатыда анықталуымен байланысты болуы мүмкін. Бес жылдық кезеңге жеткенде өміршеңдік қисығы біршама тұрақтанады, бұл ем қабылдаған және диспансерлік бақылауда болған науқастар арасындағы өлім-жітімнің баяулағанын көрсетеді. Жалпы когортада бес жылдық өміршеңдік деңгейі шамамен 43% құрады, бұл қатерлі ісіктер кезінде жиі байқалатын үрдіске сәйкес келеді: өлім қаупінің негізгі бөлігі диагноз қойылғаннан кейінгі алғашқы жылдары байқалады.


ҚІ бар тұрғындар (негізгі топ)	20	0,1839	0,2464	0,0974	0,0549	0,1503	0,0139	0,8206

5.3-кестеден көрініп тұрғандай, зәрдегі уранның нормализацияланған концентрациясының медианалық мәндері (мкг/г креатинин) негізгі топта жоғары болды: қатерлі ісігі бар тұлғалар арасында -0,097 мкг/г, ал бақылау тобында -0,052 мкг/г; дені сау адамдар арасында тиісінше - 0,089 және 0,061 мкг/г. Негізгі топтағы квантильдер аралық интервалдар кеңірек (ҚІ үшін: 0,0549-0,1503 мкг/г; дені сау үшін: 0,0544-0,1912 мкг/г), бұл көрсеткіштің айқынырақ өзгергіштігін және жекелеген жоғары мәндердің бар екендігін көрсетеді.

Барлық кіші топтардағы уранның нормализацияланған концентрациясының ең төменгі деңгейлері салыстырмалы (0,0139-0,0256 мкг/г) және әдістің сезімталдық шегінің төменгі шекарасына сәйкес келеді. Ең жоғарғы мәндер негізгі топта анықталды: ҚІ бар тұлғаларда - 0,82 мкг/г және дені сау адамдарда - 0,46 мкг/г.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, уран өндіретін кәсіпорын аумағында тұратын тұрғындардың зәріндегі уран концентрациясының деңгейлерінде шамалы артықшылық байқалды. Алайда бұл нәтижелер ҚІ бар-жоғының тікелей байланысын дәлелдеуге жеткіліксіз және оларды салыстырмалы әрі корреляциялық талдау аясында қосымша верификациялау қажет.

Кесте 5.4 -Ішкі топтар арасында зәрдегі уранның нормализацияланған концентрацияларын (мкг/г креатинин) салыстыру нәтижелері (Манн-Уитни критерийі)

Салыстыру	U	p-value
ҚІ бар науқастарды (негізгі топ) ҚІ бар науқастармен (бақылау тобы) салыстыру	301	0,0066
Сау адамдарды (негізгі топ) сау адамдармен (бақылау тобы) салыстыру	273	0,0499
ҚІ бар науқастарды сау адамдармен (негізгі топ) салыстыру	193	0,8604
ҚІ бар науқастарды сау адамдармен (бақылау тобы) салыстыру	161	0,2977

5.4-кестенің деректері бойынша, негізгі және бақылау топтарының арасындағы салыстырмалы талдауда статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықтар анықталды: қатерлі ісікпен ауыратын науқастар арасында ( $p=0,0066$ ), сондай-ақ сау адамдар арасында ( $p=0,0499$ ). Бұл көрсеткіштер негізгі топ тұрғындарының зәріндегі уранның нормализацияланған концентрациясының деңгейі жалпы алғанда жоғары екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, ішкі топтық салыстыру (ҚІ бар науқастарды сау адамдармен салыстыру) айтарлықтай айырмашылықтарды анықтамады: негізгі топта ( $p=0,8604$ ), бақылау топта ( $p=0,2977$ ). Бұл қатерлі ісіктің тікелей уран концентрациясымен байланысы жоқ екенін көрсетеді.

Айта кету керек, негізгі топтағы медианалық мәндер бірнеше жеке бақылаулардағы жоғары концентрациялар есебінен көтерілді (екі қатысушыда көрсеткіштер диапазонның жоғарғы шегінен асып түсті). Бұл жағдай квантильаралық ауытқудың кең болуына және жоғары максималды мәндерге (ҚІ бар науқастарда  $0,8206$  мкг/г және сау адамдарда  $0,4588$  мкг/г) алып келді. Дегенмен қатысушылардың көпшілігінде көрсеткіштер төмен деңгейде қалды.

Анықталған көрсеткіштер негізгі топта зәрдегі уран концентрациясының жоғарылаған жағдайлары кездесетінін көрсетеді, бұл техногендік радиациялық фактордың әсер аймағында өмір сүру жағдайларының ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен алынған нәтижелер алдын ала сипатқа ие және қатерлі ісікпен аурушандықтың деңгейімен тікелей себеп-салдарлық байланысты растауға жеткілікті негіз бермейді.

#### 5.4 Уранның нормаланған концентрацияларының корреляциялық талдауы

Уранның нормализацияланған концентрацияларының (мкг/г креатинин) клиникалық-демографиялық сипаттамаларымен ықтимал байланысын бағалау үшін Спирманның рангілік корреляция талдауы жүргізілді. Зерттеуге келесі айнымалылар енгізілді: жас, жыныс, қатерлі ісіктің болуы және негізгі немесе бақылау тобына жатуы (5.5-кесте).

Кесте 5.5 -Зәрдегі уранның нормализацияланған концентрациясының (мкг/г креатинин) клиникалық-демографиялық сипаттамалармен корреляциясы ( $\rho$ -Спирман коэффициенті)

Айнымалы	$\rho$ (rho)	p-value
Жас	0,142	0,223
Диагноз (қатерлі ісік/дені сау)	0,081	0,476
Жыныс (0 -ер, 1 -әйел)	0,092	0,416
Топ (НТ = 1, БТ = 0)	0,292	0,012*
*– $p < 0,05$ -статистикалық маңызды корреляция		

Нәтижелер уранның зәрдегі мөлшері мен жас ( $\rho=0,142$ ;  $p=0,223$ ), қатерлі ісіктің (ҚІ) болуы ( $\rho = 0,081$ ;  $p=0,476$ ) және зерттелушілердің жынысы ( $\rho=0,092$ ;  $p=0,416$ ) сияқты сипаттамалар арасында сенімді корреляцияның жоқ екенін

көрсетті. Бұл деректер әдебиетте келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді: уранның ағзадан шығарылу жылдамдығы жасқа тәуелді емес және онкологиялық үрдістің болуымен тікелей байланысты емес, себебі ағзаға түскен уранның шамамен 60-65%-ы зәр арқылы тез шығарылып отырады [225].

Керісінше, уран концентрациясы мен негізгі немесе бақылау тобына жату арасындағы статистикалық тұрғыдан мәнді оң корреляция анықталды ( $p=0,292$ ;  $p=0,012$ ). Бұл нәтиже айырмашылықтарды айқындайтын басты фактор - техногендік радиациялық әсер аймағында тұрумен байланысты аумақтық белгі екенін көрсетеді, ал жеке сипаттамалар (жас, жыныс, диагноз) айтарлықтай ықпал етпеген.

Алынған нәтижелерді объективті түсіндіру мақсатында олар шетелдік зерттеулерде жарияланған деректермен салыстырылды. Әдеби деректерге сәйкес, радионуклидтермен кәсіби байланысы жоқ адамдардың зәріндегі уран концентрациясы аймақтың геохимиялық ерекшеліктері мен ауыз су сапасына байланысты кең ауқымда өзгеріп отырады. 5.6-кестеде осы зерттеу барысында алынған және басқа елдерде жүргізілген бірқатар популяциялық зерттеулердің нәтижелері бойынша зәрдегі уран концентрациясының салыстырмалы көрсеткіштері келтірілген.

Кесте 5.6 -Зәрдегі уран концентрациясының деңгейін осы зерттеу нәтижелері мен әртүрлі елдерде жүргізілген популяциялық зерттеулер деректерімен салыстыру

Ел/Топ	Зәрдегі уранның концентрациясы, мкг/л (орташа мәні немесе ауқымы)	Дереккөз
АҚШ (жалпы популяция)	0,009-0,020 (медиана)	Miller et al., 2007
Израиль (жалпы популяция)	0,012-0,035	Karpas et al., 1998
Италия (жалпы популяция)	<0,05	Marco et al., 2007
Ирак (ҚІ бар науқастар)	4,01±0,17	Rahman et al., 2023
Ирак (дені сау тұрғындар)	2,01±0,15	Rahman et al., 2023
Қазақстан (негізгі топ, ҚІ бар науқастар)	0,18±0,28	осы зерттеу
Қазақстан (негізгі топ, дені сау тұрғындар)	0,05±0,03	осы зерттеу

Әдеби деректермен салыстыру нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның зерттелген елді мекендеріндегі тұрғындардың (қатерлі ісігі бар науқастар мен сау адамдарда да) зәріндегі уран концентрациясы жалпы популяцияға тән диапазонда орналасқан және Иракта тіркелген көрсеткіштерден едәуір төмен. Негізгі топтағы қатерлі ісікпен ауыратын науқастарда орташа мән 0,18 мкг/л құрады, бұл АҚШ-та (0,009-0,020 мкг/л) [223, р. 1-11], Израилде (0,012-0,035 мкг/л) [221, р. 86-89] және Италияда (<0,05 мкг/л) [222, р. 44-49] тіркелген деңгейлерден жоғары, бірақ Иракпен салыстырғанда (4,01 мкг/л) [225, р. 107218] айтарлықтай төмен болып қалды.

Ұқсас үрдіс сау адамдар арасында да байқалды: негізгі топта орташа концентрация 0,05 мкг/л құрап, АҚШ пен Израилдегі фондық мәндерден жоғары болғанымен, Ирактың сау тұрғындарындағы көрсеткіштерден (2,01 мкг/л) [225, р. 107218] ондаған есе төмен болды.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы зерттелген топтардың зәріндегі уран концентрациясы 0,4 мкг/л референттік мән шегінде болды. Алайда жеке жағдайларда тіркелген асып кетулер және негізгі топта бақылау тобымен салыстырғанда жоғарылау үрдісі техногендік факторлардың ықтимал әсерін бағалау мен әрі қарайғы мониторингтің қажеттілігін көрсетеді.

Негізгі топта зәрдегі уран концентрациясының көрсеткіштері абсолютті бірліктерде де, креатинин деңгейіне нормализацияланған түрде де есептелгенде, бақылау тобымен салыстырғанда жоғарырақ екені анықталды. Бұл айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан дәл негізгі және бақылау топтарының арасында ғана сенімді болды, ал қатерлі ісіктің болуы уран деңгейіне айтарлықтай ықпал етпеді. Референттік мәннен (0,4 мкг/л) асқан жекелеген жағдайлар уранның ағзаға жоғары мөлшерде түсу эпизодтарының болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың өмір сүру ортасындағы радиациялық-экологиялық факторларды әрі қарай зерттеудің және тұрақты мониторинг жүргізудің қажеттілігін айқындайды.

## **6 РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУШАҢДЫҚТЫ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ**

### **6.1 Радиациялық қауіп-қатерлерді азайтуға арналған қолданыстағы әдістерді талдау және жаңа тәсілдерді әзірлеу**

Радиоактивті қалдық қоймаларына жақын тұратын тұрғындар үшін радиациялық қауіпті азайту қазіргі заманғы технологияларды, ұйымдық шешімдерді және ағарту жұмыстарын қолдануды талап ететін кешенді міндет болып табылады. Жұмыстың негізгі бағыттары қорғаудың физикалық әдістерін, мониторингті жетілдіруді, аурулардың алдын алуды және инновациялық тәсілдерді енгізуді қамтиды.

Негізгі бағыттардың бірі – радонның әсерін азайту, өйткені ол радиациялық фоны жоғары аймақтарда тұратын тұрғындардың денсаулығына басты қауіп төндіреді. Физикалық қорғаныс әдістеріне ғимараттарды герметизациялау, үй-жайлардағы желдетуді жақсарту және құрылыс кезінде радон өткізгіштігі төмен материалдарды қолдану жатады. Бұл шаралар ауадағы радон концентрациясын төмендетуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде ішкі сәулелену дозасы айтарлықтай азаяды. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, желдету жүйелерін және радонды ұстап қалатын сорбенттерді дұрыс қолдану оның концентрациясын қауіпсіз деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе тұрғын үйлер мен білім беру мекемелері үшін өзекті.

Маңызды ұйымдастыру құралы радиациялық жағдайды бақылау және радондық қауіптілік дәрежесі бойынша аумақтарды аймақтарға бөлу болып табылады. Қазақстан аумағында радонның эквивалентті теңестірілген көлемдік белсенділігі (ЭТКБ) көрсеткіштерін ескеретін егжей-тегжейлі карталар жасау қажет. Бұл деректер ең қауіпті аймақтарда халықты қорғауға бағытталған нысаналы бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, азаматтардың хабардарлық деңгейін арттыру маңызды. Ақпараттық материалдарды тарату, білім беру семинарларын өткізу және ағартушылық бағдарламаларды енгізу -тұрғындардың қауіптерді түсінуіне және радиациялық қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруға белсенді қатысуына септігін тигізеді.

Уран өндірісінің радиациялық техногендік факторлары экологиялық жағдайдың ушығуына жиі себеп болып, уран өнеркәсібі нысандарына жақын орналасқан тұрғындар арасында онкологиялық аурулардың дамуына және өлім-жітім деңгейінің жоғары болуына қауіп төндіреді. Тұрғындарды радиоактивті техногендік факторлардың әсерінен қорғау мақсатында Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институты уран өнеркәсібі нысандарының әсер ету аймағында тұратын тұрғындар арасында онкологиялық аурушандық пен өлім-жітімді азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін және практикалық ұсынымдар әзірледі. Бұл ұсыныстар уран өндірісі нысандарына жақын орналасқан халық арасында қатерлі ісік ауруларының жиілігі мен түрлерін тұрақты бақылауды (мониторингті) көздейді.

Осы әдістемелік ұсынымдарда Солтүстік Қазақстандағы уран кен орындарына жақын орналасқан елді мекендерде жүргізілген радиациялық және эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Тұрғындардың сыртқы гамма-сәулеленуінен және радоннан алатын орташа жылдық тиімді дозасы тұрғындардың үй ішінде және сыртында болу уақытына, еңбек қызметіне және үй ішіндегі радон деңгейіне байланысты есептелді. Қоршаған ортаның радиоактивті ластануының салдарын азайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу қажеттігі жөнінде шешім қабылдаудың негізі – онкологиялық аурушандық пен өлім-жітім көрсеткіштері, үй ішіндегі ауа мен ауыз суда радон концентрациясын анықтау, құрылыс материалдарындағы радионуклидтер құрамын бағалау, дозалық жүктемелер мен әртүрлі халық топтарына радиациялық әсер деңгейін бағалауды қамтитын кешенді радиоэкологиялық және радиоэпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері болып табылады.

*Тұрғын және әкімшілік үй-жайларда орташа жылдық радонды ЭТКБ төмендетудің физикалық әдісі.* Әдіс дозалық жүктемені азайту үшін мынадай іс-шараларды жүргізуді көздейді:

– ғимараттың астындағы топырақты белсенді түрде разгерметизациялау (жертөледе немесе топырақта орналасқан монолитті еден астында радон шығару жүйесін орнату);

– үй-жайлардың желдетілуін жақсарту (механикалық желдету жүйесін орнату немесе табиғи желдету жүйесін тазарту және жақсарту);

– бірінші қабаттағы еденнің герметизациясы (радон өткізбейтін қабырғалық жабындарды қолдану);

– егер үйге радон судан (мысалы, жеке бұрғыланған құдықтан) еніп жатса, суды тазарту;

– аумақтың радиациялық мониторингі, халықтың критикалық топтарына дозалық жүктемені бағалау және талдау, радон қауіптілігі бойынша карталар жасау.

ЭТКБ радон деңгейін  $400 \text{ Бк/м}^3$ -ден төмен түсіру мүмкін болмаған жағдайда (тұрғындардың келісімімен) оларды көшіру және ғимараттарды адамдар шектеулі уақыт болатын нысандарға қайта бейіндеу мәселесі қарастырылады.

*Радиоактивті қалдықтар қоймасы мен консервацияланған уран кеніштері маңында тұратын тұрғындардың аурушандығы мен өлім-жітімін төмендетудің емдік-профилактикалық әдісі төмендегідей іс-шараларды қамтиды:*

1. Қан айналымы жүйесі ауруларынан және қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштерін ескере отырып, скринингтік медициналық тексеріп-қарау және диспансерлеу шеңберінде уран өнеркәсібі объектілерінің әсер ету аймағында тұратын тұрғындардың денсаулық жағдайына жыл сайын динамикалық бақылау жүргізу.

2. Белгіленген тәртіппен амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді және оларды медициналық оңалтуды қоса алғанда, өлімнің ең көп таралған себептерінің тізбесіне кіретін созылмалы соматикалық және онкологиялық

аурулары бар адамдарды нивелирлеу әдістерін пайдалана отырып, уақтылы сауықтыру.

3. Уран өнеркәсібі объектілерінің жанында тұратын тұрғындардың несебінен уран мөлшерін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу, себебі зәрдегі уран концентрациясы организмдегі уранның жинақталуының жеке биоиндикаторы болып табылады. Бұл зерттеулер дозалық жүктемені бағалауға және уран мөлшеріне байланысты халықтың критикалық топтарын анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мақсатты медициналық және профилактикалық іс-шараларды жүргізуге дозиметриялық негіз болады.

4. Техногендік радиациялық факторлардың ықтимал әсерінің нәтижесінде радиациялық сәулеленудің медициналық-биологиялық әсерін бағалау үшін салалық радиациялық-эпидемиологиялық тіркелім жанынан «Қатерлі ісіктер» тақырыптық ақпараттық жүйесін құру.

5. Уран өнеркәсібі объектілеріне жақын тұратын тұрғындардың әртүрлі жыныстық-жас топтарында ҚІ негізгі орналасуының көлемін, құрылымын, таралу сипатын көрсететін зерттеу материалдарын өз қызметінде өңірлік онкологиялық орталықтарға және аумақтық онкологиялық диспансерлерге, әсіресе скринингтік бағдарламаларды іске асыру кезінде емдеу-профилактикалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру кезінде пайдалану ұсынылады.

Аталған іс-шаралар мен әдістерді іске асыру медициналық мекемелер арасындағы тұрақты өңірлік өзара әрекеттестікке және халықтың санитарлық-гигиеналық әл-ауқатын қамтамасыз етуге алып келеді.

Медициналық іс-шаралар шеңберінде радиацияның әсеріне байланысты ауруларды ерте диагностикалауға ерекше назар аударылуы тиіс. Жүйелі профилактикалық тексерулер мен скринингтік бағдарламалар қатерлі ісіктерді ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді, бұл сәтті емделу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Перспективті бағыттардың бірі -радиацияның төмен дозалары әсеріне ұшыраған адамдарды оналту әдістерін енгізу, сондай-ақ антиоксиданттар мен радиопротекторларды қолдануды қамтитын профилактикалық емдеу курстарын әзірлеу. Профилактиканы, диагностика мен емдеуді біріктіретін кешенді тәсіл қатер аймағының тұрғындары арасында онкологиялық ауруды айтарлықтай төмендетеді алады.

Халықаралық деңгейде радиациялық қауіптерді барынша азайту бойынша елеулі тәжірибе жинақталған, ол Қазақстанға бейімделуі мүмкін. Мысалы, Еуропалық Одақ пен Солтүстік Америка елдерінде радон концентрациясын жаппай өлшеуді, ғимараттардағы радон құрамын заңнамалық реттеуді және тұрғын үй қорын жаңғыртуды қаржылық қолдауды қамтитын радон қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық бағдарламалар табысты пайдаланылады. Қазақстан өзінің ерекше климаттық және экологиялық жағдайларын ескере отырып, ұқсас шараларды жергілікті аймаққа бейімдей отырып жүзеге асыра алады.

Радиациялық әсерді төмендетудің жаңа тәсілдерін әзірлеу маңызды аспект болып табылады. Бұл радиациядан қорғау үшін наноматериалдар сияқты инновациялық технологияларды пайдалануды, сондай-ақ радиоактивті аймақтарды мониторингілеу үшін роботталған жүйелер мен дрондарды

қолдануды қамтиды. Адам организміне радиацияның ұзақ мерзімді әсерін зерделеуге бағытталған кешенді зерттеулер жүргізу қауіптерді болжаудың неғұрлым нақты математикалық модельдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен бір мезгілде халықты неғұрлым қауіпті аймақтардан көшіруді, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жеңілдіктер мен субсидиялар беруді, сондай-ақ радиациялық әсерден зардап шеккендерді қолдауды қоса алғанда, әлеуметтік аспектілерді ескеру маңызды.

Осылайша, радиациялық қауіптерді азайту бойынша ұсынылған шараларды іске асыру мемлекеттік органдардың, ғылыми мекемелердің және жергілікті тұрғындардың келісілген күш-жігерін талап етеді. Ғылыми негізделген әдістердің, заманауи технологиялардың және қоғамдастықтың белсенді араласуына негізделген кешенді тәсіл радиоактивті қалдықтар қоймаларының жанында тұратын халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартады.

## **6.2 Онкологиялық ауруларды ерте анықтау және урандық жүктемені мониторингтеу алгоритмдері**

Техногендік радиациялық факторлардың ықпал ету аймағында тұратын тұрғындар үшін онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау және урандық жүктемені жүйелі медициналық бақылау - денсаулық сақтау жүйесінің басым бағыттарының бірі. Иондаушы сәулеленудің төмен дозалары ұзақ уақыт бойы жинақталып, қатерлі ісіктердің даму қаупін арттыратыны белгілі. Сондықтан медициналық қызметкерлерге арналған нақты, клиникалық тұрғыдан қолдануға ыңғайлы алгоритмдер әзірлеу ерте диагностика сапасын арттыруға, критикалық топтарын уақтылы анықтауға және профилактикалық шараларды күшейтуге мүмкіндік береді.

Осы зерттеу шеңберінде техногендік экспозиция аймағында жұмыс істейтін дәрігерлерге арналған екі интеграцияланған клиникалық алгоритм әзірленді:


- онкологиялық ауруларды ерте анықтау алгоритмі;
- урандық жүктемені медициналық мониторингтеу алгоритмі.

### **1) Онкологиялық ауруларды ерте анықтау алгоритмі**

Онкологиялық аурулардың құрылымына сәйкес зерттелген өңірде ең жоғары үлеске ие және иондаушы сәулеленуге сезімтал төрт негізгі локализация таңдалды:

ас қорыту жүйесінің ісіктері, тыныс алу жүйесінің ісіктері, сүт безі обыры, ерлердің жыныс жүйесі ісіктері.

- Алгоритмнің негізгі элементтері (6.1-сурет).



Сурет 6.1 - Радиоактивті қалдықтар қоймасы мақанда тұратын тұрғындар арасында қатерлі ісіктерді (ас қорыту ағзаларының, тыныс алу жүйесінің, сүт безінің және ерлердің жыныс ағзаларының ісіктері) ерте диагностикалау алгоритмі.

Ескерту. Алгоритмді диссертант әзірледі.

### *Алгоритмнің құрылымдық мазмұны*

Онкологиялық ауруларды ерте анықтау алгоритмі тұрғындарды қауіп факторлары бойынша стратификациялауға және скринингтік тексерулерді кезең-кезеңмен жүргізуге негізделген. Алгоритм келесі негізгі элементтерді қамтиды:

тұрғындарды жас, жыныс және мінез-құлықтық/медициналық қауіп факторлары бойынша стратификациялау;

радиациялық әсер аймағында  $\geq 10$  жыл тұрған тұрғындарды жоғары қауіп тобына бөлу;

жыл сайынғы профилактикалық скрининг:

-асқазан-ішек жолдарына УДЗ, фиброгастроскопия (көрсеткіш бойынша);

-өкпенің рентгенографиясы немесе төмен дозалы КТ;

-әйелдерге: маммография немесе сүт безінің УДЗ;

-ерлерге: ПСА тесті;

кез келген патологиялық өзгеріс анықталған жағдайда науқасты онкологқа жедел маршрут бойынша жолдау;

динамикалық бақылау (жыл сайын немесе қауіп деңгейіне қарай жиірек).

Бұл алгоритм онкологқа дейінгі кезеңде ерте анықтау тиімділігін арттыруға бағытталған және алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына бейімделген.

2) Урандық жүктемені медициналық мониторингтеу алгоритмі

Уран организмге үш негізгі жолмен түседі:


–ауыз су арқылы,

–тағам өнімдері арқылы,

–ингаляциялық жолмен (әсіресе радон және оның ыдырау өнімдері).

Зәрдегі уран концентрациясы -ішкі сәулеленудің сенімді биологиялық маркері, сондықтан урандық жүктемені бағалауда негізгі диагностикалық көрсеткіш ретінде қабылданады.

Алгоритмнің құрылымы (6.2-сурет).



Сурет 6.2 - Техногендік радиациялық әсер ету аймағында тұратын тұрғындар арасында зәрдегі уран мөлшері бойынша урандық жүктемені медициналық мониторингтеу алгоритмі.

Ескерту. Алгоритмді диссертант әзірледі.

### ***Алгоритмнің құрылымдық мазмұны***

Урандық жүктемені бағалау және тұрғындарды клиникалық бақылауға алу келесі кезендерден тұрады:

- Популяцияны стратификациялау;
- радиациялық әсер аймағында  $\geq 10$  жыл тұрған тұрғындарды анықтау;
- уранмен кәсіби немесе тұрмыстық байланыста болуы мүмкін тұрғындарды белгілеу.

Бастапқы зертханалық скрининг:

- зәрдегі уран концентрациясын ICP-MS әдісімен анықтап, креатининге нормализация жүргізу (мкг/г креатинин);
- референттік деңгейден жоғары көрсеткіштерді тіркеу.

Қайталама тексеру және қауіп тобын қалыптастыру:

- жоғары концентрация анықталған адамдарды қайта тексеру;
- тұрақты жоғары деңгейі бар тұрғындарды критикалық топқа енгізу.

Жоғарыда аталған көрсеткіштер анықталған жағдайда, қосымша клиникалық және радиациялық бағалау жүргізу қажет:

- толық қан талдауы, бүйрек және бауыр биохимиялық көрсеткіштері ;
- тұрғылықты жердегі радон деңгейін және сыртқы сәулелену дозасын бағалау.

Кейінгі динамикалық бақылау келесі реттілікте жүргізіледі:

- жылына 1 рет - төмен қауіп тобына;
- 3 - 6 ай сайын - орташа қауіп тобына

Тереңдетілген клиникалық зеттеу (салалық дәрігерлерде: қажеттілікке қарай онколог, терапевт, радиолог консультациясы) - жоғары қауіп тобына.

Алгоритмдердің клиникалық маңызы ұсынылған интеграцияланған тәсілдердің практикалық құндылығымен айқындалады. Олар техногендік радиация әсерін бағалау үдерісін стандарттай отырып, онкологиялық қауіпті дәлірек айқындауға мүмкіндік береді және қатерлі ісіктерді ерте анықтау тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, бұл алгоритмдер жалпы тәжірибелік дәрігерлердің, терапевттердің және онкологтардың үйлесімді, бірізді жұмысын қамтамасыз етіп, урандық жүктемесі жоғары топтар үшін диспансерлік бақылауды оңтайландырады.

### **6.3 Радиациялық қауіптер туралы тұрғындарды ақпараттандыруға бағытталған кешенді санитарлық-ағарту жұмыстарын әзірлеу және енгізу**

*Тұрғындардың радон қауіпсіздігі бойынша ұсынымдар:*

- радон қауіпсіздігінің Ұлттық бағдарламасын бекіту және іске асыру, Қазақстан аумағының радиоактивті ластану көздерін түгендеу және оларды радиациялық факторлардың: атмосфераның, топырақтың, судың және үй-жайлардың жер қабатындағы радон концентрациясының қосындысы бойынша аймақтарға бөлу;

- тұрғындар арасында радон қауіпсіздігі бойынша санитарлық ағарту жұмысын ұйымдастыру (радон мониторингінің маңыздылығы, радонның халық денсаулығына әсері, ауа мен судағы радонның артық мөлшерін анықтау кезінде азайту шаралары);

- дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсынымдарына сәйкес радон концентрациясын төмендетуге арналған стандарт әзірлеп, бекіту;

- үйлердің құрылысына қолданылатын радиоактивті ластанған материалдардың теріс әсері жөнінде халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- консервацияланған кеніштерді жергілікті атқарушы органдардың балансына беру және олардың қоршауларының тұтастығын қамтамасыз ету;

- консервацияланған кеніштер аумағының күзетілуін қамтамасыз ету.

Радиациялық қауіптерді азайту және соматикалық аурулардың алдын алу бағытындағы маңызды бағыттардың бірі -радиациялық факторлардың әсері, қорғану және алдын алу шаралары туралы тұрғындардың хабардарлығын арттыру болып табылады. Бұл тармақ радиоактивті қалдықтар қоймалары маңында тұратын халықты ақпараттандыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асырудың әдістемелік тәсілдерін талдауға арналған.

Нұсқауларға сәйкес, радиацияның теріс әсерін азайтудың тиімді тәсілдерінің бірі азаматтарда тұрақты қауіпсіздік дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл радиацияның әсері, ықтимал қауіптері және алдын алу шаралары туралы ғылыми негізделген ақпаратты тарату арқылы жүзеге асырылады. Бұл әсіресе радиациялық қауіпті нысандарға жақын орналасқан өңірлердің тұрғындары үшін аса маңызды, өйткені мұндай аймақтарда халықтың хабардарлық деңгейі көбінесе төмен болып қала береді.

Радиобиология және радиациялық қорғау институты (РРҚИ) жүргізген зерттеулер көрсеткендей, мұндай өңірлердегі халықтың тек 25%-ы ғана радиациялық фон, радоннан қорғану тәсілдері және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу қағидаттары туралы базалық ақпаратқа ие. Бұл радиациялық қауіпсіздік саласында тұрғындарға дәріптеуді де, мамандарды даярлауды қоса алғанда, жүйелі тәрбие жұмысының қажеттігін көрсетеді.

Техногендік радиоактивті қалдықтардың әсерінен халықты қорғау мақсатында Радиобиология және радиациялық қорғау институты (РРҚИ) СТХК радиоактивті қалдықтар қоймасының ықпал ету аймағында тұратын тұрғындар арасында соматикалық және онкологиялық аурулардың дамуымен байланысты радиациялық қауіптерді төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін және практикалық ұсынымдарды әзірледі. Оған СТХК радиоактивті қалдықтар қоймасына жақын орналасқан әртүрлі жас топтарындағы тұрғындар арасында аурулардың жиілігі мен таралу спектрін мониторингтеу кіретін келесі шаралар қарастырылған:

1. СТХК радиоактивті қалдықтар қоймасы орналасқан аумақтың радиациялық жағдайын жүйелі түрде зерттеу.

2. Радиоактивті қалдықтар қоймасы аймағында тұратын халықтың денсаулығының жағдайын жыл сайын динамикалық бақылау жүргізу.

3. СТХК радиоактивті қалдықтар қоймасы маңында тұратын халықтың радиациялық қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету, профилактикалық медициналық тексерулер немесе скринингтік зерттеулер жүргізу, денсаулық топтарына бөлу, практикалық түрде сау және созылмалы науқастарды

диспансерлік бақылау жүргізу; бұл 3 сатылы медициналық-әлеуметтік қалпына келтіру принциптеріне негізделген және міндетті түрде сауықтыру-курорттық кезеңді қамтиды. Қажет болған жағдайда стационарда тереңдетілген медициналық тексерулер жүргізу, ауруларды ерте анықтау, емдеу және медициналық реабилитациялау; қажет болғанда жоғары технологиялық мамандандырылған ем және медициналық реабилитация үшін профильді республикалық клиникаларға жолдау жүзеге асыру.

4. Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде радиациялық қалдықтар қоймасының әсер аймағындағы елді мекендердің тұрғындары, мемлекеттік органдар, ғылыми және медициналық ұйымдар, жұмыс берушілер арасындағы мақсатты өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

*Ақпарат беру бағдарламаларының негізгі элементтері*

Тиімді ақпарат беру бағдарламалары бірнеше негізгі құрамдас бөліктерді қамтуы тиіс:

1. *Қауіптер туралы ақпаратты тарату:*

Радиацияның негізгі көздерін және оның әсерін азайту жолдарын түсіндіретін ақпараттық буклеттер, парақшалар мен плакаттар жасау.

РРҚИ мамандарының қатысуымен халыққа оқу семинарлары мен лекциялар өткізу.

2. *Заманауи технологияларды қолдану:*

Нақты уақытта радиациялық фон туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін мобильді қосымшалар мен веб-сайттарды әзірлеу.

Оқу материалдарының қолжетімділігін жақсарту үшін онлайн курстар мен бейне оқулықтар.

3. *Жергілікті қоғамдастықтармен серіктестік:*

Білімді тарату және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдарды белсенді тарту.

Мектептерде, медициналық мекемелерде және басқа да қоғамдық орындарда «Радиациялық қауіпсіздік күндерін» ұйымдастыру.

*Тәжірибелік іске асыру*

Бағдарлама радиациядан зардап шеккен аймақтардың ерекшеліктерін ескеруі керек. Мысалы, радиоактивті қалдықтардың ең ірі қалдықтары қоймасы орналасқан Ақмола облысында балаларды, жасөспірімдерді және жүкті әйелдерді ақпараттандыруға баса назар аудару қажет, өйткені бұл топтар радиацияның әсеріне ең осал болып табылады.

РРҚИ қазірдің өзінде тұрақты мониторингтік зерттеулерді және олардың нәтижелері туралы тұрғындарды хабардар етуді қамтитын пилоттық жобаларды әзірледі. Радон деңгейлері мен басқа да радиациялық факторлар туралы ақпарат қолжетімді және түсінікті түрде ұсынылып, әсерді азайту бойынша ұсыныстар берілуі маңызды.

*Күтілетін нәтижелер*

Ақпарат беру бағдарламаларын жүзеге асыру келесі нәтижелерге әкелуі тиіс:

1. Тұрғындар арасында радиациядан қорғану әдістері туралы білім деңгейінің артуы.

2. Радиациялық факторлардың әсерін барынша азайту үшін тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру.

3. Сәулеленудің төмен дозаларының созылмалы әсеріне байланысты аурулардың жиілігін азайту.

Осылайша, ақпарат беру жұмысына жүйелі түрде қарау радиациялық қауіптерді азайтып қана қоймай, радиациялық қауіпті объектілердің маңында тұратын халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл маңызды міндетті шешуде мемлекеттің, ғылыми мекемелердің және қоғамның бірлескен күш-жігері табыстың кепілі болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Радиоактивті қалдық қоймалары маңында тұратын тұрғындардың онкологиялық аурушандығын зерттеу радиациялық факторлардың адамдардың денсаулығына айтарлықтай әсерін анықтады. Кешенді эпидемиологиялық талдау көрсеткендей, әсіресе радонды жұтудың салдарынан болатын радиациялық әсер қатерлі ісіктердің даму деңгейіне, аурушандықтың жас құрылымына және науқастардың өмір сүру ұзақтығына маңызды ықпал етеді. Алынған деректер экологиялық факторларды зерттеудің онкологиялық аурулардың даму қаупін бағалауда және алдын алу шараларын негіздеуде маңыздылығын растайды.

*Зерттеу нәтижелері бойынша біз келесі қорытындылар жасадық:*

1. РҚҚ әсер ету аймағында орналасқан елді мекендерде сыртқы сәулелену деңгейі мен радон концентрациясы республикалық орташа мәндерден жоғары; жылдық тиімді доза 7-28 мЗв/жылға дейін жетеді, ал республикалық орташа көрсеткіш 1-4 мЗв/жыл деңгейінде.

2. РҚҚ маңында тұратын негізгі топта 2014-2023 жылдар аралығында КІ орташа жылдық аурушандық деңгейі 100 000 тұрғынға шаққанда 309,4-ті құрады, бұл бақылау тобындағы көрсеткіштен (100 000 тұрғынға шаққанда 292,8) 1,06 есе жоғары және Ақмола облысы бойынша орташа деңгейден 1,3 есе, ал Қазақстан Республикасы бойынша 1,6 есе артық. Стандартталған аурушандық көрсеткіші (SIR) бойынша күтілетін деңгейден жоғары мәндер 18-34 жас (SIR=1,34), 35-50 жас (SIR=2,51) және 51-70 жас (SIR=1,44) жас санаттарында анықталып, еңбекке қабілетті тұрғындардың қоршаған ортаның қолайсыз факторларына жоғары осалдығын көрсетеді. Негізгі топтағы онкологиялық аурушандық құрылымында сандық жағынан асқазан обыры, өкпе обыры, сүт безі обыры және ерлердің жыныс ағзаларының ісіктері басым болды. Үш локализация бойынша (асқазан, өкпе, сүт безі) негізгі және бақылау топтарындағы аурушандық көрсеткіштері өзара салыстырмалы болып ( $RR \approx 1,01$ ;  $p > 0,05$ ), статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтардың жоқтығын көрсетті. Қуық асты безі обыры бойынша аурушандықтың салыстырмалы қауіпінің жоғарылауы байқалды ( $RR \approx 1,9$ ), алайда бақылау тобындағы жағдайлар санының аз болуына байланысты бұл көрсеткіштің интерпретациясы шектеулі.

3. Математикалық модельдеу негізінде әзірленген болжамдық модель қазіргі техногендік - радиациялық ахуал сақталған жағдайда 2030 жылға қарай РҚҚ маңында тұратын тұрғындар арасында КІ таралуы 15 - 18%-ға дейін артуы мүмкін екенін көрсетті. Бұл ретте болжамдалған аурушандық құрылымында ас қорыту ағзаларының, тыныс алу жүйесінің, сүт безінің және ерлердің жыныс ағзаларының ісіктері басымдық танытады.

4. Зәрдегі уран мөлшерін креатининге нормализацияланған түрде талдау РҚҚ маңында тұратын тұрғындарда бақылау тобымен салыстырғанда уран мөлшерінің статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары екенін көрсетті: онкологиялық науқастарда - 0,18 мкг/л (бақылау тобында - 0,03 мкг/л), сау адамдарда - 0,05 мкг/л (бақылау тобында - 0,04 мкг/л). Креатининге

нормализациялау бұл айырмашылықтың сақталатынын растады ( $p = 0,005$ ). Анықталған айырмашылықтар зәрдегі уран мөлшерінің жоғары болуы мен РҚҚ маңында тұру арасындағы статистикалық байланысты көрсетіп, онкологиялық қаупі жоғары критикалық халық тобын қалыптастыру және медициналық дозиметриялық мониторингті міндетті түрде күшейту қажеттігін негіздейді.

5. Зерттеу нәтижелері негізінде РҚҚ әсер ету аймағында тұратын тұрғындар үшін медициналық көмек көрсету алгоритмі әзірленді. Аталған алгоритм мақсатты скринингтік бағдарламаларды қалыптастыруға және қолданыстағы бағдарламаларды кеңейтуге, қатерлі ісіктердің ең жиі кездесетін локализацияларын ерте диагностикалауға бағытталған, сондай-ақ онкологиялық қаупі жоғары топтарды анықтауды және қатерлі ісікке күдік болған жағдайда науқастарды маршрутизациялау жүйесін оңтайландыруды қамтиды.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫМДАР

### **1. Дәрігерлер үшін (алғашқы медициналық-санитариялық көмек, онкологтар)**

#### ***1.1. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек дәрігерлеріне (жалпы тәжірибелік дәрігер, терапевт):***

- техногендік радиациялық әсер аймағында  $\geq 10$  жыл тұратын тұрғындарды жоғары онкологиялық қауіп тобына жатқызу;

- жыл сайынғы профилактикалық тексерулер аясында тұрғындардың жалпы соматикалық жағдайын және онкологиялық қауіп белгілерін бағалау;

- ас қорыту ағзалары, тыныс алу жүйесі, сүт безі және жыныс жүйесі бойынша мақсатты ерте анықтау скринингтерін жүргізу;

- 6.1-суретте ұсынылған алгоритмге сәйкес диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша өзгерістер анықталған жағдайда пациентті онкологқа жедел жолдау.

#### ***1.2. Онколог дәрігерлерге:***

- жоғары қауіп тобына жататын пациенттерге арналған кеңейтілген диагностикалық тексерулерді ұйымдастыру;

- диспансерлік бақылаудың жеке жоспарын қалыптастыру;

- урандық жүктемесі анықталған тұрғындар үшін бақылау жиілігін арттыру.

### **2. Медициналық ұйымдар үшін (емханалар, ауруханалар)**

- онкологиялық ауруларды ерте анықтау және урандық жүктемені медициналық мониторингтеу бойынша ұсынылған ғылыми-негізделген алгоритмдерді (6.1 және 6.2-суреттер) профилактикалық және консультативтік жұмыс барысында пайдалану;

- зәрдегі уран мөлшерін жылына кемінде 1 рет анықтау;

- зәрдегі уран мөлшерінің референттік деңгейден жоғары болған жағдайда қайта тексеруді, УДЗ және мамандар кеңесін (онколог, нефролог) ұйымдастыру;

- жоғары радиациялық фонның әсер ету аймағында тұрғындар үшін диспансерлік бақылау жүйесін жетілдіру.

### **3. Қоғамдық денсаулық сақтау және эпидемиология қызметтері үшін**

- жоғары радиациялық фонның әсер ету аймақтарында тұратын тұрғындар үшін жоғары онкологиялық қауіп топтарын қалыптастыру және жаңарту;

- урандық жүктеме, сәулелену дозалары және КІ аурушандық арасындағы байланысты эпидемиологиялық талдау;

- алынған деректер негізінде өңірлік профилактикалық бағдарламаларды жоспарлау;

- онкологиялық аурулар тіркелімі мен электрондық медициналық карталар негізінде эпидемиологиялық талдау жүргізу.

### **4. Санитарлық-ағарту және профилактика қызметтері үшін**

- тұрғындар арасында радиациялық факторлар мен урандық жүктеменің денсаулыққа әсері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- профилактикалық тексерулер мен скринингтердің маңызын түсіндіру;

- тұрмыстық деңгейде урандық жүктемені төмендетуге бағытталған ұсыныстар беру.

#### **5. Денсаулық сақтау жүйесін басқару органдары үшін**

- ҚР ДСМ №300 бұйрығына сәйкес аталған аймақта тұратын тұрғындардың электрондық медициналық карталармен интеграцияланған жеке дозалық карталарды онкологиялық тіркелімге енгізу;

- радиациялық тұрғыдан ықтимал ластанған аумақтарда тұратын тұрғындар үшін мақсатты скрининг бағдарламаларын қаржыландыру және ұйымдастыру;

- денсаулық сақтау органдары арасында өзара ынтымақтастықты (медицина - ғылым - экология) күшейту.

#### **6. Білім беру және ғылыми ұйымдар үшін**

- радиациялық медицина, онкология және қоғамдық денсаулық салалары бойынша урандық жүктеме биомаркерлері мен ерте анықтау алгоритмдері туралы материалдарды оқу бағдарламаларына енгізу;

- сәулелену дозасы мен онкологиялық қауіп арасындағы байланысты бағалайтын болжамдық модельдерді ғылыми зерттеулер арқылы жетілдіру.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Трапезников Н.Н., Аксель Е.М. Заболеваемость злокачественными новообразованиями и смертность от них населения стран СНГ в 1996 г. – М.: ОНЦ РАМН, 1997. – 302 с.
- 2 Злокачественные новообразования в России в 2000 г. (заболеваемость и смертность) / под ред. В.И. Чиссова, В.В. Старинского. - М.,: Ранкопресс, 2002. - 264 с.
- 3 Заридзе Д.Г. Здоровье населения и Семипалатинский ядерный полигон // Медицинская экология. -2001. -№1. -С. 14-20.
- 4 Заридзе Д.Г. Эпидемиология и профилактика рака // Вестник РАМН. - 2001. - №9. - С. 6-14.
- 5 Whelan S.L., Farley J. Cancer incidence in five continents. -NY., 1997. - Vol. 7. - 871 p.
- 6 Coleman M.P., Esteve J., Damiecki Ph. Trends in cancer incidence and mortality. - Lyon: JARC, 1993. - 814 p.
- 7 Гексли Дж. Рак как биологическая проблема / пер с англ. - М., 1960. - 178 с.
- 8 Биология злокачественного роста / под ред. Ю.М. Васильева. - М.: Наука, 1965. - 256 с.
- 9 Зильбер Л.А. Вирусно-генетическая теория возникновения опухолей. - М.: Наука, 1968. - 286 с.
- 10 Казымбет П.К., Беланог А.А., Имашева Б.С. и др. Комплексное радиоэкологическое исследования уранодобывающих территорий и близлежащих населенных пунктов северного Казахстана // Астана медициналық журналы. -2005. -№3. -С. 61-65.
- 11 Karpov A.B., Semenova Yu.V., Takhauov R.M. et al. Preclinicaldiagnostics of homeostatic disbalance in plants personnel // Widening the Radiation Protection World: proced. 11th internat. congr. of the International Radiation Protection Association. - Madrid, 2004. - P. 39.
- 12 Рябухин Ю.С. Низкие уровни ионизирующего излучения и здоровье: системный подход // Медицинская радиобиология и радиационная безопасность. -2000. -№3. -С. 5-45.
- 13 Бабаев Н.С., Демин В.Ф., Ильин Л.А. и др. Человек и окружающая среда. -М.: Энергоатомиздат, 1984. -312 с.
- 14 Ильницкий А.П., Соловьев Ю.Н. Основные направления первичной профилактики рака // Первичная профилактика рака: сб. - М., 1986. - С. 5-14.
- 15 Кавецкий Р.Е. Взаимодействие организма и опухоли. - Киев: Наукова думка, 1977. -235 с.
- 16 Москалев Ю.И., Стрельцова В.Н. Лучевой канцерогенез в проблеме радиационной защиты. -М.: Энергоатомиздат, 1982. -121 с.
- 17 Hirono J. Natural Carcinogenic Products of Plant Origin // CRC Crit. Rev. Toxicol. - 1981. - Vol. 8, Issue 3. - P. 235-277.
- 18 Воробьев Б.И., Воробьев С.В. Опыт лечения ликвидаторов последствий аварии на ЧАЭС с патологией щитовидной железы //

- Экологически обусловленные заболевания: тез. докл. - Р-на-Д., 1993. - С. 61.
- 19 Радиационный канцерогенез у человека / НКДАР ООН. - Нью-Йорк, 1977. -95 с.
- 20 Чернобыльская катастрофа: причины и последствия (экспертное заключение): в 4 ч. / Объединенный экспертный комитет. -Минск: Тест, 1993. - Ч. 1. -214 с.
- 21 Медицинские аспекты аварии на Чернобыльской атомной электростанции: матер. науч. конф. 11-13 мая 1988 г., Киев / под ред. А.Е. Романенко и др. - Киев, 1988. -231 с.
- 22 Цыб А.Ф., Ильин Л.А., Иванов В.К. Радиоэкологические, медицинские и социально-экономические последствия аварии на Чернобыльской АЭС // Реабилитация территорий и населения: тез. докл. - М., 1995. - С. 37-52.
- 23 Foulds L. Neoplastic development. -London, 1969. - Vol. 1. -439 p.
- 24 Москалев Ю.И. Отдаленные последствия воздействия ионизирующих излучений. - М.: Медицина, 1991. -462 с.
- 25 Дрожко Е.Г., Хохряков В.В. Облучение жителей г. Челябинск-65, связанное с выбросами в атмосферу I // Радиация и риск. -1995. -№5. -С. 159-162.
- 26 Doll R., Peto R. The Causes of Cancer: Quantitative Estimates of Avoidable Risks of Cancer in the United States Today // Journal of the National Cancer Institute. -1981. -Vol. 66. -P. 1192-1308.
- 27 Абдрахимов Б.Е. Злокачественные новообразования и медико-социальные аспекты противораковой борьбы в Республике Казахстан. -Алматы, 1996. -225 с.
- 28 Райхман Я.Г., Нидюлнн В.А. Управление канцерогенной ситуацией и профилактика рака. -Элиста, 1999. -284 с.
- 29 Ревич Б.А. Загрязнение окружающей среды и здоровье населения // В кн.: Введение в экологическую эпидемиологию. -М., 2001. -С. 224-230.
- 30 Долл Р., Пито Р. Причины рака / пер. с англ. -Киев: Наукова Думка, 1984. -254 с.
- 31 Sancho-Garnier H. Part des comportement humains, et de Tenvironnement dans la prevention des cancers // C.r. Acad. Sci. (Ser.3). -2000. -Vol. 323, №7. - P. 597-601.
- 32 Избранные лекции по клинической онкологии / под ред. В.И. Чиссова, С.Л. Дарьяловой. -М.: Новости, 2000. -736 с.
- 33 Brugere J., Guenel P., Leclerc A. et al. Differential effects of tobacco and alcohol in cancer of the larynx, pharynx and mouth // Cancer. -1986. -Issue 2. - P. 391-395.
- 34 Борьба против рака шейки матки: Совещание ВОЗ / ВОЗ // Бюллетень ВОЗ. - 1986. - Т. 64, №4. - С. 91-104.
- 35 Alcohol drinking: monographs on the evaluation of the carcinogenic risk to humans. / IARC. -Lyon, 1988. -Vol. 44. -245 p.
- 36 Tobacco smoking: monographs on the evaluation of the carcinogenic risk of chemicals to humans / IARC. -Lyon, 1986. -Vol. 38. -421 p.
- 37 Lagergren J., BergstromR., Nyren O. Association between body mass and

Aden carcinoma of the esophagus and gastric cardio // *Ann. Intern. Med.* -1999. -Vol. 130, №11. -P. 883-890.

38 Azevedo L.F., Salgueiro L.F., Claro R. Diet and gastric cancer in Portugal a multivariate model // *Eur. J. Cancer.* -1999. -Vol. 8, №1. -P. 41-48.

39 Терехова С.А. Многофакторный анализ при формировании групп риска рака желудка: дис. ... канд. мед. наук: 14.00.27. -Барнаул, 2005. - 162 с.

40 Чаклин А.В. Профилактика злокачественных опухолей на основе эпидемиологических исследований // *Вопросы онкологии.* -1982. -Т. 28, №5. -С. 133-141.

41 Мухамедьярова А.К., Любимов Ю.В. Некоторые особенности распространения рака пищевода в Татарской АССР // В кн.: *Эпидемиология злокачественных опухолей.* -Алма-Ата, 1970. -С. 306-310.

42 Косенко М.М., Остроумова Е.В., Крестинина Л.Ю. и др. Анализ раковой заболеваемости у облучённого населения прибрежных сёл реки Теча // *Мед. радиология и радиац. безопасность.* -2001. -№6. -С. 22-29.

43 Андропова Т.В. Гигиеническая оценка канцерогенной ситуации некоторых районов Сибири: автореф. ... канд. биол. наук: 14.00.14. -Томск, 1994. -22 с.

44 Атлас онкологической заболеваемости населения Сибири и Дальнего Востока: в 3 т. / под ред. Л.Ф. Писаревой, Б.Н. Зырянова, Н.В. Васильева и др. -Томск, 1995. -Т. 1. -175 с.

45 Заридзе Д.Г., Мень Т.Х. Приоритетные направления противораковой борьбы в России // *Российский онкологический журнал.* -2001. -№5. -С. 5-14.

46 Коломиец Л.А., Уразова Л.Н. Генитальная папилломавирусная инфекция и рак шейки матки. -Томск: НТЛ, 2002. -98 с.

47 Чуруксаева О.Н., Севастьянова Н.В. Взаимосвязь папилломавирусной инфекции с патологическими процессами шейки матки // *Фундаментальные и прикладные проблемы медицины: матер. молодёж. науч. конф. СО РАМН.* -Новосибирск, 2000. -С. 49-50.

48 Solar and ultraviolet radiation: monographs on the evaluation of the carcinogenic risk to humans. / IARC. -Lyon, 1992. -Vol. 55. -351 p.

49 Нечунаев В.П. Факторы риска в заболеваемости злокачественными новообразованиями кожи населения Сибири, Дальнего Востока и Алтайского края: автореф. ... канд. мед. наук: 14.00.14. -Томск, 2002. -29 с.

50 English D.R., Krickler A., Heenan P.J. Incidence of non-melanocytic skin cancer in Gerald ton (Western Australia) // *Int. J. Cancer.* -1997. -Vol. 73, Issue 5. -P. 629-633.

51 Epstein J.H. Photocarcinogenesis: a review // *Nat. Cancer Inst. Monogr.* -1978. -Issue 50. -P. 13-25.

52 Ильин Л.А., Иванов А.А., Кочетков О.А. и др. Техногенное облучение и безопасность человека. -М., 2006. -304 с.

